гравитация потенциалы немесе потенциалдық энергия скаляр шама болмағандықтан, Лоренц түрлендірулері кезінде бір бейнелі қалпын сақтап қалады және ол 4–вектордың уақыттық құраушысы ретінде теріс мәнді болып табылады. Максвеллдің электромагниттік теориясындағы әр аттас зарядтардың өзара тартылу қағидасы гравитация жағдайына тура келмейді [1,2], сондықтан да арнайы салыстырмалылық теория (АСТ) Ньютонның гравитация теориясымен үйлеспейді деген қорытындыға келеміз. Эйнштейн табиғат заңдарының инварианттылық принципімен үйлесетін және барлық санақ жүйелерінде орындала беретін гравитация теориясын тапқысы келді. Осы бағыттағы атқарылған ауқымды зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1915 жылы дүниеге ЖСТ келді. Бұл теория гравитациялық және инерттілік массалар бір мағыналы немесе гравитациялық және инерциялық күштердің табиғаты бірдей деген постулаттарға негізделген және материя мен кеңістік–уақыт қисығы арасындағы байланыстарды іске асыратын Эйнштейн теңдеуін басшылыққа алады. Аталған постулаттардың мәнісі мынадай: кеңістік–уақыттағы гравитациялық құбылыстар денелер арасындағы әсерлесу күштері мен өрістерге негізделмейді, масса–бұл энергия және кеңістік–уақыттың деформациялану нәтижесі. Десек те, ЖСТ кванттық теорияның классикалық шегі деп қабылдауға болмайды. Шын мәнісінде, АСТ–ЖСТ–ның, ал Ньютон механикасы–АСТ–ның дербес жағдайы. Басқа сөзбен айтсақ, классикалық механиканы АСТ–ның жарық жылдамдығынан едәуір аз жылдамдықтар жағдайындағы бөлімі деп есептесек, АСТ–ны ЖСТ–ның жалпыламалы жорамалдарынан шығарып алуға болады, яғни ЖСТ–тартылыстың геометриялық теориясы кейпіндегі АСТ–ның жетілдірілген нұсқасы. Аталған физикалық теориялар жарық жылдамдығына жақын немесе одан әлде қайда аз жылдамдықтар жағдайындағы табиғат (механика, электродинамика, термодинамика және т.б.) заңдарының орындалу шарттарын сипаттап беруге қауқарлы дүниелер. Олардың басты ерекшеліктері: ЖСТ гравитацияны ескереді, ал АСТ оны қажет етпейді.

Альберт Эйнштейннің 1905 жылғы «Қозғалыстағы орталардың электродинамикасына» атты АСТ мақаласының бірінші бөлімі классикалық механиканы релятивистік жағдайларға бейімдеуге арналып, гравитацияның сыртқы әсер түсінігіндегі есептері қарастырылған. Қазіргі кезде ЖСТ–ның көптеген болжамдары бақылаулар мен тәжірибелер арқылы расталып отыр, солардың ішінде уақыттың гравитациялық баяулауы, сигналдардың гравитациялық өрісте кідіруі және гравитациялық сәуле шығаруды атап өтуге болады. Бүгінгі күнгі ақиқатқа айналып отырған қара құрдымдарды да ЖСТ болжамдарының бірі болатын. ЖСТ ғаламды төрт өлшемді сипатта қарастырады: кеңістіктік үш өлшем және уақыт. Сондықтан, бұл теорияда екі нысанның кеңістіктік ара–қашықтығы емес, керісінше екі оқиғаның кеңістікті–уақыттық аралығы маңызды. Бір сөзбен айтқанда, кеңістік пен уақыт төрт өлшемді кеңістік–уақыт континуум құрайды. Бұл континуумде өзара салыстырмалы қозғалыстағы екі бақылаушының екі оқиғаның болғаны жайындағы пікірлері сәйкес келмегенімен, олардың себеп–салдарлы байланыстары үзілмейді (ұқсас).

ЖСТ эквиваленттілік принципін келтірейік: дененің гравитациялық өрістегі еркін түсу үдеуі дененің массасы мен оның құрылымына (құрамына) тәуелсіз және бұл үдеу барлық денелер үшін бірдей. Бұл жағдай кеңістік–уақыт геометрисының қасиеттері арқылы ғана түсіндіріледі. Сонымен бірге, инертті масса мен ауырлық масса бір ұғым ретінде қарастырылады, яғни біртекті гравитациялық өрістегі қозғалыс пен тартылыс өрісі жоқ жүйедегі үдемелі қозғалыстың бір–бірінен айырмашылығы жоқ. Физик–ғалымдар ЖСТ–нан не күтеді? Олардың бір тобы ЖСТ кванттық теориямен сәйкестендіре отырып элементар бөлшектер теориясының негізін қалауға болады десе, басқалары оның геометриялық қыры мен тәсілдерін физиканың басқа да бөлімдеріне пайдалануды көздейді. Ал, кейбір теориялық физика өкілдері элементар бөлшектердің симметриясын гравитациялық өрістердің асимптотикалық симметриясымен байланыстырғылары келеді.

Ұсынылып отырған мақалада негізінен жалпы ковариаттылық постулатына, эквиваленттілік принципіне, координаталар жүйесіне және сақталу заңдарына ерекше көңіл

бөлініп, олардың табиғаты теориялық есептеулер арқылы жан–жақты ашылып, талқыланып көрсетілетінін айтып өткіміз келеді.

Зерттеудің өзектілігі

ЖСТ негізгі мәні–жаратылыстағы барлық оқиғалардың төрт өлшемді координаталар жүйесінде өтетіндігі: олардың үшеуі–кеңістіктік, ал төртіншісі–уақыт (кеңістік–уақыт конти́нуумы). Денелер өздерінің массасы арқылы осы төрт өлшемді эйнштейндік кеңістіктің өлшемін майыстыратын болғандықтан, кейде ЖСТ–ын гравитацияның метрлік теориясы деп те атайды. Ол кеңістік–уақыт геометриясы мен энергия, импульс, кернеу үлестірімдері арасындағы байланыстарды айқындап бере алатын қуатты математикалық аппаратпен қамтамасыз етілген. Дененің үдеуі мен траекториясы осы дененің массасы мен оның құрылымына байланысты емес. Кеңістіктің бір нүктесінде бірнеше дене бірдей үдеумен қозғалған болса, онда бұл жағдайды дененің осы нүктедегі қасиеттерімен емес, керісінші кеңістіктің аталған нүктедегі қасиеттерімен байланыстыру қажет. ЖСТ арқылы ғалымдар көптеген тұрақтыларды енгізіп, шешілмеген құбылыстарға бақылаулар жасады, нәтижеде олар қара құрдым, қараңғы материя, қараңғы энергия, ғаламның ұлғаюы және үлкен жарылыс секілді дүниелерді ойлап тапты. Келтірілген бұл мәліметтердің барлығы да адамзаттың жаратылыс құпияларын зерттеп білуде ЖСТ–ның өзектілігін растаса керек. Қазіргі заманғы зерттеушілер Максвелл теңдеулері арқылы гравитациялық толқындар мен қара құрдымдардың әсерлесулерін модельдейтін тәсілдер ұсынуды, яғни зерттеушілер гравитацияға электромагниттік өріс ретінде қарай бастады, бұл ретте электрлік және магниттік сызықтардың рөлін гравитэлектрлік, гравитмагниттік өрістер атқарады деген тұжырымдар жасалған.

Материалдар мен әдістер. ЖСТ маңызды әдістеріне эквиваленттілік принципінің қолданылуын, кеңістік–уақыттың қисайған (майысқан) төрт өлшемді бейнесін (кейпін), дененің майысқан кеңістік–уақыт геодезиялық сызықтары бойымен қозғалысын және дифференциалды геометрияның гравитациялық құбылыстарды талдауға қолданылуын жатқызуға болады. Теорияның негізгі «материалдары»: кеңістік–уақыт қисықтығын масса мен энергияның үлестірімімен байланыстыратын Эйнштейн теңдеулері, тензорлық теңдеулер және күштік әсермен емес, масса–энергия арқылы деформацияланатын кеңістік–уақыт [3]. ЖСТ–дағы кеңістік–уақыттың АСТ–дағы кеңістік–уақыттан айырмашылығы тензор арқылы өрнектелетін қисықтықта болып отыр. Екінші көрсетілген теориядағы кеңістік–уақыт үшін бұл тензор нөлге тең, сондықтан да бұл кеңістік–уақыт жазық пішінді болып келеді.

Негізгі ойлар. ЖСТ–ның негізгі постулаты бойынша тартылыс өрісін үдетуші инерциялдық емес санақ жүйесі деп санауға болады, сонымен бірге дененің гравитациялық және инертті массаларына, кеңістік пен уақытқа бірдей (эквивалент) физикалық ұғымдар ретінде қарау керек. Бұл жағдай физикалық процестерді математикалық тұрғыдан сипаттауға қолайлы. Олай болса, кеңістік–уақыт пен гравитациялық өріс те бір ұғым (гравитация–күш (әсер) емес, ол–нысандардың кеңістік–уақыттағы қозғалысын растаушы). Космологияда «қараңғы энергия»” мәселесі жоқ, өйткені бұл мәселе Әлемнің ұлғаю жылдамдығымен анықталатын Хаббл тұрақтысының материя тығыздығымен байланыста болуынан басталған еді. ЖСТ–да белгілі бір санақ жүйесінсіз жылдамдықтар мен үдеудің физикалық мағыналарын ашу мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда, ЖСТ басты қағидасы: кеңістік–уақыттың қисаюы материяны қозғалысқа келтірсе, өз кезегінде материя кеңістік–уақыттың қисаюына себепші болады.

Зерттеудің әдіснамасы

Кеңістік (Евклид, Лобачевский және Риман) геометриялары, метрлік өлшем мен метрлік тензор ЖСТ–ның негізгі математикалық зерттеу әдістерінің жүйесін құрайды. Осылар арқылы теорияның негізгі деген принциптері мен постулаттарының мән–мағынасы кеңінен ашылып, төрт өлшемдік кеңістік–уақыт ұғымындағы есептер қарапайым сипатта шешілетін болады. Әрине, бұл шешімдер теориядағы барлық тұжырымдамаларды жан–жақты әрі дәл бағалауға және олардың теориядағы алатын ауқымын анықтауға мүмкіндік береді. Осылармен бірге,

аффиндік симметрияларды Ли топтары мен алгебралары бойынша сипаттау әдісі де сақталу заңдарының түрлену тетіктеріне тереңінен үңілуге жағдай жасайды.

Зерттеу нәтижелері

Мақалада қол жеткізілген теориялық нәтижелер тізбегі төмендегідей:

– бөлшектің еркін қозғалысы кеңістік–уақыт геометриясы мен аффиндік симметрия тұтастығы тұрғысында сипатталды;

– евклидтік кеңістіктің метрлік тензоры, гипербеттер және аффиндік тұтастықтар арасындағы байланыстарды реттейтін дифференциялдық теңдеулердің көмегімен бөлшектің еркін қозғалыс заңдылықтары талданды;

– жазық аффиндік тұтастық теңдеуінің гравитациялық өрістегі ньютондық қозғалыс заңдылық кейпіне ауысу тетіктері көрсетілді;

– қозғалыс теңдеуінің Галилей топтары бойынша түрлену жағдайлары келтірілді;

– Нётер теоремасы бойынша физикалық жүйенің симметриялары, теңдеулері мен сақталу заңдары арасындағы байланыстар жүйеленді;

– симметриялар Ли топтары мен алгебралары арқылы сипатталды және әлсіз сақталу заңдарының күшті сақталу заңдарына түрлену ерекшеліктері зерделенді;

– гравитациялық теориядағы сақталу заңдары гравитациялық әсер арқылы өрнектеліп, өрістің теңдеуі энергия–импульс тығыздығының симметриялық тензоры арқылы жазылды;

– гравитацияны ескеретін және ескермейтін жалпыламалы және арнайы салыстырмалылық теориялардың принциптік байланыстары кеңістік метрикасы мен сақталу заңдары тұрғысында қарастырылды.

Негізгі бөлім

Физиктерді қазіргі таңда толғандырып отырған ЖСТ қатысты мәселелердің ішінде маңыздыларына тоқталар болсақ, олар: гравитацияның энергиясын анықтау, алдыңғы қатарлы санақ жүйесін белгілеу, жалпы ковариантты принципінің мәнісін айқындау. Эйнштейн эквиваленттілік принципін гравитациялық теорияның тірегі деп санады [4,5]. Осы принциптің мағынасын білу үшін Ньютон физикасына үңілу жеткілікті. Шындығында, Ньютондық теория жеткілікті дәрежеде айқындалмаған мынадай болжамдардан тұратыны жасырын емес: кеңістік–уақыт төрт өлшемді санқырлылық сипатта; абсолют уақыт деген скаляр шама бар және $t = const$ түрдегі гипербеттер үш өлшемді эвклидтік кеңістіктің рөлін атқарады. Гравитация жоқ кездегі қозғалыс еркін қозғалыс деп аталады және ол 1–ші заңға бойынша барлық әсерлесулер жоқ идеал жағдайда ғана орындалады. Кеңістік–уақыттағы x, y, z координаталарындағы еркін қозғалыстың шарты төмендегідей:

$$\frac{d^2x}{dt^2} = \frac{d^2y}{dt^2} = \frac{d^2z}{dt^2} = 0$$

Әрбір $t = const$ гипербеттерді бір рет қиып өтетін қисық сызықты қозғалысқа (дененің еркін түсуі) еркін қозғалыстың геометриялық астары ретінде қарауға болады. Сонымен бірге, еркін түсіп келе жатқан бөлшектер кеңістік–уақыттағы аффиндік симметриялы Γ тұтастықты анықтап бере алады. Төменде тұтастық коэффициенттері көрсетілген:

$$\Phi^i_{ki} = \tilde{\Phi}^i_{kl} - \lambda^{ij}\frac{\partial\varphi}{\partial x^j}t_k t_i \quad (i,...,l = 0,1,2,3) \tag{1}$$

мұндағы $\tilde{\Phi}$ –аффиндік жазық тұтастылық, $t_k = \frac{\partial i}{\partial x^k}$, ал t –абсолют уақыт, λ^{ij} – евклидтік $t = const$ кеңістіктің метрлік тензоры, φ –ньютондық потенциал. Егер, x, y, z –гипербеттегі декарттық координаталар болса, онда

$$\lambda^{ij} = \left(gradx^i\right)\left(gradx^j\right)$$

$$grad = \left(\frac{\partial}{\partial x}, \frac{\partial}{\partial y}, \frac{\partial}{\partial z}\right)$$

Айталық, $t_i f_{ki} - t_k f_{ii} = 0$ теңдеуінің шешімі f болса, онда $\tilde{\Phi}^i_{ki} - \lambda^{ij} \frac{\partial f}{\partial x^j} t_k t_i$ өрнегі де жазық аффиндік тұтастылық болып табылады да [6], (1)–теңдеу гравитациялық өрістегі ньютондық қозғалыс заңдылығы кейпіне ауысады:

$$\frac{d^2 x^i}{dt^2} + \tilde{\Phi}^i_{ki} \frac{dx^i}{dt} = -\lambda^{ij} \frac{\partial \varphi}{\partial x^j}$$

Бұл өрнекте $\tilde{\Phi}$–ге қатысты мүшелер инерциялдық координаттар жүйелерін қолданған кезде пайда болатын кориолистік, центрден тепкіш және басқа да осы тектес күштерге сәйкес келеді. Сонымен бірге, кеңістік–уақыттағы санақ жүйесі $x^0 = t$, $x^1 = x$, $x^2 = y$, $x^3 = z$ және $\tilde{\Phi}^i_{ki} = 0$ болатындай етіп таңдап алынады. Олай болса, қозғалыс теңдеуі де төмендегідей түрде жазылатын болады:

$$\frac{d^2 \vec{r}}{dt^2} = -grad\varphi \tag{2}$$

(2)-ні өзгертпейтін түрлендірулер саны Галилей топтарына қарағанда ауқымдырақ. Егер, $\vec{a}(t)$ векторы тек уақытқа ғана тәуелді болса, онда $\vec{r} \to \left(\vec{r} + \vec{a}\right)$ және $\varphi \to \left(\varphi - \vec{a}\vec{r}\right)$ түрлендірулері да (2)-ні өзгерте алмайды. Осы келтірілген Ньютондық теорияға жасалған осы талдаулар бойынша мынадай тұжырым жасауға болады: кеңістікте еркін түсіп келе жатқан бөлшектің қозғалысы арқылы төрт өлшемді кеңістік–уақыттағы симметриялы аффиндік $\tilde{\Phi}$ тұтастылықтың өрісін анықтайды. Бұл жағдай тек қана классикалық механика шеңберінде ғана орындалып, графитациялық және инертті массаның эквиваленттілігіне негізделеді. Симметрия – жүйедегі қозғалыстың мүмкін болатын күйіне дәл сондай басқа бір күйді сәйкес қою. Кез–келген физикалық теорияда барлық күйлердің E жүйесі мен физикалық күйлердің $F \subset E$ ішкі жүйесін қарастырған кезде F элементтері E элементтерінен іріктелініп алынып, қозғалыс заңдылықтары немесе теңдеулері деп аталатын болады. Олай болса, симметрия деп қозғалыс заңдылықтарына өзгеріс әкелмейтін жүйедегі барлық түрлендірулерді айтуға болады. Нётер теоремасы физикалық жүйенің симметриялары мен сақталу заңдарының арасындағы байланыстарды белгілеп берді. Айталық, Ω–кеңістік–уақыттағы кез–келген бір векторлық өріс, ал $\Omega(J) - j$ өрістің Ли туындысы болсын. Бұл жағдайдағы скаляр тығыздықтың өрнегі [7,8]

$$\Omega L - \frac{\partial}{\partial x^i}\left(L\Omega^i\right) = 0 \tag{3}$$

Қайталанатын индекстер бойынша қосындылап, төмендегі

$$\Omega\left(\frac{\partial j}{\partial x^i}\right) = \frac{\partial}{\partial x^i}\left(\Omega j\right)$$

теңдігін қолданып, (3)-өрнекті мына түрге келтіруге болады:

$$\frac{\delta W}{\delta \psi}\Omega\psi + \frac{\delta W}{\delta f}\Omega f + \frac{\partial t^i}{\partial x^i} = 0 \tag{4}$$

мұндағы

$$t^i = \frac{\delta L}{\delta f_i}\Omega f + \frac{\delta L}{\delta \psi_i}\Omega\psi - L\Omega^i$$

Кез-келген көп бейнелі (үлгілі) векторлық өріс бір параметрлік топты жасай алады. Ω өріске сәйкес келетін топ f–ті инвариантылықта қалдыратын симметриялық топ [9]. болып табылады. Бұл жағдайдың орындалуына қажетті және жеткілікті шарт мынадай:

$$\Omega f = 0 \tag{5}$$

Сонымен, симметрия, өріс теңдеулері және сақталу заңдарының арасындағы байланыстарды төмендегіше жазып көрсетсек болады:

$$\Omega f = 0\,,\ \frac{\delta W}{\delta \psi} = 0\,,\ \frac{\partial t^i}{\partial x^i} = 0 \tag{6}$$

(5)-теңдеуді қанағаттандыратын өзара сызықты тәуелсіз векторлық өрістердің саны шектеулі болғандықтан, симметрияны Ли топтарымен сипатталады және (5)–теңдеудің шешімдері Ли алгебралары арқылы табылатын болады. Лидің ψ туындысы

$$\Omega\psi = \Omega^i\psi_i + F_i^j\psi\frac{\partial\Omega^i}{\partial x^j}$$

мұндағы F_i^j–тұрақты матрица. ЖСТ абсолюттік элементтер мүлдем жоқтың қасы. Соған байланысты, (4)–теңдеу Ω–ға қатысты тепе–теңділік болып табылады, яғни сақталу заңдарының саны–шексіз. Бұл теңдеуді жоғарыда келтірілген тұрақты матрица арқылы жазайық:

$$\frac{\delta W}{\delta \psi}\psi_i + \frac{\partial}{\partial x^j}\left(\frac{\delta W}{\delta \psi}F_i^j\psi\right) = 0 \tag{7}$$

Ал, (6)–теңдеулер болса кез–келген Ω өріс үшін әлсіз сақталу заңдарын береді. Алайда, осы сақталу заңдарын (7) арқылы күшті сақталу заңдарына түрлендіруге болады. Сақталу заңының дифференциялдық түрі болып табылатын (6)–қатынастар төмендегі

$$U^{ij} \to U^{ij} + \Gamma^{ij} \tag{8}$$

түрлендіруі кезінде өзгеріссіз қалатын болғандықтан, толық сақаталатын шама

$$\int t^i dS_i = \frac{1}{2}\int U^{ij} dJ^*_{ij}$$

(8) өрнектегі Γ^{ij}–антисимметриялық тензор, U^{ij}–тығыздықтың (суперпотенциалдың) антисимметриялық тензоры. Айта кету керек, үлкен қашықтықтарда Γ^{ij} нөлге өте тез ұмтылып кетеді.

Гравитация теориясындағы сақталу заңдарын көрсету үшін алдымен гравитациялық әсердің (W) өрнегін жазып алуымыз қажет [10–13]:

$$W = -\frac{1}{16\pi}\int \sqrt{-g}RdY$$

Бұл өрнекте

$$Y^{ik} = -16\pi \frac{\delta W}{\delta g_{ik}}$$

деп алып, төмендегі гравитациялық өрістің теңдеуіне қол жеткіземіз:

$$Y^{ik} = -8\pi T^{ik}$$

мұндағы T^{ik} –энергия–импульс тығыздығының симметриялық тензоры:

$$T^{ik} = -2\frac{\delta W}{\delta g_{ik}} = -2\frac{\partial L}{\partial g_{ik}}$$

(4)–түрдегі негізгі тепе–теңділік мына түрді қабылдайтын болады:

$$-\frac{1}{16\pi}Y^{ik}\Omega g_{ik} + \frac{\partial \tau^i}{\partial x^i} = 0$$

Көп жағдайда гравитациялық өріс оқшауланған, шектеулі материалдық жүйелерден пайда болады. Жүйеден алыс жатқан жерлерде өрістің шамасы–әлсіздеу, ал метрикасы–жазық пішіндес. Толық сақталатын шамалар беттік интегралдар арқылы өрнектелетін болғандықтан, бұл шамалардың мәндері асимптоттық симметрия арқылы анықталады және де U^{ij} және τ^i шамалары тензорлық қасиеттер көрсете алады

Дискуссия

ЖСТ-дағы координаталар жүйесіне, сақталу заңдарына, ковариаттылық постулатына, эквиваленттілік принципіне қатысты теориялық талдаулар жасалып, осылардың көрнекілігі ретінде бірқатар талдамалы есептеулер жүргізілді. Бөлшектің еркін қозғалысы кеңістік–уақыт геометриясы сипатында анықталып, аффиндік симметрияны тұтастық қағидасында беру үлгісі ұсынылды. Метрлік тензордың, гипербеттер және аффиндік тұтастықтардың евклидтік кеңістікпен байланысын анықтап беретін дифференциялдық теңдеулер арқылы еркін қозғалыстарды зерттеу іске асырылды. Метрикалық тензор кеңістіктегі қисықтардың үзындығын, қисықтар арасындағы бұрыштарды және евклид кеңістігіндегі көлемдерді анықтауға мүмкіндік береді. Гравитациялық өрістің қасиеттері гравитациялық әсердің таралу жылдамдығымен анықталады, әрине бұл жылдамдық жарық жылдамдығына тең және координаталар мен уақытқа байланысты екендігі даусыз. Мақалада қол жеткізілген нәтижелердің қатарына жазық аффиндік тұтастық теңдеуінің гравитациялық өрістегі ньютондық қозғалыс заңдылық кейпіне ауысуы мен қозғалыс теңдеуінің Галилей топтары бойынша түрлену жағдайларын қосуға болады. Классикалық механикалық қозғалыс теңдеулерін ЖСТ–ға түрлендіру классикалық теңдеулерді майысқан кеңістіктегі геодезиялық теңдеулерге ауыстыру арқылы іске асады. ЖСТ–да инерциялдық санақ жүйесі инерциалды емес санақ жүйесімен ауыстырылады да, қозғалыс теңдеулері Ньютон заңдарынан емес ең аз әсер принципінен шығарылып алынады, себебі аталған принцип гравитацияны кеңістік–уақыттың майысуы деп қабылдайды. Нётер теоремасы бойынша физикалық жүйенің

симметриялары, теңдеулері мен сақталу заңдары арасындағы байланыстар орнатылып, симметрия Ли топтары мен алгебралары арқылы сипатталды. Әлсіз сақталу заңдары күшті сақталу заңдарына түрлендірілді. Гравитациялық теориядағы сақталу заңдары гравитациялық әсер арқылы берілді, өрістің теңдеуі энергия–импульс тығыздығының симметриялық тензоры арқылы жазылды.

Қорытынды

Мақалада жүргізілген математикалық есептеулерден байқағанымыздай, ЖСТ гравитациялық өрістің кеңістік–уақыт геометриясын анықтайтын метрикалық тензордың маңызы зор екен. Гравитация–күш емес, тек аталған геометрияның қолданысы (қашықтық пен уақыт аралықтарын өлшеу әдістері), сондықтан да метрикалық тензор материя мен энергияның үлестірімімен тығыз байланыста болуы тиіс. Бұл шаманың симметрия қасиетін сипаттау барысындағы ерекшелігі–физикалық жүйенің симметриялары мен сақталу заңдарының арасындағы байланыстарды белгілеп беруінде. Бұл жағдай (1)–(5) өрнектері арқылы айқындалды. Әрине, әлсіз және күшті реттегі сақталу заңдарының өзара түрлену заңдылықтары да ЖСТ дифференциялдық түрде берілетіндігі дәлелденді. Гравитациялық және инерциалдық күштердің өзара эквиваленттігі гравитациялық және инерттік массалардың да бірдей ұғымда екендігін айғақтайды. Еркін түсетін бөлшектер жағдайындағы кеңістік–уақытты аффиндік симметрия арқылы тұтастылық коэффициенттерін инерциялық координаталар жүйесінде жан–жақты сипаттап көрсетуге болатындығы да дәлелденді. Сақталу заңдарын эквиваленттілік принцип негізінде талқылауға арналған бұл мақала өз мақсатына жетті деп санауға болады және оған тензорлық есептеулер мен Ли алгебрасын қолдану арқылы қол жеткізілгенін айтып өтуіміз қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

[1] Бурланков Д. Е. Анализ общей теории относительности. – Нижний Новгород: Издательство Нижегородского госуниверситета, 2011. – 239 с.

[2] Цой В. И. Необратимость времени в общей теории относительности. // Известия Саратовского университета. Серия: Физика. 2022. Т. 22, № 4. С. 374–379. https://doi.org/0.18500/1817-3020-2022-22-4-374-379

[3] Тельнов В. И. Механика и теория относительности. – Новосибирск: РИЦ НГУ, 2015. –283 с.

[4] Уолд Р. М. Общая теория относительности. – Москва: РУДН, 2008. – 694 с.

[5] Вергелес, С. Н. Теоретическая физика. Общая теория относительности. – Москва: Издательство Юрайт, 2025. – 190 с.

[6] Новиков И. Д. Новый этап развития общей теории относительности. // Астрокосмический центр Физического института им. П.Н. Лебедева РАН. 2020. № 4. С. 22–26. https://doi.org/10.7868/S0044394820040027

[7] Abdel Nasser Tawfik, Fady T. Farouk, F. Salah Tarabia, and Muhammad Maher. 2024. "Quantum-Induced Revisiting Space-Time Curvature in Relativistic Regime." International Journal of Modern Physics A 39 (35): 223–242. https://doi.org/10.1142/S0217751X24430164

[8] Dadhich, Naresh. 2022. "On Space-Time Structure and the Universe: Some Issues of Concept and Principle." Philosophical Transactions of the Royal Society A: Mathematical, Physical and Engineering Sciences 380 (20210405). https://doi.org/10.1098/rsta.2021.0405

[9] Mancini, Christian, Guglielmo Maria Tino, and Salvatore Capozziello. 2025. "Equivalent Gravities and Equivalence Principle: Foundations and Experimental Implications." Foundations of Physics 55 (69): 191–220. https://doi.org/10.1007/s10701-025-00882-x

[10] Galvagni, Lisa, Guido Magnano, and Matteo Luca Ruggiero. 2025. "Einstein's Elevator and the Principle of Equivalence." Physics Education 60 (5): 177–190. https://doi.org/10.1088/1361-6552/aded61

[11] Jyoti, Divya, and Sachin Kumar. 2023. "General Form of Axially Symmetric Stationary Metric: Exact Solutions and Conservation Laws in Vacuum Fields." Classical and Quantum Gravity 40 (14): 252–265. https://doi.org/10.1088/1361-6382/acdb3e

[12] Penrose, Roger. 2024. "From Conformal Infinity to Equations of Motion: Conserved Quantities in General Relativity." Philosophical Transactions of the Royal Society A: Mathematical, Physical and Engineering Sciences 382: 111–128. https://doi.org/10.1098/rsta.2023.0041

[13] Cotsakis, Spiros. 2025. "Structural Stability and General Relativity." Universe 11 (7): 209, 222–265. https://doi.org/10.3390/universe11070209

References

[1] Burlankov D. E. (2011) Analiz obshhej teorii otnositel'nosti [Analysis of the general theory of relativity], Nizhnij Novgorod: Izdatel'stvo Nizhegorodskogo gosuniversiteta, 239 p. (In Russian)

[2] Coj V. I. (2022) Neobratimost' vremeni v obshhej teorii otnositel'nosti [The irreversibility of time in general relativity]. Izvestija Saratovskogo universiteta. Serija: Fizika. V. 22, № 4, 374–379. (In Russian) https://doi.org/0.18500/1817-3020-2022-22-4-374-379

[3] Tel'nov V. I. (2015) Mehanika i teorija otnositel'nosti [Mechanics and theory of relativity], Novosibirsk: RIC NGU, 283 p. (In Russian)

[4] Uold R. M. (2008) Obshhaja teorija otnositel'nosti [General theory of relativity], Moskva: RUDN, 694 p. (In Russian)

[5] Vergeles, S. N. (2025) Teoreticheskaja fizika. Obshhaja teorija otnositel'nosti [Theoretical physics. General theory of relativity], Moskva: Izdatel'stvo Jurajt, 190 p. (In Russian)

[6] Novikov I. D. (2020) Novyj jetap razvitija obshhej teorii otnositel'nosti [A new stage in the development of the general theory of relativity]. Astrokosmicheskij centr Fizicheskogo instituta im. P.N. Lebedeva RAN, № 4. 22–26. (In Russian) https://doi.org/10.7868/S0044394820040027

[7] Abdel Nasser Tawfik, Fady T. Farouk, F. Salah Tarabia, and Muhammad Maher. 2024. "Quantum-Induced Revisiting Space-Time Curvature in Relativistic Regime." International Journal of Modern Physics A 39 (35): 223–242. https://doi.org/10.1142/S0217751X24430164

[8] Dadhich, Naresh. 2022. "On Space-Time Structure and the Universe: Some Issues of Concept and Principle." Philosophical Transactions of the Royal Society A: Mathematical, Physical and Engineering Sciences 380 (20210405). https://doi.org/10.1098/rsta.2021.0405

[9] Mancini, Christian, Guglielmo Maria Tino, and Salvatore Capozziello. 2025. "Equivalent Gravities and Equivalence Principle: Foundations and Experimental Implications." Foundations of Physics 55 (69): 191–220. https://doi.org/10.1007/s10701-025-00882-x

[10] Galvagni, Lisa, Guido Magnano, and Matteo Luca Ruggiero. 2025. "Einstein's Elevator and the Principle of Equivalence." Physics Education 60 (5): 177–190. https://doi.org/10.1088/1361-6552/aded61

[11] Jyoti, Divya, and Sachin Kumar. 2023. "General Form of Axially Symmetric Stationary Metric: Exact Solutions and Conservation Laws in Vacuum Fields." Classical and Quantum Gravity 40 (14): 252–265. https://doi.org/10.1088/1361-6382/acdb3e

[12] Penrose, Roger. 2024. "From Conformal Infinity to Equations of Motion: Conserved Quantities in General Relativity." Philosophical Transactions of the Royal Society A: Mathematical, Physical and Engineering Sciences 382: 111–128. https://doi.org/10.1098/rsta.2023.0041

[13] Cotsakis, Spiros. 2025. "Structural Stability and General Relativity." Universe 11 (7): 209, 222–265. https://doi.org/10.3390/universe11070209

ҒТАХР 27.23.21

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.003

Б.Ж. Сағындықов[1], Ж. Бимұрат[2*]

[1]Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан
[2] Д.А. Қонаев атындағы Тау-кен ісі институты, Алматы қ., Қазақстан
[*]*e-mail: bimuratzhanar@gmail.com*

ЭЛЬЗАКИ ТҮРЛЕНДІРУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа

Мақалада Лаплас түрлендіруіне ұқсас интегралдық түрлендірулердің бірі болып табылатын Эльзаки түрлендіруінің теориялық негіздері және оны дифференциалдық теңдеулерді шешуде қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу тақырыбы қазіргі қолданбалы математикадағы интегралдық түрлендірулер әдісінің маңыздылығымен байланысты, себебі мұндай түрлендірулер инженерлік және физикалық есептерді тиімді талдауға мүмкіндік береді. Жұмыстың негізгі мақсаты Эльзаки түрлендіруінің негізгі қасиеттері мен теоремаларын жүйелеп, олардың көмегімен тұрақты және айнымалы коэффициентті сызықтық дифференциалдық теңдеулерді шешу жолдарын көрсету болып табылады. Сонымен қатар зерттеуде түпнұсқалар мен кескіндер арасындағы сәйкестіктерді анықтау, жалпылама ығысу теоремаларын тұжырымдау және Эльзаки, Лаплас, Сумуду түрлендірулерінің өзара байланысын салыстырмалы тұрғыда талдау міндеттері қойылған. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы Эльзаки түрлендіруінің қазақ тіліндегі ғылыми айналымда әлі де жеткілікті деңгейде таныстырылмағанына қарамастан, оның математикалық аппарат ретінде кең мүмкіндіктерге ие екендігін ашып көрсетуінде жатыр. Жұмыста теориялық талдау, салыстыру, жалпылау және математикалық түрлендіру әдістері қолданылды. Зерттеу барысында Эльзаки түрлендіруінің негізгі қасиеттері жүйеленіп, функциялар мен олардың кескіндерінің сәйкестік кестесі жасалды, сондай-ақ бұл түрлендіруді дифференциалдық теңдеулерді шешуге қолданудың тиімділігі көрсетілді. Нәтижелер Эльзаки түрлендіруінің жаңа жиілік аймағына көшпей-ақ есептерді шешуге мүмкіндік беретінін көрсетті. Зерттеудің құндылығы оның интегралдық түрлендірулер теориясын толықтыра отырып, осы бағыттағы білім қорын кеңейтуінде және Эльзаки түрлендіруінің қолданылу аясын нақтылауында көрінеді. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында қолданбалы математика, математикалық физика және дифференциалдық теңдеулер курстарында, сондай-ақ инженерлік және физикалық есептерді шешуде практикалық құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: Лаплас түрлендіруі, Сумуду түрлендіруі, Эльзаки түрлендіруі, дифференциалдық теңдеу, дуалдық қатынастар, түпнұсқа функция, кескін.

Б.Ж. Сагиндыков[1], Ж. Бимурат[2*]
[1]Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева,
г. Алматы, Казахстан
[2]Институт горного дела имени Д.А. Кунаева, г. Алматы, Казахстан

ПРЕОБРАЗОВАНИЕ ЭЛЬЗАКИ И ЕГО ПРИМЕНЕНИЕ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические основы преобразования Эльзаки, являющегося одним из интегральных преобразований, сходных с преобразованием Лапласа, а также возможности его применения при решении дифференциальных уравнений. Актуальность темы исследования связана с важной ролью методов интегральных преобразований в современной прикладной математике, поскольку такие преобразования позволяют эффективно анализировать инженерные и физические задачи. Основной целью работы является изложение основных свойств и теорем преобразования Эльзаки, а также демонстрация способов его применения для решения линейных дифференциальных уравнений с постоянными и переменными коэффициентами. Наряду с этим в исследовании ставятся задачи установления соответствий между оригиналами и их изображениями, формулирования обобщенных теорем сдвига и сравнительного анализа взаимосвязей преобразований Эльзаки, Лапласа

и Сумуду. Научная и практическая значимость исследования заключается в раскрытии широких возможностей преобразования Эльзаки как математического аппарата, несмотря на то, что в казахскоязычном научном пространстве оно пока недостаточно широко представлено. В работе использованы методы теоретического анализа, сравнения, обобщения и математического преобразования. В ходе исследования систематизированы основные свойства преобразования Эльзаки, составлена таблица соответствий между функциями и их изображениями, а также показана эффективность применения данного преобразования при решении дифференциальных уравнений. Полученные результаты показали, что преобразование Эльзаки позволяет решать задачи без перехода к новой частотной области. Ценность исследования состоит в дополнении теории интегральных преобразований, расширении базы знаний в данном направлении и уточнении области применения преобразования Эльзаки. Полученные результаты могут быть использованы в курсах прикладной математики, математической физики и дифференциальных уравнений в высших учебных заведениях, а также в качестве практического инструмента при решении инженерных и физических задач.

Ключевые слова: преобразование Лапласа, преобразование Сумуду, преобразование Эльзаки, дифференциальное уравнение, соотношения дуальности, оригинал-функция, изображение.

*B. Sagindykov[1], Zh. Bimurat[2]**
[1]Kazakh National Research Technical University named after K.I. Satpayev (Satbayev University), Almaty, Kazakhstan,
[2]Institute of Mining named after D.A. Kunaev, Almaty, Kazakhstan

ELZAKI TRANSFORM AND ITS APPLICATIONS

Abstract

This article examines the theoretical foundations of the Elzaki transform, which is one of the integral transforms similar to the Laplace transform, as well as its applications to solving differential equations. The relevance of the research topic is associated with the important role of integral transform methods in modern applied mathematics, since such transforms make it possible to analyze engineering and physical problems effectively. The main purpose of the study is to present the principal properties and theorems of the Elzaki transform and to demonstrate its use in solving linear differential equations with constant and variable coefficients. In addition, the study aims to establish correspondences between original functions and their images, formulate generalized shifting theorems, and carry out a comparative analysis of the relationships among the Elzaki, Laplace, and Sumudu transforms. The scientific and practical significance of the study lies in revealing the broad capabilities of the Elzaki transform as a mathematical tool, although it has not yet been widely introduced in the Kazakh-language scientific community. The work employs methods of theoretical analysis, comparison, generalization, and mathematical transformation. During the study, the main properties of the Elzaki transform were systematized, a correspondence table between functions and their images was compiled, and the effectiveness of applying this transform to the solution of differential equations was demonstrated. The obtained results showed that the Elzaki transform makes it possible to solve problems without introducing a new frequency domain. The value of the research lies in supplementing the theory of integral transforms, expanding the knowledge base in this field, and clarifying the scope of application of the Elzaki transform. The results obtained can be used in university courses on applied mathematics, mathematical physics, and differential equations, as well as a practical tool for solving engineering and physical problems.

Keywords: Laplace transform, Sumudu transform, Elzaki transform, differential equation, duality relations, original function, image.

Кіріспе

Эльзаки түрлендіруі Лаплас және Сумуду түрлендірулерімен тығыз байланысты интегралдық түрлендірулердің бірі болып табылады. Оны алғаш рет 2011 жылы Tarig M. Elzaki енгізіп, сызықтық дифференциалдық теңдеулерді шешуде тиімді құрал ретінде ұсынды [1, 57-64 бб.].

Эльзаки түрлендіруінің негізгі қасиеттері мен теоремалары кейінгі еңбектерде кеңінен қарастырылды. Tarig M. Elzaki және Salih M. Elzaki [2, 65-70 бб.] бұл түрлендіруді кейбір қарапайым және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешуге қолданды. Ал [3, 1-11 бб.] жұмысында Лаплас және Эльзаки түрлендірулерінің байланыстары зерттеліп,

олардың арасындағы дуалдық қатынастар көрсетілді. Сонымен қатар [4, 13-18 бб.] еңбегінде айнымалы коэффициентті сызықтық дифференциалдық теңдеулерді шешу мәселелері қарастырылды, ал [5, 113-119 бб.] жұмысында Эльзаки түрлендіруі қарапайым дифференциалық теңдеулер жүйелерін шешуге қолданылды.

Қазіргі таңда Эльзаки түрлендіруі қолданбалы математиканың әртүрлі салаларында зерттеліп келеді. Әсіресе айнымалы коэффициентті және кейбір сызықтық емес теңдеулерді талдауда оның тиімділігі артып отыр. Осыған байланысты мақалада Эльзаки түрлендіруінің теориялық аппараты жүйеленіп, оның Лаплас және Сумуду түрлендірулерімен салыстырғанда ерекшеліктері қарастырылады.

Лаплас түрлендіруі дифференциалдық теңдеулерді алгебралық теңдеулерге келтіру арқылы олардың шешімін табуды жеңілдетеді [6, 182441-182450 бб.; 7, 5-72 бб.]. сонымен бірге ол динамикалық жүйелерді талдауда кеңінен қолданылады [8, 2083-2095 бб.]. Сумуду түрлендіруін алғаш рет G.K. Watugala ұсынған [9, 319-329 бб.]. Кейбір айнымалы коэффициентті дифференциалдық теңдеулер үшін Эльзаки түрлендіруінің артықшылықтары Bulut пен Evans, сондай-ақ Mohamed пен Elzaki еңбектерінде қарастырылған [10, 103-109 бб.; 11, 27-33 бб.]. Осыған байланысты мақалада Эльзаки түрлендіруінің анықтамасы, негізгі қасиеттері, бірнеше маңызды теоремалары және оларды дифференциалдық теңдеулерді шешуге қолдану жолдары қарастырылды.

Зерттеу әдіснамасы

Дифференциалдық теңдеулер қолданбалы математиканың барлық салаларында маңызды рөл атқарады. Компьютерлік технологиялардың дамуы бұл теңдеулерді зерттеудің маңызын одан әрі арттырды. Дәстүрлі әдістер кейбір сызықтық емес және айнымалы коэффициентті дифференциалдық теңдеулерді шешуде күрделі есептеулерді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Эльзаки түрлендіруі зерттеушілер назарын аударған тиімді аналитикалық әдістердің бірі болып табылады. Бұл жұмыста теориялық талдау, салыстыру, жалпылау және интегралдық түрлендірулер әдістері қолданылды. Зерттеудің негізін Эльзаки түрлендіруінің анықтамасы, оның негізгі қасиеттері, Лаплас және Сумуду түрлендірулерімен байланысы, сондай-ақ оларды дифференциалдық теңдеулерді шешуде пайдалану құрайды.

Эльзаки түрлендіруінің анықтамасы

Қайсыбір

$$A = \left\{ f(t): \exists M, k_1, k_2 > 0, |f(t)| < M^{|t|/k_j}, t \in (-1)^j \times [0, \infty) \right\} \tag{1.1}$$

жиыны берілсін. Бұл жиынға экспоненциалдық ретті функциялар жатады. Онда A жиынына тиесілі $f(t)$ функциясы үшін Эльзаки түрлендіруі

$$\mathrm{E}[f(t)] = T(v) = v\int_0^\infty f(t)e^{-t/v}dt,\ t \geq 0,\ k_1 \leq v \leq k_2 \tag{1.2}$$

интегралдық қатынасы арқылы анықталады [1; 12].

Эльзаки түрлендіруі дифференциалдық және интегралдық теңдеулерді шешуді жеңілдету үшін қолданылады және Лаплас, Сумуду, Фурье түрлендірулерімен терең байланыста болады.

Қарапайым функциялардың Эльзаки түрлендіруі

1. Егер $f(t) = 1$ болса, онда

$$\mathrm{E}[1] = v\int_0^\infty e^{-t/v}dt = v^2. \tag{1.3}$$

2. Егер $f(t) = t$ болса, онда

$$\mathrm{E}[t] = v\int_0^\infty te^{-t/v}dt = v^3. \tag{1.4}$$

3. Жалпы жағдайда, егер $n \geq 0$ бүтін сан болса, онда

$$\mathrm{E}[t^n] = n!\, v^{n+2}. \tag{1.5}$$

4. Көрсеткіштік функция үшін

$$\mathrm{E}[e^{at}] = v\int_0^\infty e^{at}\cdot e^{-t/v}dt = \frac{v^2}{1-av},\ av < 1. \tag{1.6}$$

5. Комплекстік параметрді пайдаланып,

$$a = \alpha + i\beta,\ i^2 = -1,$$

деп алсақ, онда

$$\mathrm{E}\left[e^{(\alpha+i\beta)t}\right] = \frac{v^2}{1-(\alpha+i\beta)v}.$$

Осыдан

$$\mathrm{E}[e^{\alpha t}\cos\beta t] = \frac{v^2(1-\alpha v)}{(1-av)^2+\beta^2v^2}, \tag{1.7}$$

$$\mathrm{E}[e^{\alpha t}\sin\beta t] = \frac{\beta v^3}{(1-av)^2+\beta^2v^2}. \tag{1.8}$$

Дербес жағдайда $\alpha = 0$, $\beta = \omega$ болса,

$$\mathrm{E}[\cos\omega t] = \frac{v^2}{1+\omega^2v^2},\ \mathrm{E}[\sin\omega t] = \frac{\omega v^3}{1+\omega^2v^2}. \tag{1.9}$$

Ал $\omega \mapsto i\omega$ алмастыруы арқылы

$$\mathrm{E}[\cosh\omega t] = \frac{v^2}{1-\omega^2v^2},\ \mathrm{E}[\sinh\omega t] = \frac{\omega v^3}{1-\omega^2v^2}. \tag{1.10}$$

Эльзаки түрлендіруінің негізгі қасиеттері және теоремалары

Жалғыздық теоремасы

Егер $f(t)$ және $g(t)$ түпнұсқа функциялары үшін

$$\mathrm{E}[f(t)] = \mathrm{E}[g(t)]$$

теңдігі орындалса, онда

$$f(t) \equiv g(t)$$

теңдігі де орындалады.

Дәлелдеуі. Эльзаки және Лаплас түрлендірулерінің арасындағы байланыс бойынша [12]:

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = vL[f(t)]\left(\frac{1}{v}\right),\ \mathrm{E}[g(t)](v) = vL[g(t)]\left(\frac{1}{v}\right).$$

Егер

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = \mathrm{E}[g(t)](v)$$

болса, онда

$$vL[f(t)]\left(\frac{1}{v}\right) = vL[g(t)]\left(\frac{1}{v}\right).$$

$v \neq 0$ болғандықтан,

$$L[f(t)]\left(\frac{1}{v}\right) = L[g(t)]\left(\frac{1}{v}\right).$$

$s = 1/v$ деп белгілесек,

$$L[f(t)](s) = L[g(t)](s).$$

Лаплас түрлендіруінің жалғыздық теоремасы бойынша [13, 276-324 бб.; 14, 20-25 бб.]

$$f(t) \equiv g(t).$$

Теорема дәлелденді

Сызықтық қасиет

Егер $f(t)$ және $g(t)$ түпнұсқалары берілсе, онда кез келген $\alpha, \beta \in \mathbb{C}$ үшін

$$\mathrm{E}[\alpha f(t) + \beta g(t)] = \alpha \mathrm{E}[f(t)] + \beta \mathrm{E}[g(t)].$$

Ұқсастық теоремасы

Егер

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = T(v)$$

болса, онда $a > 0$ үшін

$$\mathrm{E}[f(at)](v) = \frac{1}{a^2} T(av) \tag{1.11}$$

теңдігі орындалады [1; 12].

Дәлелдеуі. Эльзаки түрлендіруінің анықтамасы бойынша

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = v \int_0^\infty f(t) e^{-1/v} dt.$$

Осыдан

$$\mathrm{E}[f(at)](v) = v \int_0^\infty f(at) e^{-1/v} dt.$$

$x = at$ деп алмастырайық. Онда

$$t = \frac{x}{a}, \; dt = \frac{dx}{a}.$$

Бұдан

$$\mathrm{E}[f(at)](v) = \frac{v}{a} \int_0^\infty f(x) e^{-x/(av)} dx.$$

Ал анықтама бойынша

$$T(av) = av \int_0^\infty f(x) e^{-x/(av)} dx.$$

Демек,

$$\int_0^\infty f(x) e^{-x/(av)} dx = \frac{T(av)}{av}.$$

Осыны алдыңғы теңдікке қойсақ,

$$\mathrm{E}[f(at)](v) = \frac{1}{a^2} T(av).$$

Теорема дәлелденді.

Кешігу теоремасы

Кешігу теоремасы функция белгілі бір уақытқа кешіктірілгенде оның Эльзаки кескінінің қалай өзгеретінін сипаттайды. Төменде берілген дәлелдеуде Эльзаки түрлендіруінің Лапластиптес жазылымы әдейі қолданылды, себебі бұл нәтиже Лаплас түрлендіруінің ығысу теоремасымен тікелей байланысты [3; 13; 14].

Егер $f(t)$ функциясының

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = T(v)$$

түріндегі Эльзаки түрлендіруі белгілі болса, онда $\tau > 0$ үшін $f(t-\tau)\eta(t-\tau)$ функциясының түрлендіруі

$$\mathrm{E}[f(t-\tau)\eta(t-\tau)](v) = e^{-v\tau} T(v) \tag{1.12}$$

формуласы арқылы анықталады. Мұндағы $\eta(t-\tau)$ – Хевисайдтың бірлік функциясы.

Дәлелдеуі. Қарастырылып отырған жағдайда Эльзаки түрлендіруі

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = \int_0^\infty f(t) e^{-vt} dt$$

түрінде анықталады [3; 13; 14]. Сондықтан

$$\mathrm{E}[f(t-\tau)\eta(t-\tau)](v) = \int_0^\infty f(t-\tau)\eta(t-\tau) e^{-vt} dt.$$

Хевисайд функциясының қасиеті бойынша:

– егер $t < \tau$ болса, онда $\eta(t-\tau) = 0$,
– егер $t \geq \tau$ болса, онда $\eta(t-\tau) = 1$.

Осыған байланысты интегралды

$$\mathrm{E}[f(t-\tau)\eta(t-\tau)](v) = \int_{\tau}^{\infty} f(t-\tau)e^{-vt}dt.$$

түрінде жазуға болады. Енді

$$x = t-\tau,\ t = x+\tau,\ dt = dx$$

деп алмастыру енгіземіз. Сонда

$$\mathrm{E}[f(t-\tau)\eta(t-\tau)](v) = \int_{0}^{\infty} f(x)e^{-v(x+\tau)}dx.$$

Экспонентаны жіктесек,

$$\mathrm{E}[f(t-\tau)\eta(t-\tau)](v) = e^{-v\tau}\int_{0}^{\infty} f(x)e^{-vx}dx.$$

Соңғы интеграл анықтама бойынша $T(v)$-ге тең. Демек,

$$\mathrm{E}[f(t-\tau)\eta(t-\tau)](v) = e^{-v\tau}T(v)$$

Теорема дәлелденді.

Ескерту. Бұл теорема дифференциалдық теңдеулерде бастапқы шарттарды есептеу үшін маңызды, өйткені уақыт бойынша жылжу жүйенің жауаптарына әсер етеді.

Ілгерілеу теоремасы

Ілгерілеу теоремасы функция уақыт бойынша алға жылжытылғанда оның Эльзаки кескінінің қалай өзгеретінін сипаттайды.

Егер $f(t)$ функциясының

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = T(v)$$

түріндегі Эльзаки түрлендіруі белгілі болса, онда $\tau > 0$ үшін $f(t+\tau)$ функциясының түрлендіруі

$$\mathrm{E}[f(t+\tau)](v) = e^{\tau/v}\left[T(v) - v\int_{0}^{\tau} f(t)e^{-t/v}dt\right] \qquad (1.13)$$

формуласымен анықталады [1; 12].

Дәлелдеуі. Эльзаки түрлендіруінің анықтамасы бойынша

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = v\int_{0}^{\infty} f(t)e^{-t/v}dt$$

болады [1; 12]. Сондықтан

$$\mathrm{E}[f(t+\tau)](v) = v\int_{0}^{\infty} f(t+\tau)e^{-t/v}dt.$$

Енді

$$x = t+\tau,\ t = x-\tau,\ dt = dx$$

деп алмастыру енгіземіз. Онда $t = 0$ болғанда $x = \tau$, ал $t \to \infty$ ұмтылғанда $x \to \infty$. Осыдан

$$\mathrm{E}[f(t+\tau)](v) = v\int_{\tau}^{\infty} f(x)e^{-(x-\tau)/v}dx.$$

Экспонентаны жіктесек,

$$\mathrm{E}[f(t+\tau)](v) = e^{\tau/v}v\int_{\tau}^{\infty} f(x)e^{-x/v}dx.$$

Соңғы итегралды

$$\int_{\tau}^{\infty} f(x)e^{-x/v}dx = \int_{0}^{\infty} f(x)e^{-x/v}dx - \int_{0}^{\tau} f(x)e^{-x/v}dx$$

түрінде жазамыз. Сонда

$$\mathrm{E}[f(t+\tau)](v) = e^{\tau/v}\left[v\int_0^{\infty} f(x)e^{-x/v}dx - v\int_0^{\tau} f(x)e^{-x/v}dx\right].$$

Анықтама бойынша

$$v\int_0^{\infty} f(x)e^{-x/v}dx = T(v).$$

Демек,

$$\mathrm{E}[f(t+\tau)](v) = e^{\tau/v}\left[T(v) - v\int_0^{\tau} f(t)e^{-t/v}dt\right].$$

Теорема дәлелденді.

Ескерту. Интегралдық мүше τ-ға тәуелді. Сондықтан ілгерілеу амалы кешігуге қарағанда күрделірек.

Ығысу теоремасы

Бұл теорема $f(t)$ функциясы экспоненциалды көбейткіш арқылы өзгерген кезде оның Эльзаки кескіні қалай түрленетінін сипаттайды. Төменде берілген дәлелдеуде Эльзаки түрлендіруінің Лаплас-типтес жазылымы әдейі қолданылды. Мұндай тәсіл Лаплас түрлендіруіндегі параметрлік ығысу қасиеті мен Эльзаки түрлендіруі арасындағы байланысты айқынырақ көрсетуге мүмкіндік береді [3; 13; 14].

Егер $f(t)$ функциясының

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = T(v)$$

түріндегі Эльзаки түрлендіруі белгілі болса, онда $a > 0$ үшін $e^{-at}f(t)$ функциясының Эльзаки түрлендіруі

$$\mathrm{E}[e^{-at}f(t)](v) = T(v+a) \qquad (1.14)$$

теңдігі арқылы анықталады [3; 13; 14]. Бұл қасиет дифференциалдық теңдеулерді шешуде, әсіресе коэффициенттері экспоненциалды өзгеретін теңдеулерді зерттеуде маңызды қолданысқа ие.

Дәлелдеуі. Қарастырылып отырған жағдайда Эльзаки түрлендіруі

$$\mathrm{E}[f(t)](v) = \int_0^{\infty} f(t)e^{-vt}dt$$

түрінде анықталады [3; 13; 14]. Сондықтан

$$\mathrm{E}[e^{-at}f(t)](v) = \int_0^{\infty} e^{-at}f(t)e^{-vt}dt.$$

Экспоненталық көбейткіштерді біріктірсек,

$$\mathrm{E}[e^{-at}f(t)](v) = \int_0^{\infty} f(t)e^{-(v+a)t}dt.$$

Түрлендіру анықтамасы бойынша

$$T(v+a) = \int_0^{\infty} f(t)e^{-(v+a)t}dt.$$

Сондықтан

$$\mathrm{E}[e^{-at}f(t)](v) = T(v+a).$$

Теорема дәлелденді.

Ескерту. Егер $a = \alpha + i\beta$ түріндегі комплекс сан болса, онда Эльзаки кескініндегі v айнымалысы да комплекс сандар жазықтығында ығысады.

Параметр бойынша дифференциалдау туралы теорема

Егер x-тің кез келген мәнінде A жиынына тиесілі $f(t,x)$ түпнұсқа функциясының Эльзаки түрлендіруі

$$\mathrm{E}[f(t,x)](v) = T(v,x)$$

түрінде анықталса және $\frac{\partial f(t,x)}{\partial x}$ туындысы бар болып, параметр бойынша дифференциалдауды интеграл таңбасы астына енгізу шарттары орындалса, онда

$$\mathrm{E}\left[\frac{\partial f(t,x)}{\partial x}\right](v) = \frac{\partial T(v,x)}{\partial x} \tag{1.15}$$

теңдігі орындалады [1; 12].

Дәлелдеуі.

$$T(v,x) = v\int_0^\infty f(t,x)e^{-t/v}dt.$$

Параметр бойынша дифференциалдауды интеграл таңбасы астына енгізсек,

$$\frac{\partial T(v,x)}{\partial x} = v\int_0^\infty \frac{\partial f(t,x)}{\partial x}e^{-t/v}dt.$$

Соңғы өрнек анықтама бойынша

$$\mathrm{E}\left[\frac{\partial f(t,x)}{\partial x}\right](v)$$

түріне тең. Теорема дәлелденді.

Көрсеткіштік функция үшін

$$\mathrm{E}[e^{at}](v) = \frac{v^2}{1-av}.$$

Осы теңдіктің екі жағын да *a* параметрі бойынша дифференциалдау арқылы

$$\mathrm{E}[te^{at}](v) = \frac{v^3}{(1-av)^2}$$

теңдігі алынады. Жалпы жағдайда

$$\mathrm{E}[t^n e^{at}] = \frac{n!\,v^{n+2}}{(1-av)^{n+1}} \tag{1.16}$$

болады. Ал $a = 0$ болса,

$$\mathrm{E}[t^n](v) = n!\,v^{n+2} \tag{1.17}$$

Түпнұсқаны дифференциалдау туралы теорема

$\mathrm{E}[f(t)] = T(v)$ болса, онда

$$\mathrm{E}[f'(t)] = \frac{T(v)}{v} - vf(0) \tag{1.18}$$

$$\mathrm{E}[f''(t)] = \frac{T(v)}{v^2} - f(0) - vf'(0). \tag{1.19}$$

Дәлелдеуі. Анықтама бойынша

$$\mathrm{E}[f'(t)] = v\int_0^\infty f'(t)e^{-t/v}dt = v\int_0^\infty e^{-t/v}d[f(t)] = \frac{T(v)}{v} - vf(0).$$

(1.19) теңдікті дәлелдеу үшін $g(t) = f'(t)$ функциясын енгізейік. Сонда

$$\mathrm{E}\left[g'^{(t)}\right] = \frac{1}{v}\mathrm{E}[g(t)] - vg(0) = \frac{1}{v}[f'(t)] - vf'(0) =$$

$$= \frac{1}{v}\left(\frac{T(v)}{v} - vf(0)\right) - vf'(0) = \frac{T(v)}{v^2} - f(0) - vf'(0).$$

Теорема дәлелденді. Жалпы жағдайда

$$\mathrm{E}\left[f^{(n)}(t)\right] = \frac{T(v)}{v^n} - \sum_{k=0}^{n-1} v^{2-n+k} f^{(k)}(0) \tag{1.20}$$

Түпнұсқаны интегралдау туралы теорема
Егер $\mathrm{E}[f(t)] = T(v)$ болса, онда

$$\mathrm{E}\left[\int_0^t f(\tau)d\tau\right] = vT(v). \tag{1.21}$$

Дәлелдеуі.

$$\int_0^t f(\tau)d\tau = g(t)$$

болса, онда

$$g'(t) = f(t)$$

және

$$\mathrm{E}[g'(t)] = \frac{1}{v}\mathrm{E}[g(t)] - vg(0) = \frac{1}{v}\mathrm{E}[g(t)],$$

өйткені $g(0) = 0$. Демек,

$$\mathrm{E}[g(t)] = v\mathrm{E}[g'(t)]$$

немесе

$$\mathrm{E}\left[\int_0^t f(\tau)d\tau\right] = vT(v).$$

Теорема дәлелденді. Жалпы жағдайда *n* рет интегралдау үшін

$$\mathrm{E}\left[\underbrace{\int_0^t \int_0^t \ldots \int_0^t f(\tau)d\tau}_{n}\right] = v^n T(v). \tag{1.22}$$

Кескінді дифференциалдау теоремасы
Егер $\mathrm{E}[f(t)] = T(v)$ болса, онда

$$\mathrm{E}[tf(t)] = v^2 \frac{dT(v)}{dv} - vT(v). \tag{1.23}$$

Дәлелдеуі. Анықтама бойынша

$$T(v) = v\int_0^\infty f(t)e^{-t/v}dt.$$

Бұдан

$$\frac{dT(v)}{dv} = \int_0^\infty f(t)e^{-t/v}dt + \frac{v}{v^2}\int_0^\infty tf(t)e^{-t/v}dt \tag{1.24}$$

немесе

$$\frac{dT(v)}{dv} = \frac{1}{v}T(v) + \frac{1}{v^2}\mathrm{E}[tf(t)].$$

Соңғы теңдіктен (1.22) қасиеттің дәлелдеуі шығады.

Осы үрдісті жалғастыра отырып, $t^2 f(t)$ түпнұсқа функцияның Эльзаки кескінін табайық. Ол үшін (1.24) теңдікті

$$\frac{dT(v)}{dv} = \frac{1}{v}T(v) + \frac{1}{v}\int_0^\infty tf(t)e^{-t/v}dt \tag{1.25}$$

түрде алып, теңдіктің екі жағын бірдей v бойынша дифференциалдаймыз.

$$\frac{d^2T(v)}{dv^2} = -\frac{1}{v^2}T(v) + \frac{1}{v}\frac{dT(v)}{dv} - \frac{1}{v^3}\mathrm{E}[tf(t)] + \frac{1}{v^4}\mathrm{E}[t^2f(t)].$$

Бұдан

$$\mathrm{E}[t^2f(t)] = v^4\frac{d^2T(v)}{dv^2} \tag{1.26}$$

теңдігі алынады. (1.23) және (1.26) теңдіктер дифференциалдық теңдеулерді ықшамдап шешуге және аналитикалық есептеулерді оңайлатуға көмектеседі.

Сәйкес салдар:

1) $\mathrm{E}[tf'(t)] = v^2\frac{d}{dv}\left[\frac{T(v)}{v} - vf(0)\right] - v\left[\frac{T(v)}{v} - vf(0)\right],$ (1.27)

2) $\mathrm{E}[t^2f'(t)] = v^4\frac{d^2}{dv^2}\left[\frac{T(v)}{v} - vf(0)\right],$ (1.28)

3) $\mathrm{E}[tf''(t)] = v^2\frac{d}{dv}\left[\frac{T(v)}{v^2} - f(0) - vf'(0)\right] - v\left[\frac{T(v)}{v^2} - f(0) - vf'(0)\right],$ (1.29)

4) $\mathrm{E}[t^2f''(t)] = v^4\frac{d^2}{dv^2}\left[\frac{T(v)}{v^2} - f(0) - vf'(0)\right].$ (1.30)

Кескінді интегралдау теоремасы

Егер $\mathrm{E}[f(t)] = T(v)$ болса, онда

$$\mathrm{E}\left[\frac{1}{t}f(t)\right] = \int_v^\infty \frac{T(u)}{u^2}du. \tag{1.31}$$

Үйірткі және Борель теоремасы

Егер

$$h(t) = (f * g)(t) = \int_0^t f(\tau)g(t-\tau)d\tau,$$

болса және

$$\mathrm{E}[f(t)] = F(v), \mathrm{E}[g(t)] = G(v),$$

онда

$$\mathrm{E}[(f * g)(t)] = \frac{1}{v}F(v)G(v). \tag{1.32}$$

Зерттеу нәтижелері

Эльзаки түрлендіруінің қолданылуы. Эльзаки түрлендіруі дифференциалдық және интегралдық теңдеулерді шешуде маңызды орын алады. Бұл түрлендіру теңдеуді кескін аймағында қарапайым алгебралық немесе функционалдық қатынасқа келтіруге мүмкіндік береді. Төменде Эльзаки түрлендіруінің қолданылуын сипаттайтын бірнеше мысал қарастырылады.

1-мысал. Эйлер теңдеуі.

$$x^2y''(x) + 4xy'(x) + 2y(x) = 12x^2, y(1) = 0, y'(1) = 0. \tag{2.1}$$

Алдымен теңдеудің аналитикалық шешімін табайық. Ол үшін

$$x = e^t, t = \ln x, x > 0$$

алмастыруын енгізіп, ізделінді функцияны $y(x) \equiv Y\big(t(x)\big)$ түрінде қарастырамыз. Сонда

$$y'(x) = \frac{Y_t'}{x}, y''(x) = \frac{Y''(t) - Y'(t)}{x^2}.$$

Осы өрнектерді (2.1) теңдеуге қойсақ,

$$Y''(t) + 3Y'(t) + 2Y(t) = 12e^{2t} \quad (2.2)$$

түрдегі тұрақты коэффициентті сызықтық дифференциалдық теңдеу аламыз. Бастапқы шарттар да жаңа айнымалыда

$$Y(0) = y(1) = 0, Y'(0) = y'(1) = 0$$

түріне келеді.

Біртекті теңдеудің сипаттамалық теңдеуі

$$k^2 + 3k + 2 = 0$$

түрде жазылады және оның түбірлері $k_1 = -2$, $k_2 = -1$. Сондықтан біртекті теңдеудің жалпы шешімі

$$Y_O(t) = C_1 e^{-2t} + C_2 e^{-t}.$$

Дербес шешімді $Y_*(t) = Ae^{2t}$ түрінде іздейміз. Оны (2.2)-ге қойсақ,

$$(4A + 6A + 2A)e^{2t} = 12e^{2t},$$

бұдан $A = 1$. Демек,

This article presents a comprehensive and in-depth study of the methodological and mathematical legacy of Myrzhakyp Dulatov, a prominent educator, writer, and public figure of the early 20th century. The authors not only analyzed the publication history of the "Esep Quraly" textbooks but also explored their structural features, content, methodological principles, and pedagogical value for the Kazakh school. The study included a comparative analysis of two versions of the textbook, published between 1914 and 1928, identifying significant differences related to the construction of a concentric system, the consistent presentation of elements of arithmetic, geometry, and elementary algebra, and consideration of the specific features of the Kazakh language system, particularly in the area of numerals. The article identifies Dulatov's contribution to the development of national mathematical terminology, the expansion of opportunities for teaching mathematics in the native language, and the development of teaching methods in the context of the development of the Kazakh school. The study results showed that M. Dulatov's textbooks played a significant role in the development of mathematics education in Kazakhstan, becoming the foundation of the national methodological school, while remaining relevant for modern teaching practices focused on the cultural and linguistic characteristics of students.

Keywords: Myrzhakyp Dulatov, «Esep Quraly», methodological legacy, mathematics textbook, Kazakh school, history, arithmetic, education.

Кіріспе

2025 жылдың 25 қарашасында XX ғасырдың басындағы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, еліміздің білім саласы мен ғылымын, әдебиеті мен мәдениетін дамытуға сүбелі үлес қосқан жарық жұлдыздарымыздың ішіндегі шоқтығы биік, ірі тұлғаның бірі – ақын, жазушы, драматург, әрі ағартушы-ұстаз Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толды. Бұл айтулы мерейтой елімізде мемлекеттік деңгейде кеңінен атап өтілді. Мерейтой аясында Қостанай қаласында Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен Міржақып Дулатовқа ескерткіш орнатылды. Торғай даласында халықаралық «Ұлы дала жорығы» атты ат марафоны өтіп, ұлтымыздың ұлы тұлғасына арналған ғылыми конференция мен республикалық деңгейдегі ақындар айтысы өтті. Сонымен қатар, 2025 жылдың 23 қазанында Қазақстан Республикасы күні аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасы аясында) заманауи оқу-әдістемелік құралдармен және М.Дулатовтың өмірбаяны мен шығармашылық қызметін қамтитын көрнекі материалдармен жабдықталған «М.Дулатов атындағы математика кабинеті» ашылды.

Қым-қуыт арпалысқа толы әлеуметтік төңкерістер заманында өмір сүріп, сталиндік зұлматтың құрбаны болған аяулы азамат өзінің артына мол мұра қалдырғаны мәлім. Олардың арасында «Оян, қазақ!», «Азамат» және «Терме» атты жинақтары, «Балқия» пьесасы, «Бақытсыз Жамал» романы ерекше орын алады. Сонымен қатар, М.Дулатов қазақ қауымына ағартушылық-педагогикалық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары арқылы да танымал. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары оның шығармашылығын зерттеу, артында қалған мол мұрасын жинап, түгелдеу және жариялау бағытында бірқатар игі іс-шаралар атқарылғанын атап айту керек. Алайда, туған халқы М.Дулатовтың шығармашылығын барлық қырынан толық танып бола қойған жоқ. Мәселен, оның математика пәнінен қазақ мектебіне арналған

алғашқы оқу құралдарының авторы екендігін бүгінде әркім біле бермейді, өйткені бұл туралы деректер әр жерде там-тұмдап қана кездеседі. Ең өкініштісі, оның осы саладағы атқарған қызметі әлі күнге дейін назардан тыс қалып, өзінің лайықты бағасын ала алмай келеді [6].

Зерттеу әдіснамасы

1912 жылы қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппеміз – А.Байтұрсыновтың «Оқу құралының» басылып шыққандығы белгілі. Бұл М.Дулатовтың арифметикадан қазақ мектептеріне арналған оқу құралын дайындау ісін жедел қолға алуына мүмкіндік туғызды. Ол 1914 жылы «Бастауыш мектепте оқылатын есеп құралы» деген атпен Орынбор қаласындағы «Дин уа мағишет» баспасынан екі бөлім болып басылып шықты. Қазақ баласын «математика патшасы – арифметикамен» ана тілінде таныстыруға жасалған алғашқы қадам болғандықтан, мұны қазақ мектебінде математиканы оқыту жөніндегі ғылыми негіздегі әдістемелік ой-пікірдің туып, пайда болуына себепші болған прогрессивтік құбылыс деп бағалауымыз керек [1, 5].

Зерттеу нәтижелері

М.Дулатовтың «Есеп құралының» *ең басты ерекшелігі*, ол есептер мен мысалдар жинағы түрінде шығарылған (I бөлімінде 400 есеп, 128 мысал, ал II бөлімінде 350 есеп, 240 мысал бар). Мұның өзіндік себебі бар. XX ғасыр басында мектепте арифметиканы теория арқылы оқыту әдісі (Грубе-Евтушевский әдісі) педагогтар мен әдіскерлер тарапынан (Л.Толстой, В.Латышев, А.Гольденберг, т.б.) қатаң сынға алынып, оны амалдарды үйрену әдісімен оқыту кең таралған болатын. Сондықтан арифметикадан есептер мен мысалдар жинақтарын шығару кең өріс алған еді [4].

Екінші ерекшелігі, оқу құралында сандар «күншығыс араб цифрлары» деген атауға ие болған мынадай цифрлармен таңбаланған: ٠ ١ ٢ ٣ ٤ ٥ ٦ ٧ ٨ ٩ (1922 жылғы 3-басылымында ғана олар қазіргі цифрлармен ауыстырылды).

Үшінші ерекшелігі, оқу материалы концентрлік жүйе ыңғайымен орналастырылған. Ол оқу құралының тарауларының атауларынан-ақ бірден байқалады: «Әуелгі онның ішіндегі сан», «Жүздің ішіндегі ондықтардың есебі», «Әуелгі екі ондықтың ішіндегі есеп», «Жүздің ішіндегі барша сандар», «Мыңның ішіндегі сандар».

Төртінші ерекшелігі, концентрлердің саны мен қарастырылу реті қазіргі қазақ мектебінде математиканы оқытудың жүйесіне сәйкес келеді. Әсіресе, «Бірінші ондық» концентрінен кейін дөңгелек ондықтардың оқытылуы ерекше назар аудартады. Бұдан автордың сан есімдердің қазақ тіліндегі аталуы мен жасалуындағы ерекшеліктерді ескергенін және қазақ мектебі үшін концентрлердің қарастырылу реті туралы әдістемелік мәселені дұрыс шешкендігін аңғаруға болады.

Бесінші ерекшелігі, қажет болған жағдайларда, арифметиканың ережелері, сонымен қатар мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулар да беріліп отырады, яғни, онда қазақ мектебінің математика пәні мұғалімдерінің мүдделері де ескерілген. Мысалы, «24×2, 24-ті 2-ге көбейту үшін әуелі ондықтарды 2-ге көбейту керек (20×2=40), одан кейін бірліктерді екіге көбейту керек (4×2=8), ең соңында ондықтарға бірліктерді қосу керек (40+8=48). 24-ті үшке көбейту үшін, әуелі ондықтарды 3-ке көбейту керек (20×3=60), одан кейін бірліктерді 3-ке көбейту керек (4×3=12). Ең соңынан бірліктерді ондықтарға қосу керек. Бірақ 12-нің өзі ондық һәм бірліктерден құралғандықтан, әуелі ондықтарға осы ондықтың өзін қосу керек (60+10=70), сонан кейін бұған 2 бірлік қосылуы тиіс (70+2=72)» [3].

Алтыншы ерекшелігі, оқу материалы сол кезеңдегі озық әдістемелік идеяны басшылыққа ала отырып орналастырылған. Шынында да XX ғасыр басында арифметиканы оқыту барысында есептер мен мысалдарды қарастырудың реті туралы әдістемелік ғылымда әртүрлі пікір қалыптасқан еді. Кейбір әдіскерлер (С.Шохор-Троцкий, Ф.Егоров, т.б.) есеп шығару жағын күшейтіп, арифметиканы оқытуда «мақсатқа сай таңдамалы есептер әдісін»

басшылыққа алуды ұсынды. Ал, көрнекті әдіскер-математик А.Гольденберг болса, алдымен сандарға амалдар қолдануды үйреніп, сонан кейін ғана есептерге көшу керек деп білді. М.Дулатовтың «Есеп құралында» «Қазақ» газетінде атап көрсетілгендей, «ең соңғы жаңа тәртіп» («Қазақ», №80, 1914), яғни, осы екі әдістемелік идеяның үйлестірілген түрі қолданылған.

Жетінші ерекшелігі, М.Дулатовтың «Есеп құралы» кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында, математикадан оқу құралдары аса тапшы болған кезеңде, Қазанда, Ташкентте және Орынборда екінші (1921 ж.) және үшінші мәрте (1922 ж.) басылып шықты [2].

1923 жылы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы мемлекеттік білім кеңесінің ғылыми-педагогикалық секциясы тарапынан кеңестік мектептер үшін жаңа, комплекстік оқу бағдарламаларының бекітілуіне байланысты 1924-1925 оқу жылынан бастап, Кеңес Одағындағы барлық ұлт мектептерін осы бағдарламаларға көшіру жоспарланды. Ендігі жерде, осыған дейін қазақ мектебіне арналған бірден-бір оқу құралы қызметін атқарып келген М.Дулатовтың есептер мен мысалдар жинағы жарамсыз болып қалды. Сондықтан М.Дулатов 1925 жылы «Есеп құралының» екі бөлімнен тұратын жаңа түрін жарыққа шығарды. Оның сыртында «түзетілді, толықтырылды және төртінші басылуы» деп көрсетілген [4].

«Есеп құралының» бұл жаңа түрінің бұрынғы басылымдардан өзіндік айырмашылығы бар екендігіне көз жеткізу үшін оның негізгі ерекшеліктерін ашып көрсетелік.

Ең басты ерекшелігі, ол комплекстік бағдарлама негізінде жазылған және құрылымы, мазмұны, сондай-ақ, математикалық материалдың баяндалуы жағынан да алғашқы үш басылымнан мүлде өзгеше.

Екінші ерекшелігі, онда тек есептер мен мысалдар ғана қамтылмаған. Арифметикалық материал үлестерге, бөлшектерге және процентке байланысты материалдармен толықтырылған. Мысалы, бөлшек ұғымын қалыптастыруда төмендегідей көрнекі материал жиі қолданылады (сурет 1).



Сурет 1. «Бөлшек» ұғымын қалыптастыруға арналған көрнекі материал

Процент туралы түсініктер қалыптастыру үшін мына сияқты есептер ұсынылады: «Былтырғы қыс 200 күнге созылды. Биыл 192 күн қысқа болды. Биылғы қыс былтырғыдан неше процент қысқа?», «Бақшаның шаршы метрінен 950 шамалы өсімдік табуға болады, мұның 16%-і арам шөп. Бақшаның бір шаршы метрінен қанша арам шөп табуға болады?».

Оқу құралына геометрия мен алгебраның қарапайым элементтері, шамалар және оларды өлшеу мәселелері де енгізілген. Мысалы, перпендикуляр түзулер және параллель түзулер туралы түсініктер былайша қалыптастырылған.

1) «Қатты қағаздан тік бұрышты үшкіл жасаңдар. Осы үшкіл арқылы мынау сызылған АБП бұрыштың дұрыстығын анықтаңдар, бұл бұрышты АБП деп оқимыз» (сурет 2).

2) «Түзу сызық сызыңдар. Бұған кесе екі сызық тартыңдар. АБ мен ПТ қатар сызықтар деп аталады» (сурет 3).



Сурет 2. Тік бұрышты үшкіл арқылы тік бұрышты анықтау.



Сурет 3. АБ мен ПТ - қатар сызықтар.

Үшінші ерекшелігі, оқу материалын баяндауда теориялық материалға айтарлықтай көңіл бөлінген. Мысалы, «Бір белгілі сандарды ойдан (жатқа) былай қосады: үлкен санға онға шейін кіші сан қосылады. $8 + 7 = 8 + (2 + 5) = (8 + 2) + 5 = 10 + 5 = 15$», «Екі белгілі сан (екі белгілімен ойдан былай қосылады: әуелі ондықтары, сонан соң бірліктері». Сонымен қатар, қажет болған жағдайларда мұғалімге қажетті әдістемелік нұсқаулар да беріліп отырады. Мысалы, «Мұғалім балаларға 10-нан бастап 100-ге шейін ондықтарды жатқа санатады: он, жиырма, отыз, ... деп, онан кейін сол сандарды жаздырып үйретеді». Сондықтан оны қазіргі біздің түсінігіміздегі математика оқулығы деп бағалауға болады [1-3].

Төртінші ерекшелігі, есептердің мазмұны бұрынғы басылымдардағыдан өзгертілген және оларда техника мен халық шаруашылығының әралуан салаларына байланысты сандық мәліметтер кеңінен пайдаланылған. Мысалы, «Кооперативке қағаз қапшыққа салған 8 тонна тұз келді. Лау басы 4 қағаз қапшыққа салынған. Егер бір тоннада 10 қағаз қапшық болса, тұз неше лаумен түскені?», «Аэропланның ұшқырлығы сағатына 160 километрге шейін. Жолаушы пойызы 3 сағатта 99 километр жүреді. Пойызбен салыстырғанда аэропланның ұшқырлығы неше километр артық?», «Екібастұз зауытында жұмыскерлер қазақ пен орыс. Қазақ жұмыскерлері 748, орыс жұмыскерлері қазақтан 502-ге кем. Екібастұзда орыс жұмыскерлері қанша?».

Бесінші ерекшелігі, сол кездегі кеңес мектебінің міндеттеріне және комплекстік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес, математиканы оқытуды тұрмыспен және қоршаған ортамен жанастыруға мейлінше күш салынған. Бұл мәтінді есептердің «Айналамыздағы табиғат», «Әлеумет мекемелері», «Айналамыздағы тұрмыс», «Мектебіміздің тұрмысынан» деген сияқты әртүрлі тақырыптармен топтастырылып ұсынылуынан байқалады.

Алтыншы ерекшелігі, «Есеп құралының» жаңа түрі 1928 жылға дейін жыл сайын көп тиражбен басылып тұрған. Тіптен 1927 жылы екі рет басылған және соңғы 1928 жылғы басылымы «8-рет басылуы» деп көрсетілген.

Жетінші ерекшелігі, ол 1927-1928 жылдары «Қырғызмембас» тарапынан қырғыз тіліне аударылып басылған және қырғыз мектептерінде де оқу құралы ретінде пайдаланылған.

Сегізінші ерекшелігі, оның ұғымдық-терминологиялық аппаратында өзгешелік бар. Алғашқы үш басылымында тек арифметикалық ұғымдар ғана қамтылса, «Есеп құралының» жаңа түрінде алгебралық және геометриялық ұғымдарды, шамалар және оларды өлшеу мәселелеріне байланысты ұғымдарды қалыптастыруға мән берілген.

Дискуссия

Қорыта айтқанда, М.Дулатовтың «Есеп құралының» екі түрлі нұсқасының жоғарыда атап көрсетілген өзіндік ерекшеліктері төмендегідей жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді. «Есеп құралы» 1914-1928 жж. аралығында Орынбор, Қазан, Ташкент, Қызылорда және Фрунзе (қазіргі Бішкек) қалаларында барлығы 8 рет басылып шыққан. Оның алғашқы үш басылымы (1914 ж., 1921 ж., 1922 ж.) мен соңғы бес басылымының (1925 ж.; 1926 ж.; 1927 ж. екі мәрте басылған; 1928 ж.) үлкен айырмашылықтары бар. Атап айтқанда, оның алғашқы үш басылымы есептер мен мысалдардың жинағы сипатында жазылған, ал соңғы бес басылымын комплекс бағдарлама негізінде жазылған және арифметикалық материалды ғана емес, сонымен қатар, алгебра мен геометрияның элементтерін, шамалар мен оларды өлшеу мәселелерін де қамтитын математика оқулығы деп бағалауға болады. Егер де олардың әрқайсысының екі бөлімнен тұратындығын ескерсек, М.Дулатовтың қазақ балаларының ана тілінде математикалық сауатын ашуына көп күш жұмсай отырып, қазақ мектебіне арналған, бір-бірінен мүлде өзгеше, екі түрлі «Есеп құралын», яғни, барлығы 4 кітап жазғандығы айқындалады [4].

М.Дулатұлының «Есеп құралдарының» басылып шығуы туралы мәліметтер төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте 1. М.Дулатұлының «Есеп құралдарының» басылып шығуы

Басылым реті	*1-інші жылдық*	*Көлемі*	*Тиражы*	*2-інші жылдық*	*Көлемі*	*Тиражы*
1-інші басылуы	*Орынбор, 1914*	*белгісіз*	*3000 дана*	*Орынбор, 1914*	*81 бет*	*3000 дана*
2-інші басылуы	*Қазан, 1921*	*белгісіз*	*35000 дана*	*Қазан, 1921*	*55 бет*	*25000 дана*
	Ташкент, 1922	*56 бет*	*50000 дана*	*Ташкент, 1922*	*81 бет*	*33400 дана*
3-інші басылуы	*Орынбор, 1922*	*44 бет*	*15000 дана*	*Орынбор, 1922*	*46 бет*	*белгісіз*
4-інші басылуы	*Орынбор, 1925*	*76 бет*	*15000 дана*	*Орынбор, 1925*	*98 бет*	*10000 дана*
5-інші басылуы	*Қызылорда, 1926*	*76 бет*	*10000 дана*	*Қызылорда-Ташкент, 1926*	*98 бет*	*10000 дана*
6-ыншы басылуы	*Қазмембас, 1927*	*76 бет*	*12000 дана*	*Қызылорда, 1927*	*98 бет*	*20000 дана*
7-інші басылуы	*Қазмембас, 1927*	*76 бет*	*10000 дана*	*Қызылорда, 1927*	*98 бет*	*20000 дана*
	Қырғыз-мембас, 1927 (қырғыз тілінде)	*76 бет*	*4000 дана*	*Қырғыз-мембас, 1927 (қырғыз тілінде)*	*86 бет*	*10000 дана*
8-інші басылуы	*Қызылорда, 1928*	*76 бет*	*50000 дана*	*Қызылорда, 1928*	*98 бет*	*30000 дана*
				Қырғызмембас, 1928 (қырғыз тілінде)	*69 бет*	*белгісіз*

Осы орайда, ерекше атап айтарлық жайт, ол автор ретінде оқулыққа қойылатын міндет-талаптарды дұрыс түсіне алған және оларды үлкен әдістемелік шеберлікпен шеше алған. Алайда, М.Дулатов өзінің кәсіби білімі, мамандығы жағынан математик емес еді. Оны ана тіліндегі алғашқы математика оқулықтарын жазуға алып келген қазақ баласының бұрын-соңды естіп-білмеген математика сияқты пәнді игеруге деген құлшынысын ояту арқылы Алаш

қозғалысы мен партиясы діттеген ағартушылық-демократиялық идеяны жүзеге асыру мақсаты болатын. Қазақ баласына ана тілінде математикалық сауат аштыруды тек жалаң мақсат етіп қана қоймай, оны дүниежүзілік тәжірибе деңгейінен төмендетпей жүзеге асыруға тырысушылық, сол кезде дамудың жоғары сатысына көтеріле бастаған орыс математика әдістемесіндегі озық ой-пікірлерді басшылыққа алу, қазақ мектебінде математиканы оқыту жүйесінің орыс мектебінен ажыратылатын өзіндік ерекшеліктері болуы тиіс екендігін дұрыс бағамдай алу, өзіндік әдістемелік-математикалық идеялармен байлылығы, сөз жоқ, оның авторының аса білімдарлығын байқатады.

Егер 1914-1930 жж. аралығында қазақ мектептерінде математика пәнін оқытуда негізгі оқу құралы болғандығын және бірнеше ұрпақ өкілдерінің олардың көмегімен ана тілінде математикалық сауат ашқандығын ескерер болсақ, М.Дулатовтың «Есеп құралдарының» қазақ халқының мәдени өміріндегі маңызы онан сайын айқындала түсері сөзсіз. Олар Қазақстанда математиканың ұлттық сипаттағы оқу құралдарын дайындау ісінің дамып, өркендеуіне үлкен серпіліс туғызуымен де маңызды болып табылады. Шынында да М.Дулатовтың бұл игі бастамасы «Қазан төңкерісінен» кейін жаңа сипаттағы кеңес мектебі талаптарын қанағаттандыратындай және қазақ мектебінде математиканы оқыту ісінде бұрын-соңды пайдаланылмаған мүмкіндіктерді табудың өзіндік жолдарын іздестіруге жол ашты. Осы ізденістер барысында 1923-1935 жж. математикадан ана тілімізде мына сияқты көптеген оқу құралдары жарық көрді: «Есеп тану жобасы», «Есеп тану.Бөлшек сандар» (К.Жәленұлы); «Есеп тану құралы» (С.Қожанұлы); «Есеп құралы» (Ә.Қасымұлы); «Есеп құралы», «Есеп сабағы», «Үлкендерге бастауыш есеп» (Ғ.Бегалыұлы); «Есеп құралы» (Ә.Хасенұлы, т.б.); «Есеп құралы» (Т.Құралұлы); «Есеп құралы» (З.Қысатайұлы), т.б. Осы оқу құралдарының, сондай-ақ, қазақ тіліндегі алғашқы геометрия (Е.Омарұлы, «Пішіндеме») және жоғары математика (Ә.Ермеков, «Ұлы математике курсы») оқулықтарының жарық көруіне, сөз жоқ, М.Дулатовтың «Есеп құралдарының» шапағаты тигені даусыз [4, 5].

Қоғамдық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қайтадан қарап, сұрыптаудан өткізу қызу қолға алынып жатқан қазіргі тарихи кезеңде мектеп математика оқулықтарын жазудың Қазақстандағы классикалық үлгілерін тек жалпылама түгелдеп немесе талдап қана қоймай, олардың еліміздің математикалық білім беру ісі тарихындағы алатын орны мен қазіргі қазақ мектебі үшін маңызын айқындау ерекше маңызға ие болып отыр. Өйткені, қандай да болмасын педагогикалық мұра ұрпақ тәрбиесіндегі өз кезеңінде атқарған рөлі және қалдырған ізімен ғана емес, сонымен қатар педагогикалық ойды онан әрі өркендетуге тигізген әсерімен де бағаланады. М.Дулатовтың «Есеп құралдарының» қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі маңызы осы белгілерімен де ерекшеленеді.

«Есеп құралдарынан» математиканы оқыту әдістемесінің жалпы және дербес мәселелеріне қатысты көптеген құнды идеяларды кездестіруге болады (математикалық білім беруде қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, қазақ баласының ұлттық, психологиялық және т.б. ерекшеліктерін ескеру; оқытуды өмірмен, тұрмыспен және қазақ баласын қоршаған ортамен жанастыру; ауызша және жазбаша есептеулердің ара салмағын анықтау; көбейту кестесін оқыту; геометриялық ұғымдарға анықтама беру; геометриялық фактілерді тағайындаудың тәжірибелік іс-әрекеттерді орындаумен аса шебер ұштастырылуы; геометриялық білім-түсініктерді қалыптастырудың негізгі көзі бақылау мен тәжірибе екендігін ескеру; есептер мазмұнының оқушыға таныс оқиғалармен, оқушы үшін танымдық міндеттермен сабақтасып жатуы; есеп материалдары ретінде Қазақстан географиясына, тарихына, экономикасына, демографиясына және т.б. байланысты сандық мәліметтердің кеңінен пайдаланылуы, т.с.с).

М.Дулатовтың «Есеп құралдарының» маңызын қазақ оқушы қауымына математика ұғымдарын мейлінше түсінікті етіп жеткізу мақсатының көзделуі тұрғысынан ерекше бағалау керек. Ол үшін автор қазақ тілінің өз мүмкіндіктеріне иек артуға, оның тілдік байлығын мүмкіндігінше сарқа пайдалануға тырысқан және термин ретінде «пішін» (фигура), «үшкіл» (үшбұрыш), «төрткіл» (төртбұрыш), «кесе сызықтар» (перпендикуляр түзулер), «қатар сызықтар» (параллель түзулер) сияқты қазақтың төл сөздерін алған. Сонымен қатар, «Есеп

құралдарында» «амал», «аудан», «есеп», «бөлшек», «бұрыш», «жұп сан», «тақ сан», «сүйір бұрыш», «доғал бұрыш», «тік бұрыш», «үлес» және т.б. көптеген математикалық терминдер ұшырасады. Бұл қазіргі күнгі қолданылып жүрген осы сияқты бірқатар математика терминдерінің тікелей М.Дулатовтың қаламынан туғандығын аңғартады.

М.Дулатовтың оқу құралдарында математиканы оқытуда пәнаралық байланысты жүзеге асыруға айрықша көңіл бөлінген. Автордың белгілі бір тақырыптар үшін оқу материалын іріктеп алу мен орналастыруды сауат ашумен байланысты мәселелердің қарастырылу жүйесіне сай етіп орайластырғаны байқалады. Оқу материалының жалпы орналастырылу ретінде сан есімдердің қазақ тіліндегі аталу және жасалу ерекшеліктері жан-жақты ескерілген. Есеп шығаруға байланысты біліктерді қалыптастыру кезеңдеріне сәйкес орындалатын іс-әрекеттер оқушының сөздік қорын байыта түсуге бағындырылған. Осы айтылғандар математиканың әліппемен, ана тілімен және қазақ тілімен пәнаралық байланысының біршама сәтті шешілгенін көрсетеді. Жалпы алғанда, оқу құралдарында математика мен табиғаттанудың, географияның, тарихтың пәнаралық байланысына қатысты айтарлықтай ерекшеліктер де баршылық. Атап айтқанда, есептер құрастыруда Қазақстанның елді мекендеріне, өзен-көлдеріне, тауларына және т.б. байланысты сандық мәліметтер молынан пайдаланылған.

Аталмыш оқулықтарда оқушылардың еңбекке деген көзқарасын қалыптастыруға, олардың санасына әртүрлі шаруашылық салаларына байланысты еңбектің мән-мағынасы мен маңызын жеткізуге, оларды адам еңбегін бағалай білуге үйретуге де лайықты көңіл бөлінген. Мәселен, кейбір математикалық материал тәжірибелік жұмыстар орындау барысында игертіледі. Сол сияқты кейбір тақырыптарда математикалық мағынадағы әртүрлі суреттерді, тұрмыстық мәселелерге байланысты әралуан геометриялық фигуралардың сызбаларын салумен байланысты жаттығулар жиі ұсынылып отырады. Мұның бәрі математиканы еңбекке баулу, сурет және сызу пәндерімен байланыстыра оқытудың мүмкіндіктерін көрсетеді. «Есеп құралдарында» биология, экономика, статистика сияқты білім салаларына да қатысты біршама есептердің қамтылғанын атап айту керек.

М.Дулатовтың мұраларында әдістемелік тұрғыда ерекше назар аударарлық тағы бір аса маңызды түйін – қазақ мектебі үшін арифметикадан берілуге тиісті білім мазмұнын анықтауда концентрлер саны мен олардың қарастырылу ретін тағайындау туралы мәселе. Автор мұның орыс мектебіндегіден өзгеше, тиімді жолын ұсынған, атап айтқанда, оқу материалы мынадай әдістемелік ретпен орналастырылған: 1) бірінші ондық; 2) дөңгелек ондықтар; 3) екінші ондық; 4) бірінші жүздік; 5) бірінші мыңдық. Бұл жерде автор тарапынан бірінші ондықтан кейін іле, дөңгелек ондықтарды оқытудың ұсынылуы жайдан-жай емес. Ол сандар аймағының біртіндеп кеңейтіле түсу ретін қазақ тіліндегі сан есімдердің жасалу ерекшеліктеріне орайластырып дұрыс шешкен.

Шынында да сан есімдердің қазақ тіліндегі жасалуының орыс тіліндегіге қарағанда біршама өзгеше, өзіндік ерекшеліктері бар. «Дөңгелек ондықтардың» (40 пен 90-нан басқаларының) орыс тіліндегі атауларынан олардың қанша ондықтан тұратынын бірден аңғаруға болады. Мысалы, 50 – пятьдесят - пять десяток - бес ондық. Ал, қазақ тіліндегі атауларынан олардың неше ондықтан құралғаны жайында мағлұмат алу мүмкін емес. Мысалы, «елу» сөзі ол санның бес ондықтан тұратынын білдірмейді. Сондықтан «дөңгелек ондықтардың» атауларын меңгеру және берік есте сақтау қазақ баласы үшін қиындық тудырады. Шынында да қазақ мектебінің табалдырығын енді аттаған бүлдіршіндердің көпшілігі, 21-ден бастап 29-ды қоса кідіріссіз санап келіп, кілт тоқтап қалады. Егер «отыз» деп айтып жіберсек, бала әрі қарай 39-ды қоса мүдірмей айтып шығып, тағы тоқталады. Бұл қазақ баласының «дөңгелек ондықтардың» атауларын игеруде қиналатынын, ал «дөңгелек ондықтар» арасындағы сандарды атау ол үшін күрделі мәселе болып табылмайтындығын байқатады [1].

Орыс тілінде 10 мен 20 арасындағы сандардың аталуы басқа «дөңгелек ондықтар» арасындағы сандардың аталуынан өзгеше. Мысалы, 12 – двенадцать («два на десять» деген сөз

тіркесінен келіп шыққан), яғни, мұнда алдымен бірлік, содан кейін ондық айтылады. Ал басқа «дөңгелек ондықтар» арасындағы сандардың аталуы мұнан өзгеше. Мәселен, 21 – двадцать один, 34 – тридцать четыре, т.с.с., яғни, бұларда алдымен ондық, онан кейін бірлік аталады. Міне, осы себепті орыс мектебінде бірінші ондықтан кейін іле, «екінші ондық» арнайы, бөлек оқытылады. Ал, бұл қазақ мектебі үшін тиімді емес, өйткені барлық «дөңгелек ондықтар» арасындағы сан есімдердің қазақ тіліндегі жасалуында бірыңғай ортақ заңдылық бар, мұнда алдымен ондық, одан кейін бірлік аталады [3, 8].

Қорыта келгенде, қазақ мектебі үшін «екінші ондық» концентрін арнайы, бөлек оқытудың қажеттігі жоқ және «бірінші ондықтан» кейін іле, «дөңгелек ондықтардың» оқытылуы әдістемелік тұрғыдан тиімді болып табылады. Бұл мәселеге, өкінішке орай, кеңестік дәуірде мән берілмей келді. Ол тек тәуелсіздіктен кейінгі жылдары жарық көрген төл оқулықтарымызда ғана өз шешімін тапты.

М.Дулатовтың еліміздің қоғамдық-саяси өміріне, білім және ғылым салаларына, әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екендігі белгілі. Бұл оның ана тіліміздегі алғашқы математика оқулықтарының авторы ретінде атқарған әдістемелік-математикалық қызметімен толықтырылуы және осы тұрғыдан да өзіндік бағасын алуы тиіс. Мәселен, орыс тіліндегі алғашқы арифметика оқулығының авторы ретіндегі Л.Магницкийдің қызметі М.Ломоносовтың «ғылымилықтың қақпасы» («врата учености») деп орынды атап көрсеткеніндей, әлі күнге дейін жоғары дәрежеде бағаланады. Біздің ойымызша, М.Дулатовтың да қызметі Л.Магницкийдің орыс мектебінде математиканы оқыту әдістемесі ғылымына сіңірген еңбегіндей дәрежеде бағалануы тиіс.

Бүгінгі таңда ұлттың ұлы тұлғасының қазақ математика әдістемесі ғылымына сіңірген ерен еңбегін ұлықтау мен насихаттауда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасында бірқатар игілікті іс-шаралар атқарылуда. Атап айтқанда, кафедра меңгерушісі, ҚР ҰҒА-ның академигі А.Е.Әбілқасымова мен кафедраның профессоры Б.М.Қосановтың авторлығымен үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жарық көрген «Қазақстанда математиканы оқыту сабақтастығының қалыптасу тарихы» атты оқу құралында М.Дулатовтың мұраларына қатысты материалдарға мол орын берілген.

Аталмыш оқу құралының «6В01501 – Математика» мамандығының білім беру бағдарламасындағы «Математика тарихы» пәнін оқытуда негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылуы білім алушылардың М.Дулатовтың математика оқулықтары туралы терең білім алуларына және оның әдістемелік-математикалық идеяларын қазіргі мектеп тәжірибесінде математиканы оқыту үдерісінде пайдалана алуларына мол мүмкіндік туғызылып отырғандығының айғағы болып табылады [5-7].

Сонымен қатар, «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының 2 курс докторанты Б.Халимбетов «М.Дулатовтың әдістемелік-математикалық мұралары және олардың қазіргі қазақ мектебі үшін маңызы» тақырыбында диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізуде.

Қорытынды

Қазақ халқының ұлы перзенті Міржақып Дулатовтың тыңнан түрен сала отырып, математиканың алғашқы оқу құралдарын жазуды жүзеге асыруда атқарған ерен еңбегіне лайықты баға беру біздің университетіміздің ғана емес, барша қазақ халқының алдындағы маңызды міндет демекпіз.

Жалпы алғанда, М.Дулатов көптеген аса құнды әдістемелік-математикалық пікірлер мен идеяларды әдістемелік мұра ретінде қалдырды. Оларды математиканы оқытудың жалпы мәселелеріне қатысты таратып айтсақ:

- математиканы оқыту мазмұны деңгейінің сол кезеңдегі дамыған елдер мектептері үшін анықталған мөлшер мен деңгейден төмен болмауына күш салу;

- өз заманындағы озық әдістемелік-математикалық идеяларды пайдалануға ұмтылу;

- басқа ұлт мектептеріндегі, әсіресе, орыс мектептеріндегі математиканы оқытуға қатысты озат тәжірибелерді қазақ мектебінің ерекшеліктеріне ыңғайлай отырып пайдалану;
- математиканы оқытуда ғылым негіздерінің мазмұн бірлігін сақтау үшін пәнаралық байланысты нығайту;
- қазақ халқының математикалық білім беру жөніндегі дәстүрлік тәжірибесін ескеру;
- математиканы оқытуды өмірмен және тұрмыспен, сондай-ақ қазақ баласын қоршаған ортаның ерекшеліктерімен жанастыруға тырысу;
- математиканы оқытуды қазақ баласының ұлттық, жас ерекшеліктеріне сай психологиялық мүмкіндіктерімен, қазақ халқының әдет-ғұрпымен және салт-дәстүрімен үйлестіруге ұмтылу;
- математиканы география, тарих, экономика және т.с.с. ғылым салаларымен ұштастыра оқытуға мән беру және т.б.

М.Дулатовтың әдістемелік-математикалық мұраларында математиканы оқытудың дербес мәселелеріне қатысты да құнды идеялар баршылық, олар:
- математикалық материалдың оқушылардың тілін дамыту мәселесімен барынша үйлесімді болуының ескерілуі;
- арифметикалық материалды оқытуда сандар аймағын кеңейтудің өзіндік әдістемелік жүйесінің ұсынылуы;
- ауызша және жазбаша есептеулерді оқытудың тиімді ара қатынасының сақталуы;
- көбейту кестесін оқытудың өзіндік әдістемелік жүйесінің ұсынылуы;
- есеп материалдары ретінде еліміздің елді мекендеріне, өзен-көлдеріне, халық және мал санағына және т.б. байланысты сандық мәліметтердің кеңінен пайдаланылуы;
- геометриялық ұғымдарды қалыптастырудың негізгі көзі ретінде бақылау мен тәжірибеге баса мән берілуі;
- геометриялық фактілер мен тұжырымдарды тағайындаудың практикалық іс-әрекеттермен шебер ұштастырылуы;
- есеп мазмұнының оқушыға таныс, күнделікті өмір мен тұрмыстағы оқиғалармен сабақтастырылуы;
- оқушылардың жер бетіндегі өлшеу жұмыстарын жүргізе білу дағдыларын қалыптастыруға мән берілуі;
- математикалық терминдер жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндіктеріне иек артушылық, оның тілдік байлығын мүмкіндігінше, сарқа пайдалануға тырысушылық;
- бастауыш сыныптарда алгебралық материалды пропедевтикалық мақсатта оқытуды жүзеге асыруға ұмтылушылық және т.б.

Қазіргі таңда болашақ математика пәні мұғалімдерін М.Дулатов мұраларындағы құнды әдістемелік-математикалық идеялармен таныстыру және оларды жаңа сипаттағы қазақ мектебінде математиканы оқыту ісінде тиімді пайдалана білуге оқытып-үйрету ерекше орын алып отыр. Осы орайда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «М.Дулатов атындағы математика кабинетінің» ашылуы осы мәселені жүзеге асырудың жарқын көрінісі деп атап айтуға болады. Аталмыш кабинетті университеттің Басқарма төрағасы-Ректоры Б.Тілеп салтанатты түрде ашып, М.Дулатовтың ғылыми-әдістемелік мұраларының математика пәні мұғалімдерін дайындаудағы маңызын ашып көрсетті (сурет 4).



Сурет 4. «М.Дулатов атындағы математика кабинетінің» ашылу салтанатынан көріністер

Бұл мерекелік іс-шараға еліміздің көрнекті ғалымдары мен академиктері М.Өтелбаев, М.Жұрынов, М.Қойгелдиев, А.Әбілқасымова, А.Жарменов, М.Садыбеков, сондай-ақ Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Д.Әлиев, М.Дулатовтың немересі Е.Ә.Сатыбалды және т.б. педагог-әдіскерлер қатысты.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

[1] Дулатов М. Есеп құралы. Екінші жылдық. Орынбор, 1914 // Дулатова Г., Иманбаева С. Міржақып Дулатұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. – 4-том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. – Алматы: Мектеп, 2013. – 344 б. ISBN 978-601-293-963-7.

[2] Дулатов М. Есеп құралы. Бірінші жылдық. Орынбор, 1922 //Дулатова Г., Иманбаева С. Міржақып Дулатұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. – 4-том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. – Алматы: Мектеп, 2013. – 344 б. ISBN 978-601-293-957-6.

[3] Дулатов М. Есеп құралы. Екінші жылдық. Қызылорда, 1927 // Дулатова Г., Иманбаева С. Міржақып Дулатұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. – 4-том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. – Алматы: Мектеп, 2013. – 344 б. ISBN 978-601-293-961-3.

[4] Қосанов Б.М. Ана тіліндегі алғашқы математика оқулықтары: монография. –Алматы: Мерей, 2015. – 500 б. ISBN 978-601-06-3418-2.

[5] Абылкасымова А.Е., Косанов Б.М. История становления и развитие методики преподавания математики: Учебное пособие.-Алматы: Мектеп, 2020. – 336 с. ISBN 978-601-07-1464-9.

[6] Әбілқасымова А.Е., Қосанов Б.М. Қазақстандағы математиканы оқыту сабақтастығының қалыптасу тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2023. – 332с. ISBN 978-601-07-1644-5.

[7] Abylkassymova A.E., Kossanov B.M. The continuity of mathematics teaching in Kazakhstan from historical perspective. Textbook. – Almaty: Mektep, 2025. – 368p. ISBN 978-601-07-1816-6.

[8] Әбілқасымова А.Е., Қосанов Б.М., Халимбетов Б.Я. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы математикалық білім берудің жағдайына тарихи шолу. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы, №3(91),2025. – 102-110 бб. DOI: 10.51889/2959-5894.2025.91.3.009.

References

[1] Dulatov M. (1914) Calculation tool. Second year. Orenburg. //Dulatova G., Imanbayeva S. Mirzhakyp Dulatuly. Six-volume collection of works. – Volume 4: Enlightenment-oriented works and teaching aids. – Almaty: Mektep. – 344 p. ISBN 978-601-293-963-7.

[2] Dulatov M. (1922) Calculation tool. First year. Orenburg. //Dulatova G., Imanbayeva S. Mirzhakyp Dulatuly. Six-volume collection of works. – Volume 4: Enlightenment-oriented works and teaching aids. – Almaty: Mektep. – 344 p. ISBN 978-601-293-957-6.

[3] Dulatov M. (1927) Calculation tool. Second year. Kyzylorda. //Dulatova G., Imanbayeva S. Mirzhakyp Dulatuly. Six-volume collection of works. – Volume 4: Enlightenment-oriented works and teaching aids. – Almaty: Mektep. – 344 p. ISBN 978-601-293-961-3.

[4] Kossanov B.M. (2015) The first mathematics textbooks in the native language: monograph. – Almaty: Merey. – 500 p. ISBN 978-601-06-3418-2.

[5] Abylkassymova A.E., Kossanov B.M. (2020) The history of formation and development of mathematics teaching methods: Teaching manual.-Almaty: Mektep. - 336 p. ISBN 978-601-07-1464-9.

[6] Abylkassymova A.E., Kossanov B.M. (2023) The history of the formation of the continuity of mathematics teaching in Kazakhstan. Textbook. – Almaty:Mektep. – 332p.ISBN 978-601-07-1644-5

[7] Abylkassymova A.E., Kossanov B.M. (2025) The continuity of mathematics teaching in Kazakhstan from historical perspective. Textbook. – Almaty: Mektep. – 368p. ISBN 978-601-07-1816-6.

[8] Abilkassymova A.E., Kossanov B.M., Khalimbetov B.Ya. Historical review of the state of mathematical education in Kazakhstan before the October Revolution. Bulletin of the Abai Kazakh National University of Physical Education, series "Physical and Mathematical Sciences", No. 3(91), 2025. – pp. 102-110. DOI: 10.51889/2959-5894.2025.91.3.009.

ҒТАХР 14.25.09

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.006

Г.Е. Берикханова[1], Д.С. Құдайбергенов[1], М.Т. Искакова[2]

[1]Шәкәрім университеті, Семей қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Казақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
**e-mail: makpalsemey@mail.ru*

СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ТРАНСЦЕНДЕНТТІ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Оқушыда математикалық сауаттылық, зерттеушілік және шығармашылық құзіреттілік қалыптастыру – математиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі. Оқушылардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытудың бір жолы – қиындығы жоғары және стандартты емес есептерді шығара білуге жаттықтыру мұғалімнің шеберлігі мен еңбекқорлығының нәтижесінде жүзеге асады. Стандартты емес трансцендентті есептер, сондай-ақ стандартты емес әдістермен шығарылатын есептер конкурстық, олимпиадалық тапсырмаларда жиі кездеседі. Мақалада стандартты емес трансцендентті теңдеулерді шешуде дәстүрлі әдістерден тыс жаңа стратегиялық әдістерді қолдануды қарастырады. Функцияның монотондылығын, шенелгендігін, жұптылығын, мүмкін мәндер жиынын қолдану, теңдеуді функцияға көбейту және сан аралықтарында зерттеу сияқты тәсілдер қарастырылады. Олардың қолданылуы мен тиімділігі мысалдар арқылы көрсетіледі. Стандартты емес теңдеулерді шешудің барлық тәсілдерін қарастырып шығу мүмкін емес. Қарастырылған мысалдардан стандартты емес трансцендентті теңдеулерді шешу оқушылардың меңгерген материалдарын шығармашылықпен ұғынуына, ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Осындай мысалдар математикалық үйірмеде, сыныптан тыс сабақтарда, олимпиадаға дайындауда сондай-ақ қорытынды - қайталау сабақтарында қолдану арқылы стандартты емес тәсілдермен шешілетін теңдеулерді дәстүрлі емес әдістермен шығаруға, тиімді тәсілдерді іздеуге оқушыларды баулиды. Жұмыс қазіргі контексте теңдеулерді шешуге бірегей көзқарас ұсына отырып, жаңа перспективаларды ашады және оқушыда математика пәніне шығармашылық көзқарасты шабыттандырады.

Түйін сөздер: стандартты емес теңдеулер, шешу әдістері, монотондылық, шенелгендік, жұптық, мүмкін мәндер жиыны, функцияны зерттеу.

Г.Е. Берикханова[1], Д.С. Кудайбергенов[1], М.Т. Искакова[2*]
Шакарим университет, г. Семей, Казахстан
[2] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстаны

МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ НЕСТАНДАРТНЫХ ТРАНСЦЕНДЕНТНЫХ УРАВНЕНИЙ

Аннотация

Формирование у ученика математической грамотности, исследовательской и творческой компетентности – одна из основных целей обучения математике. Один из способов развития творческих способностей и способностей мышления учащихся - обучение умению решать задач повышенной трудности и нестандартные задачи достигается в результате мастерства и трудолюбия учителя. Нестандартные трансцендентные задачи, а также задачи, решаемые нестандартными методами, часто встречаются в конкурсных, олимпийских заданиях. В статье рассматривается решение нестандартных трансцендентных уравнений с использованием новых стратегических методов, выходящих за рамки традиционных. Рассматриваются такие методы, как использование монотонности, ограниченности, четности функции, области допустимых значений, умножение уравнения на функцию и исследование на числовых интервалах. Их применение и эффективность демонстрируются на примерах. Рассмотреть все способы решения нестандартных уравнений невозможно. Решение нестандартных трансцендентных уравнений на рассмотренных примерах способствует творческому осмыслению учащимися усвоенного материала, развитию мышления. Используя подобные примеры в математическом кружке, на внеклассных занятиях, в подготовке к олимпиаде, а также на итогово-повторных занятиях, учащиеся вовлекаются в поиск эффективных методов решения нестандартных уравнений, решаемые нестандартными, нетрадиционными

способами. Работа открывает новые перспективы, предлагая уникальный подход к решению уравнений в современном контексте, и вдохновляет учащегося на творческий подход к математике.

Ключевые слова: нестандартные уравнения, методы решения, монотонность, ограниченность, четность, область допустимых значений, исследование функции.

G.E. Berikkhanova[1], D.S. Kudaibergenov[2], M.T. Iskakova[3]
Shakarim University, Semey, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

METHODS FOR SOLVING TRANSCENDENTAL NON-STANDARD EQUATIONS

Abstract

Formation of mathematical literacy, research, and creative competence in students is one of the main goals of mathematics education. One way to develop creative thinking skills among students is through teaching them how to solve challenging and non-standard problems, achieved through the mastery and diligence of the teacher. Non-standard transcendental problems, as well as problems solved using non-traditional methods, are often encountered in competitive and Olympiad tasks. The article considers the solution of non-standard transcendental equations using new strategic methods that go beyond traditional ones.Methods such as utilizing monotonicity, boundedness, function parity, domain of admissible values, multiplying equations by functions, and exploring numerical intervals are considered. Their application and effectiveness are demonstrated through examples. It is impossible to consider all methods for solving non-standard equations. Solving non-standard transcendental equations using the examples considered promotes students' creative understanding of the material they have learned and the development of their thinking. By using such examples in math clubs, extracurricular activities, olympiad preparation, as well as in final review sessions, students are engaged in finding effective methods for solving non-standard equations using non-traditional approaches. The work opens up new perspectives, offering a unique approach to solving equations in a modern context, and inspires students to take a creative approach to mathematics.

Keywords: Non-standard equations, solution methods, monotonicity, boundedness, parity, domain of admissible values, function exploration.

Кіріспе

Еліміздің тәуелсіздігі білім беру жүйесінде де жаңару мен жаңғыртудың қажеттілігін айқындады. Еліміздегі білім беру көптеген өзгерістерге ұшырап, дамып келеді. Білім алушылар жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, бәсекеге қабілетті, нақты қабілеттері мен дағдылары қалыптасқан азамат болуы басты міндет.

Білімалушы оқу мен тәжірибенің теориялық негізделген тәсілін меңгеріп, оны өмірлік практикада қолдануды немесе қойылған мәселені шешуге жаңа тәсілдерді өз бетінше таба алуды қалыптастыруы қажет. Осы мақсатта оқушыда математикалық сауаттылық, зерттеушілік және шығармашылық құзіреттілік қалыптастырылады.

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту – білім саласының негізгі міндеттерінің бірі. Бұл міндетті орындау барысында мектептің математика курсын оқытудың маңызы зор. Әр тақырыпты түсіндіріп, оқулықтағы есептерді шығартумен қатар, алған білімнің өмірмен байланысын, күрделі ситуацияларда қолданылуын, қиындығы жоғары және стандартты емес есептерді шығара білуге жаттықтыру мұғалімнен үлкен шеберлік пен еңбекқорлықты талап етеді.

Қиындығы жоғары, стандартты емес трансцендентті есептерді шығара білу – оқушылардың математикалық ой-өрісінің дамығандығының анық көрсеткіші. Мектеп бағдарламасындағы математика курсы білім алушылардың ой-өрісі мен білім деңгейін арттыруда және азамат етіп тәрбиелеуде маңызы ерекше [1].

Демек, оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін ең алдымен олардың ынтасы мен қабілетіне қарай қызығып шығаратын есептерді мұқияттылықпен іріктеп алу керек. Егер есептің күрделілігі оқушылардың оқу бағдарламасына, қабілетіне сай болмаса немесе тым күрделі болса, оқушыда пәнге деген ынта төмендейтіні анық.

Есеп шешімін болжау байқампаздық пен ой ептілігін қажет етеді, яғни негізгі қасиеттерін, ерекшеліктерін, ұқсастық белгілерін ажыратып, салыстыра білуі керек. Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырудың ең ұтымды әдісі – салыстыру және ұқсату, анализ және синтез болып саналады. Сондай тәсілдердің бірі – стандартты және стандартты емес есептерді салыстыра отырып шешуде өте маңызды.

Оқушылардың есепті шығара білуге үйрету процесі шығармашылық сипатта болуы керек. Ал шығармашылық қабілет оқушылардың жалпы дамуының құрамдас бөлігі бола отырып, зерттеушілік қызметтің бір формасы болып табылады.

Мектеп математика курсын оқытуда оқушыларда зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру пән мұғалімінің негізгі міндеті. Мектептің оқулықтарында «зерттеуге» берілген есептер жиыны бар. Дегенмен, «зерттеу» ұғымы формальді болып, оқушыда ешқандай зерттеушілік іс-әрекет байқалмайтын жағдайлар кездеседі.

Зеттеушілік қызметті көп талап ететін есептер – *стандартты емес трансценденттті есептер*. Стандартты емес трансцендентті есептердің қиындығы өте жоғары болады. Осындай тапсырмаларды орындау білім алушылардан терең ізденісті, шығармашылықты, жүйелі логикалық ойлауды және үлкен еңбекті қажет етеді. Бұлар оқушы тәрбиесінде ең керекті, әрі ең маңызды қасиеттердің бірі болып саналады.

Оқушылардың математикалық қабілеттерін арттыру және математика пәніне деген құлшынысын тәрбиелеуде қызықты есептер мен логикалық күрделі есептерді қолдану тиімді. Егер оқушы есепті шығара алатындығына сенімді болса, оның білім алудағы табысқа жетуі айқын болады. Есеп өте күрделі болса, оқушының амалы болмай, шығармашылық қабілеті төмендейді де, оның дамуына бөгет жасайды. Мұғалім тапсырмаларды мұқияттылықпен таңдай отырып, оқушыларының сенімі мен жігерін, қызығушылығын, оның есепті шешуге ұмтылуын, жетістікке жетуін қамтамасыз етеді. Тапсырманы орындау барысында мына алгоритмді білген жөн:

1) тапсырманың берілгенін түсіну;
2) тапсырманы орындау қадамын анықтау;
3) құрылған қадамды іске асыру;
4) табылған шешімді корытындылап үйрену.

Есеп шығаруда осы алгоритмнің қалыптасуы білім алушының шығармашылық құзіреттілігін дамытуға, тақырыпты меңгерудегі қиындықтар мен олқылықтарды жеңуге мүмкіндік беретіні белгілі. Ұстаздың міндеті – оқушының бойында ойлау және шығармашылық құзіреттіліктерін қалыптастыра білуі. Ал оның кілті – шығармашылық, логикалық есептерді шығарту. Білім алушылардың шығармашылық, логикалық тапсырмаларды көбірек орындауы олардың білік және білім дағдысын қалыптастыра отырып жүзеге асады. Сонымен, білім алушыны шығармашылыққа бейімдейтін, ой-өрісін кеңейтетін құрал ретінде логикалық және стандартты емес есептерді айтуға болады.

Қандай математикалық есепті стандартты емес деп атауға болады? Ш.Б.Жиенбаев аударған Г.А.Козловтың «Стандартты емес есептерді шешуді үйрен» атты кітабында стандартты емес есеп ұғымына жақсы анықтама берілген:

Стандартты емес есептер деп математика курсында оларды шешудің нақты бағдарламасын анықтайтын жалпы ережелер мен түсініктері жоқ мәселелерді айтамыз. Оларды қиындығы жоғары есептермен шатастыруға болмайды [2].

Стандартты емес есептерді шешкенде, әдетте, ереже болып табылмайтын нұсқауларды қолданамыз. Шешім әр кезде өзгеше болып табылады, ол есеп шартына және оқушының есептерді шешу тәжірибесі мен біліктілігімен тығыз байланысты.

Стандартты емес тапсырмаларды шешу процесі мынадай екі негізгі әрекетті орындаудан тұрады:

1) Түрлендіру немесе орын ауыстыру арқылы берілген стандартты емес есепке ұқсас болатын стандартты есептің шығару жолы туралы ақпаратты алу.
2) Стандартты емес есептерді бірнеше стандартты есептерге бөлу.

Стандартты емес есеп сипатына байланысты осы операциялардың біреуін қолдану қажет. Ал күрделі стандартты емес есептерді шешкенде бұл операциялар бірнеше рет қолданылады.

Стандартты емес есептерді шешу үшін осы екі операцияны қолдану туралы нұсқауларды әдетте эвристикалық ереже немесе эвристиктер деп атайды. Ол міндетті емес кеңес болғандықтан, ұсыныс сипатын қабылдайды, оның салдары есепті шешуге әкелеуі де әкелмеуі де мүмкін.

Сонымен, есепті шешу шығармашылық қызмет түрі, ал шешімді іздеу тапқырлықтың процесі. Осы жерде маңыздысы әр түрлі шығару жолдарын табу болып табылады. Оны іздеу кезінде танымдық, қызығушылық қалыптасады, шығармашылық қабілет дамиды, зерттегіштік дағды пайда болады. Сонымен қатар есепті шешу кезіндегі индивидуалдық ерекшеліктер әр түрлі шешу жолдарынан неғұрлым қарапайым, рационалды және әдемісін таңдауға мүмкіндік береді [3].

Математикалық аппараттардың негізгі құралдарының бірі – физикадан экономикаға дейінгі әртүрлі салаларда қолданылатын теңдеулер. Алайда, теңдеулерді шешудің стандартты әдістері жеткіліксіз немесе тиімсіз болатын есептер класы бар.

Теңдеулерді шешудің стандартты емес әдістері теңдеулерді терең зерттеуге және олардың қасиеттерін инновациялық тәсілдермен қолдана білуге негізделген. Әр түрлі типтегі теңдеулерді мұқият талдаудың нәтижелерін ұсына отырып, бұл әдістер математикалық есептердің белгілі бір кластарына тән ерекше заңдылықтар мен құрылымдарды анықтауға негізделген. Теңдеулердің қасиеттерін пайдалану классикалық әдістердің шектеулеріне қарамай, ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қолданудың жаңа перспективаларын ашу арқылы оларды шешудің арнайы тәсілдерін жасауға мүмкіндік береді [4].

А.Я. Канель-Беловтың еңбектерінде стандартты емес есептерді шешудің мынандай әдістері келтіріледі: ұқсас есептерді іздеу, кері жорып дәлелдеу, сәйкестік, графтар, инварианттылық, Дирихле принципі, математикалық индукция, Евклид алгоритмі [5].

Стандартты емес есептерді шығару оқушының математикалық сауаттылығын қалыптастыруда және дамытуда маңызы зор [6].

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің мақсатына жету үшін, яғни стандартты емес теңдеуді шешу үшін, ғылыми математикалық танымдардың әртүрлі әдістерін қамтитын *кешенді әдістер* қолданылды. Теңдеулерді шешудің стандартты емес әдістерін қолдануды қарастырамыз.

Түрлендірулер нәтижесінде немесе айнымалыны сәтті ауыстыру арқылы кез-келген $f(x)+g(x)=0$ теңдеуін белгілі бір шешу алгоритмі бар стандарт түрге келтіруге бола бермейді. Мұндай жағдайларда $f(x)$ және $g(x)$ *функцияларының қасиеттерін қолдану әдісі* өте тиімді.

Ол үшін осы функциялардың анықталу облыстарының қиылысуын табамыз. Сол облыста осы *функциялардың монотондылығын* анықтап, сан аралығында үзіліссіз, монотонды функциялардың алгебралық қосындысының қасиеттерін қолданамыз.

Стандартты емес теңдеудің құрамында трансценденттті функциялар бар болса, олардың *шенелгендігі* берілген теңдеудің түбірлерінің санын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат теңдеудің түбірінің мүмкін мәндер жиынындағы қандай да бір аралыққа тиісті екенін көрсетеді. Осы аралықта ғана теңдеуге зерттеу жүргізу есепті шешу процесін тиімді ықшамдайды.

$f(x)=c$ түріндегі стандартты емес теңдеуді шешуде $f(x)$ функциясының *тақ, жұптылығын* қолданып, оның түбірлерінің санын табуды жеңілдетуге болады. Атап айтсақ, егер теңдеудің бір x_0 түбірін табу оның екінші $-x_0$ түбірінің болатындығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, теңдеудің берілген аралықтағы түбірлер санын алдын ала анықтауға

мүмкіндік туғызады. Теңдеудің берілуіне байланысты функцияның басқа да қасиеттерін пайдалану қажет.

Функцияның қасиеттерін пайдаланудан басқа теңдеулерді шешудің басқа стандартты емес әдістері бар. Бұл әдістер *жасанды тәсілдер* деп аталады. Кейде алгебралық теңдеудің шешімін табу оның екі бөлігін де белгілі бір функцияға немесе көпмүшеге көбейту арқылы айтарлықтай жеңілдейді. Бұл жағдайда артық түбірлердің пайда болуы мүмкін екендігін есте ұстаған жөн. Сондықтан бастапқы теңдеуге эквивалент теңдеу алу үшін түбірі жоқ көпмүшеге көбейту керек. Ал егер түбірі бар көпмүшеге көбейтсек, бұл түбірлердің әрқайсысын бастапқы теңдеуге қойып, көпмүшенің түбірі теңдеудің түбірі болып табылатынын не табылмайтындығын тексеру қажет.

Стандартты емес трансценденттi теңдеуді шешуде *функцияның туындысын қолдану әдісі* өте кең пайдаланылатын әдістердің бірі. Функцияның өсуі мен кемуін, экстремумдарын қолдану жиі пайдаланылады [7]. Мұндай есептерді шешудің нақты әдістері болмағандақтан, есептің берілуіне байланысты аталған әдіс-тәсілді сәтті таңдауға тура келеді. Кейбір теңдеулерді шешу барысында осы аталған әдістердің бірнеше түрін кешенді қолдануға болады. Сондықтан оқушыға сан-алуан әдістерді меңгерту мұғалімнің өзінен де, қызметінен де үлкен білім мен іскерлікті талап етеді.

Сонымен қатар стандартты емес трансценденттi теңдеулерді шешуде математикалық анализдің басқа да элементтерін қолдану өте тиімді [8].

Зерттеу нәтижелері

The third panel of Figure 1 illustrates the dynamics of the BiLSTM hidden states. The normative values of the concealed vectors progressively rise, culminating towards the conclusion of the sequence. Data accumulation over many time steps indicates that BiLSTM models effectively capture long-term dependencies. CNN emphasizes local patterns, but LSTM analyzes global context, which is crucial in network traffic analysis, where abnormalities may develop gradually.

Concealed activations at the sequence's conclusion may suggest that the network acquires knowledge of aberrant characteristics. These dynamics reinforce the notion that recurrent networks are crucial for identifying intricate and protracted anomalies.

Classification outcomes

The model quantifies prediction confidence instead of rendering a binary decision. This attribute is advantageous in IoT systems, as it enables administrators to use probabilistic predictions to establish adaptive thresholds for monitoring and active response.

Significance and utilization

The findings indicate that the hybrid CNN + BiLSTM architecture can address two issues concurrently:

a) CNN local analysis for identifying short-term traffic surges.
b) Global LSTM analysis incorporates long-term dependencies and the buildup of anomalies.

This approach effectively identifies intricate attacks, encompassing concealed or "slow" anomalies that conventional methods fail to detect. Hybrid methods diminish false positives and enhance the reliability of IoT security.

The figure 3 shows visualizing the model's functionality (CNN activations and LSTM hidden states) helps researchers understand the patterns the network recognizes and their influence on the final decision. This links these systems with Explainable AI, which is essential in cybersecurity.



Figure 3. Hybrid CNN–BiLSTM model temporal dynamics visualization

The trials demonstrate that the hybrid CNN + BiLSTM model can identify anomalies in IoT traffic. The model emphasized significant traits, accounted for temporal context, and produced dependable probabilistic predictions. The displayed outcomes validate the architectural selection and provide enhanced optimization, including attention methods and more representative feature sets.

The figure 4 depicts the probability distribution of the hybrid CNN + BiLSTM model for binary classification of "norm/anomaly."



Figure 4. Distribution of prediction probabilities of the hybrid CNN–BiLSTM models

The model's confidence in the case's classification is indicated by the bar's height. The likelihood of the "Norm" class was 65%, whereas that of the "Anomaly" class was 35%. This outcome indicates that the model renders both categorical and probabilistic determinations, enabling the evaluation of a network event's "suspiciousness."

The analysis of these results is essential for IoT system applications. For instance:

a) Should the threshold of 70–80% be surpassed, the system will obstruct dubious activities. Events exhibiting an anomaly probability between 30% and 50% may be classified as "doubtful" and forwarded to the administrator for additional examination.

b) Probabilistic inference facilitates adaptable system modifications to meet particular security demands: essential infrastructures employ rigid thresholds, whereas residential IoT devices utilize more lenient thresholds.

c) The graph indicates that CNN + BiLSTM can effectively detect anomalies and evaluate decision confidence, which is essential in unpredictable and noisy network data.

Discussion

The research indicated that neural networks hold significant potential for cybersecurity in the Internet of Things. The increasing prevalence of connected devices and the complexity of network interaction design pose new challenges for intelligent, adaptive security measures. Deep learning addresses challenges that conventional technologies could not resolve.

Anomaly detection is effective in neural networks. Convolutional neural networks (CNNs) identify local patterns and transient network traffic surges, whereas recurrent neural networks (LSTMs, BiLSTMs) address long-term dependencies and variations in device behavior. These techniques in hybrid models provide thorough data analysis, enhancing the identification of attacks, even concealed or gradual irregularities.

Secondly, neural network techniques have demonstrated efficacy in classifying harmful code and analyzing network traffic. Deep learning models can generalize from experience, detect novel dangers, and minimize false positives, unlike signature systems. This is essential given the rapid release of new exploits and the evolution of attacks.

Third, the study emphasizes the use of sophisticated authentication systems. Biometric neural network models (voice, facial, behavioral) can enhance the trustworthiness of IoT devices and reduce unauthorized access. Multi-factor authentication enhances security by integrating biometrics, behavioral attributes, and contextual elements.

Conclusion

Nonetheless, prevailing constraints must be acknowledged. Significant computing expenses, extensive training datasets, and opaque decision-making processes persist as challenges. To deploy models in the IoT ecosystem, structures must be optimized, algorithmic resource consumption must be minimized, and explainable AI methodologies must be established. Federated and distributed learning minimize data transmission and the risk of exposing confidential information.

In summary, neural networks are establishing a novel paradigm for IoT cybersecurity. Their implementation enables intelligent security systems to adapt to a rapidly evolving threat environment, detect novel anomalies, and maintain user confidence. Consequently, deep learning techniques for IoT must be developed and incorporated to establish a sustainable and reliable digital ecosystem within the framework of global digitalization.

References

[1]Mu, X., & Antwi-Afari, M. F. (2024). The applications of IoTin industrial management: a science mapping review. International Journal of Production Research, 62(5), 1928-1952.

[2]Islam, Z., Bhuiyan, M. R. I., Poli, T. A., Hossain, R., & Mani, L. (2024). Gravitating towards internet of things: Prospective applications, challenges, and solutions of using IoT. International Journal of Religion, 5(2), 436-451.

[3]Bekualykyzy, B. G., Zhakypkyzy, Z. A., Nurbolat, T., Alimhan, K., Sherzod, T., & Smakhulovna, S. G. (2024, May). Control of nonlinear system by means of feedback using the Python-control library. In 2024

IEEE 4th International Conference on Smart Information Systems and Technologies (SIST) (pp. 164-168). IEEE.

[4]Rath, K. C., Khang, A., & Roy, D. (2024). The role of IoTtechnology in Industry 4.0 economy. In Advanced IoT technologies and applications in the industry 4.0 digital economy (pp. 1-28). CRC Press.

[5]Belessova, D., Ibashova, A., Zhidebayeva, A., Shaimerdenova, G., & Nakhipova, V. (2024). The impact of "scratch" on student engagement and academic performance in primary schools. Open Education Studies, 6(1), 20220228.

[6]Hashem, I. A., Siddiqa, A., Alaba, F. A., Bilal, M., & Alhashmi, S. M. (2024). Distributed intelligence for IoT-based smart cities: A survey. Neural Computing and Applications, 36(27), 16621-16656.

[7]Makhanova, Z., Beissenova, G., Madiyarova, A., Chazhabayeva, M., Mambetaliyeva, G., Suimenova, M., ... & Baiburin, A. (2024). A Deep Residual Network Designed for Detecting Cracks in Buildings of Historical Significance. International Journal of Advanced Computer Science & Applications, 15(5).

[8]Erhueh, O. V., Elete, T., Akano, O. A., Nwakile, C., & Hanson, E. (2024). Application of IoTin energy infrastructure: Lessons for the future of operations and maintenance. Comprehensive Research and Reviews in Science and Technology, 2(2), 28-54.

[9]Belessova, D., Ibashova, A., Bosova, L., & Shaimerdenova, G. (2023). Digital learning ecosystem: Current state, prospects, and hurdles. Open Education Studies, 5(1), 20220179.

[10] Prince, N. U., Al Mamun, M. A., Olajide, A. O., Khan, O. U., Akeem, A. B., & Sani, A. I. (2024). IEEE Standards and Deep Learning Techniques for Securing IoTDevices Against Cyber Attacks. Journal of Computational Analysis & Applications, 33(7).

[11] Subrahmanyam, V., Sagar, M., Balram, G., Ramana, J. V., Tejaswi, S., & Mohammad, H. P. (2024, May). An Efficient Reliable Data Communication For Unmanned Air Vehicles (UAV) Enabled Industry Internet of Things (IIoT). In 2024 3rd International Conference on Artificial Intelligence For Internet of Things (AIIoT) (pp. 1-4). IEEE.

[12] Illakya, T., Keerthana, B., Murugan, K., Venkatesh, P., Manikandan, M., & Maran, K. (2024, April). The role of the internet of things in the telecom sector. In 2024 International Conference on Communication, Computing and Internet of Things (IC3IoT) (pp. 1-5). IEEE.

ҒТАХР 27.41.19

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.017

Ж.М. Бектемесов[1,*], А.Т. Турарбек[1], Ұ.Қ. Социалова[2], А.А. Нұрғали[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[*]*e-mail: zholaman.bektemessov@kaznu.kz*

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ФЕЙКТЕРДІҢ ТАРАЛУЫН САНДЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада әлеуметтік желілерде жалған (фейк) ақпараттың таралу үдерісін сипаттайтын $SIHR$ математикалық моделі қарастырылады. Ақпарат таратуды уақытша тоқтатқан, бірақ есте сақтау механизмдерінің арқасында кейіннен белсенділікке оралуы мүмкін «ұйықтап жатқан» пайдаланушылар тобының бар болуы – зерттеудің айрықша ерекшелігі болып саналады. Динамикалық процестің есте сақтау параметрлері мен ақпаратты таратудан бас тарту коэффициентінің әсерін бағалау үшін бірқатар сандық тәжірибелер жүргізілді. Модельдің параметрлерінің әртүрлі мәндері үшін уақытқа байланысты топ тығыздығының графиктері құрылды. Нәтижесінде, жалған ақпаратпен күресудің ең тиімді жолы – ақпаратты таратудан бас тарту жылдамдығын арттыру. Сондай-ақ, өздігінен және мәжбүрлі түрде еске түсіру процестері желідегі қауесеттің қызмет ету мерзімін айтарлықтай ұзартатыны және өздігінен еске түсіру параметрі жүйенің соңғы күйін айқындайтыны анықталды.

Түйін сөздер: фейк ақпараттар, математикалық модель, эпидемия, $SIHR$ моделі.

Ж.М. Бектемесов[1], А.Т. Турарбек[1], У.К. Социалова[2] , А.А. Нургали[1]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ЧИСЛЕННОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ФЕЙКОВ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

Аннотация

В статье рассматривается математическая модель $SIHR$, описывающая процесс распространения ложной (фейковой) информации в социальных сетях. Отличительной особенностью исследования является рассмотрение группы «спящих» пользователей, которые временно перестают делиться информацией, но благодаря механизмам памяти могут впоследствии снова стать активными. Была проведена серия численных экспериментов для оценки влияния параметров памяти и частоты сбоев на динамику процесса. Для различных параметров модели были построены графики зависимости плотности группы от времени. Результаты показывают, что наиболее эффективным способом борьбы с дезинформацией является увеличение скорости снижения скорости распространения. Также было обнаружено, что процессы спонтанного и принудительного воспоминания значительно продлевают срок жизни слуха в сети, а параметр спонтанного воспоминания определяет конечное состояние системы.

Ключевые слова: фейковые новости, математическая модель, эпидемия, модель $SIHR$.

Zh.M. Bektemessov[1], A.T. Turarbek[1], U.K. Sotsialova[2], A.A Nurgali[1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

NUMERICAL SIMULATION OF FAKES SPREAD IN SOCIAL NETWORKS

Abstract

The article discusses the $SIHR$ mathematical model, which describes the process of spreading misinformation (fake) on social networks. A distinctive feature of the study is the consideration of a group of “hibernating” users who temporarily stop exchanging information but can subsequently resume activity thanks

to memory mechanisms. A series of numerical experiments was conducted to assess the impact of memory parameters and failure frequency on the dynamics of the process. For various model parameters, graphs of the dependence of group density on time were constructed. The results show that the most effective way to combat misinformation is to increase the dissemination failure rate. It was also found that the processes of spontaneous and forced information recovery significantly prolong the life of a rumor on the network, and the spontaneous recovery parameter determines the final state of the system.

Keywords: fake news, mathematical model, epidemic, SIHR model.

Кіріспе

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) 2023 жылдың ортасында COVID-19 пандемиясының аяқталғанын жариялады, алайда оқу жылы басталар қарсаңында кезекті жаһандық індетті болжайтын жаңа вирус туралы жалған ақпараттар пайда болды. Интернет желісінде 2025 жылы шығып, үш жылдан астам уақытқа созылатын SPARS инфекциясы туралы жалған ақпараттар тарала бастады [1]. Ал оның алдында, пандемия кезінде вакцинаның орнына адамдарға чиптер енгізіліп жатқаны туралы жалған мәлімдемелер болды. Сол кезеңде, тек 2021 жылдың өзінде ғана жалған ақпараттың таралуы 1,5 млн-нан 9 млн-ға дейін артқан [2]. Еліміздегі жаңалықтар порталдарының бірінде тек «фейк» тегі бойынша шамамен 35 беттік ақпараттар жинақталған, олардың әрқайсысында қауесеттер мен жалған жаңалықтарға қатысты теріске шығарулар, пікірлер, мәлімдемелер, түсіндірмелер және цифрлық гигиена туралы 20 жаңалықтан бар [3].

«Фейк» (fake) сөзі ағылшын тілінен аударғанда, сын есім ретінде заттың жасандылығын, шындыққа жанаспайтындығын және сәйкессіздігін, яғни жалғандығын білдіреді. Ал фейк жаңалықтар – ойдан шығарылған жаңалық материалдары, жаңылтатын өтірік және қауесеттер [4]. Бүгінгі таңда осындай жаңалықтармен тек әлеуметтік желілер ғана емес, ресми БАҚ ақпараттық порталдарыда таратумен айналысады [5]. Қазіргі қоғамда, әсіресе жасанды интеллект, генеративті нейрондық желілер мен дипфейктертердің даму барысында, сенімсіз, жасанды және бұрмаланған ақпараттар – яғни фейк жаңалықтардың мәселесі айрықша өзекті болып, ғылыми және қоғамдық талқылаудың негізгі тақырыптарының біріне айналуда. Жалған және бұрмаланған ақпарат қоғамдық санаға теріс әсер етіп, қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды, нормаларды, құндылықтарды және мәдени дәстүрлерді бұзып, пайда табу және/немесе жағдайды ушықтыру мақсатында дүрбелең мен тепе-теңдіксіздік тудыруы мүмкін.

«Fake news» термині 2016 жылы АҚШ президенттік сайлауына деген қызығушылық артқан кезде кеңінен таралғанымен [6], фейк жаңалықтардың (қауесеттердің) таралуын модельдеу бойынша зерттеулер 1960 жылдары басталған [7]. Қауесеттердің таралуы эпидемияның таралуына ұқсас болғандықтан, осы саладағы математикалық модельдердің көпшілігі эпидемиологиялық модельдерге негізделген [8-9]. Садбери [10] өз еңбегінде қауесеттердің таралу динамикасын SIR моделіне сәйкес келетінін алға тартты.

Зерттеу әдіснамасы

Фейк жаңалықтардың (қауесеттердің) таралуының динамикалық сипаты SIR эпидемиялық таралу моделі негізінде құрылады. Бүкіл халық үш топқа бөлініп қарастырылады: S, I, R. Мұнда S, I, R сәйкесінше фейк жаңалықтарды тарататын адамдарды (Таратушылар, инфекцияға бейім адамдарға ұқсас – Spreaders), фейк жаңалықтарды ешқашан естімегендерді (Хабарсыздар, инфекцияға бейім – Ignorants), және фейк жаңалықтарды естігенімен таратпайтындарды (Бәсеңдетушілер, аурудан сауыққандар – Stiflers) білдіреді. Фейктерді тарату ережелері келесідей: 1. Таратушы білместікке бейім адаммен байланысқанда, ол адам белгілі бір ықтималдықпен таратушыға айналады. 2. Таратушы басқа таратушымен немесе бәсеңдетушімен байланысқанда, бастапқы таратушы белгілі бір ықтималдықпен бәсеңдетушіге айналады. Адамдардың фейкті белгілі бір ықтималдықпен қабылдауға бейімділігі жалған ақпараттың маңыздылығы мен сенімділігіне байланысты. Екінші жағынан,

адамдар жалған ақпараттың мерзімі өткен немесе шындыққа жанаспайтынын білгенде оны әрі қарай таратпайды. Сонымен қатар, фейкті таратушылар ұмыту механизмін ескере отырып, белгілі бір қарқынмен өздігінен таратуды тоқтатуы мүмкін [11]. Таралу процесі бір немесе бірнеше адам жалған жаңалықты білген кезде басталып, халық арасында таратушылар қалмаған кезде аяқталады.

Осылайша, фейктердің таралуының классикалық SIR моделі келесідей кеңейтілді:

1) хабарсыз адамның таратушымен байланысқан жағдайда және хабарсыз адам белгілі бір ықтималдықпен тікелей бәсеңдетушіге айналу жағдайын ескеру арқылы;

2) ұмыту механизмі арқылы таратушылар тобынан шығып, кейін есте сақтау механизмі арқылы қайтадан таратушыларға айналатын «ұйқыдағылар» (H – Hibernators) деп аталатын қосымша топты енгізу арқылы.

Қауесеттердің таралуының сипаттамалық ерекшелігіне жалпыламалық, қайталанушылық және өзгергіштік тән. «Ұйқыдағылар» деп аталатын жаңа топ фейктердің таралуының қайталанушылығын көрсетеді (Сурет 1).



Сурет 1. Фейктің таралу моделінің SIHR схемасы.

$N(t)$ дарадан тұратын тұйық және біртекті араласқан популяцияны әлеуметтік желі ретінде қарастырайық. Шын мәнінде, әрбір адамның тікелей байланысқа түсетін адамдар саны іс жүзінде бірдей және шамамен Пуассон үлестіріміне бағынатынын атап өткен жөн. Осы болжам негізінде біртекті желіде келесі элементтер қарастырылады: $I(t)$, $S(t)$, $H(t)$ және $R(t)$ сәйкесінше t уақыт мезетіндегі хабарсыздар, таратушылар, «ұйқыдағылар» және бәсеңдетушілерден тұратын популяцияның тығыздығын білдіреді. Олар нормалау шартын қанағаттандырады:

$$1 = I(t) + S(t) + H(t) + R(t) \tag{1}$$

Фейктердің таралу динамикасының моделі келесі қарапайым дифференциалдық теңдеулер жүйесімен сипатталады:

$$\begin{cases} \frac{dI(t)}{dt} = -(\lambda + \beta)\bar{k}I(t)S(t), \\ \frac{dS(t)}{dt} = \lambda\bar{k}I(t)S(t) - \alpha\bar{k}S(t)\big(S(t) + H(t) + R(t)\big) - \delta S(t) + \xi H(t) + \eta\bar{k}H(t)S(t), \\ \frac{dH(t)}{dt} = \delta S(t) - \xi H(t) - \eta\bar{k}H(t)S(t), \\ \frac{dR(t)}{dt} = \beta\bar{k}I(t)S(t) + \alpha\bar{k}S(t)\big(S(t) + H(t) + R(t)\big). \end{cases} \tag{2}$$

Мұндағы $\bar{k}$ – түзету коэффициенті, ол түйіннің орташа дәрежесін, яғни желідегі әрбір қатысушының байланыстарының орташа санын көрсетеді. Фейктер тарала бастаған сәтте тек бір ғана таратушы болады деп ұйғарылады. Фейктердің таралуының бастапқы шарты келесідей беріледі:

$$I(0) = \frac{N-1}{N}, \qquad S(0) = \frac{1}{N}, \qquad H(0) = 0, \qquad R(0) = 0. \tag{3}$$

Бұл қарапайым бастапқы модель (2) келесідей өзара байланысты құрамдас бөліктерді қамтиды:

- *Таратушылар $S(t)$ – фейктерді тарататын адамдар;*
- *Хабарсыздар $I(t)$ – фейктер туралы ешқашан естімеген адамдар;*
- *«Үйқыдағылар» $H(t)$ – фейктерді естіген, бірақ оларды таратуы да, таратпауы да мүмкін адамдар;*
- *Бәсеңдетушілер $R(t)$ – фейктерді естіген, бірақ оларды таратпайтын адамдар.*

SIHR моделінің параметрлерінің мәні мен сипаттамасы 1 кестеде келтірілді.

Кесте 1. SIHR моделінің параметрлерінің мәні мен сипаттамасы

Параметрлер	*Сипаттамасы*	*Мәні*	*Ескерту*
$N(t)$	*Желі қолданушыларының популяциясы*	10^6	
λ	*Фейктің таралу жылдамдығы*	$0.2 - 0.8$	*Жоғары мәндер фейк жылдам тарайтын жағдайларға сәйкес келеді. Төмен мәндер – сирек байланыстар немесе «жұғымдылығы» төмен фейктер үшін.*
β	*Таратудан бас тарту жылдамдығы*	$0.1 - 0.5$	*Бұл мән қатысушылардың қызығушылығын жоғалту немесе фейкті ескірген деп санау жылдамдығын бағалау негізінде таңдалады.*
α	*Бәсеңдету жылдамдығы*	$0.1 - 0.7$	*Параметрдің жоғары мәндері басқа таратушымен немесе бәсеңдетушімен байланыс кезінде фейктің таралуының жылдам тоқтауын көрсетеді.*
δ	*Ұмыту жылдамдығы*	$0.1 - 0.6$	*Жоғары мән фейкке деген қызығушылық жылдам жоғалатын, мысалы, жаңалықтың өзектілігі тез жойылатын жағдайларға тән.*
ξ	*Кенеттен еске түсіру жылдамдығы*	$0 - 0.2$	*Егер адамдар фейкті байланыссыз-ақ кенеттен «еске түсіруі» мүмкін немесе бұл сирек құбылыс деп болжанса, әдетте төмен мән немесе нөл алынады.*
η	*«Ояну» жылдамдығы*	$0.2 - 0.8$	*Жоғары мәндер «ұйқыдағы» қатысушылардың таратушымен байланыс кезінде белсенді таратуға оңай қайта оралатынын білдіреді.*
$\bar{k}$	*Түйіннің орташа дәрежесі*	$5 - 15$	*Параметрдің мәні желінің тығыздығына байланысты таңдалады.*

1-кестеде әлеуметтік желілердегі фейктердің таралу динамикасын модельдейтін дифференциалдық теңдеулер жүйесіне қатысатын барлық параметрлер көрсетілген.

λ – фейктердің таралу жылдамдығы, яғни хабарсыз адамның $(I(t))$ қауесет таратушымен байланысқанда фейк таратушыға $(S(t))$ айналу ықтималдығы, ал β параметрі хабарсыз адамның фейк таратудан бас тартып, бәсеңдетушіге $(R(t))$ айналу ықтималдығына жауап береді. δ параметрі фейк таратушының $(S(t))$) «ұйқыдағы» күйге $(H(t))$ ауысу жылдамдығын білдіреді, яғни бұл жағдайда адам фейкті ұмытып, оны таратпайды. ξ параметрі фейктердің өздігінен қайта жаңғыруына және «ұйқыдағылардың» $(H(t))$ ешқандай байланыссыз-ақ қайтадан таратушыларға айналуына жауап береді, ал η параметрі – «ұйқыдағылардың» таратушымен байланысқан кезде «оянып», фейкті қайтадан тарату ықтималдығы. α – таратушының фейк таратуды тоқтатып, бәсеңдетушілер $(R(t))$ тобына өту ықтималдығы.

Зерттеу нәтижелері

$SIHR$ моделінің динамикасын бағалау үшін бірқатар сандық эксперименттер жүргізілді. (2) жүйесін интегралдау үшін MATLAB бағдарламалық ортасында іске асырылған дәлдігі төртінші ретті Рунге-Кутта алгоритмі қолданылды. Модельдеу $N = 10^6$ түйіннен тұратын популяцияда жүргізілді. Бастапқы сценарий ретінде вирустық контенттің жылдам таралуын сипаттайтын параметрлер таңдалды: таралу қарқындылығы $\lambda = 0.8$ және байланыстардың орташа жиілігі $\bar{k} = 10$.

Сурет 2-де агенттердің төрт тобының уақыт бойынша тығыздығының өзгеруінің жалпы динамикасы көрсетілген. График ақпараттық процестің классикалық сценарийін сипаттайды: бастапқы кезеңде хабарсыздар (I) үлесінің жылдам төмендеуімен қатар жүретін таратушылар (S) санының күрт, қарқынды өсуі байқалады. Хабарсыздар ресурсы таусылған сайын таратушылар қисығы шыңына жетеді, содан кейін ақпараттық эпидемияның белсенді фазасының аяқталғанын білдіретін құлдырау кезеңіне өтеді. Бәсеңдетушілер тобы (R) біртіндеп тұрақты күйге жетіп, орнықты, монотонды өсім көрсетеді. «Ұйқыдағы» топтың (H) динамикасы ерекше назар аударуға тұрарлық: оның траекториясы таратушылар қисығының формасын сапалы түрде қайталайды (өсімнен кейінгі төмендеу), бірақ ұмыту процесінің баяу динамикасын сипаттай отырып, едәуір төмен жылдамдықпен және бірқалыпты өзгереді.



Сурет 2. $\lambda = 0.8, \beta = 0.2, \alpha = 0.3, \delta = 0.6, \xi = \eta = 0.5$ *мәніндегі ақпараттан хабарсыздар, таратушылар, ұйқыдағылар және бәсеңдетушілер тығыздының уақыттық динамикасы.*

Одан әрі зерттеуде іс-әрекеттік факторларының әсеріне, атап айтқанда ақпаратты таратудан бас тарту коэффициенті – β параметріне назар аударылды (Сурет 3). Сценарийлерде $\beta = 0$ кезінде ақпаратты таратуға қарсылықтың болмауы және $\beta = 0{,}4$ пен 0,8 мәндерінде қауесеттерді таратудан белсенді бас тарту жағдайлары модельденді.

Алынған қисықтарды талдау – β мәні мен ақпараттың таралу ауқымы арасында кері тәуелділік бар екенін көрсетті: бас тарту коэффициентінің жоғарылауы $S(t)$ функциясының максималды мәнінің төмендеуіне және эпидемиялық процестің ұзақтығының қысқаруына әкеледі. Бұл егер қатысушылар жалған ақпаратқа деген қызығушылығын тезірек жоғалтса немесе онымен алғаш кездескен кезде-ақ ескірген деп санаса, вирустық таралу тиімді түрде тежеледі деген гипотезаны растайды.



Сурет 3. Ақпаратты таратудан бас тарту β жылдамдығының әртүрлі мәндеріндегі $S(t)$таратушылар тығыздығының динамикасы, мұндағы $\lambda = 0.8, \alpha = \delta = \xi = \eta = 0.5$.

Сурет 4-те ұмыту жылдамдығы δ, кенеттен еске түсіру жылдамдығы ξ және байланыс арқылы еске түсіру жылдамдығы η сияқты жады параметрлеріне тәуелді таратушылар тығыздығының уақыт бойынша өзгеруі көрсетілген. Қызыл тұтас сызық жады механизмдері ескерілмейтін және барлық параметрлер нөлге тең болатын негізгі сценарийді білдіреді. Көк үзік сызық пен қара нүктелі сызық барлық үш параметр сәйкесінше 0,4 және 0,8 мәндеріне белгіленген сценарийлерге сәйкес келеді, бұл 40% және 80% қарқындылықты білдіреді.



Сурет 4. $\lambda = 0.8, \beta = 0.2, \alpha = 0.5$ тұрақты болған жағдайда таратушылар тығыздығының δ, ξ және η жады параметрлеріне тәуелділігі.

График көрсеткендей, ұмыту және есте сақтау әсерлерінің күшеюі аудиторияны максималды қамту деңгейін төмендеткенімен, таратушылардың толық жойылуына қажетті уақытты айтарлықтай ұзартады. Ұмыту жылдамдығы δ жоғары болғанда, белсенді қолданушылардың айтарлықтай бөлігі «ұйқыдағылар» санатына өтеді, бұл эпидемия шыңының төмендеуіне алып келеді. Дегенмен, «ұйқыдағы» қолданушылар ξ және η еске түсіру механизмдері арқылы белсенді күйге қайта орала алатындықтан, бұл процестердің жиынтық әсері фейктің түпкілікті жойылу уақытын кешіктіреді.

Сурет 5-те «ұйқыдағылар» және «бәсеңдетушілер» топтарының тығыздығының ξ параметріне тәуелді өзгеруі сипатталған.



Сурет 5. $\lambda = 0.8, \beta = 0.2, \alpha = \delta = \eta = 0.5$ *кезіндегі өздігінен еске түсіру* ξ *жылдамдығының әр түрлі мәндеріндегі «ұйқыдағылар» (a) және «бәсеңдетушілер» (b) топтары тығыздығының уақыттық динамикасы*

5(a)-суретте «ұйқыдағылар» тобының динамикасы көрсетілген. Кенеттен қалпына келу жиілігі нөлге тең болмайтын сценарийлер 0,4 және 0,8 мәндері үшін сәйкесінше көк үзік және қызыл нүктелі сызықтармен бейнеленген. Кенеттен еске түсіру жиілігінің артуы «ұйқыдағы» агенттердің ең жоғарғы (пиктік) санының азаюына әкеледі және олардың нөлге дейін төмендеуін тездетендігін графиктен көруге болады. Керісінше, қара тұтас сызықпен көрсетілген $\xi = 0$ жағдайында «ұйқыдағылар» тобының тығыздығы жүйеден жойылмай, тұрақты оң мәнге дейін монотонды түрде өседі.

5(b)-суретте осы фактордың «бәсеңдетушілер» тобына әсері көрсетілген. Түрлі-түсті сызықтармен берілген $\xi > 0$ жағдайлары үшін қалпына келу жылдамдығының жоғары болуы жүйені тепе-теңдікке тезірек алып келеді. Дегенмен, қара үзік сызықпен көрсетілген $\xi = 0$ жағдайында «бәсеңдетушілер» тобының соңғы өлшемі едәуір аз болады. Бұл «бәсеңдетуші» бола алатын популяцияның бір бөлігінің «ұйқыдағы» күйде бұғатталып қалуымен байланысты.

Тұрақты күйде «ұйқыдағы» индивидтердің қалдық тобының болуы немесе болмауы η емес, толығымен ξ параметрімен анықталады. Бұл қайта оралу механизмдеріндегі іргелі айырмашылықпен түсіндіріледі. Себебі ξ ықтималдығымен жүзеге асатын кенеттен қайта оралу шартсыз процесс болып табылады, сондықтан «ұйқыдағы» индивидтердің таратушылар тобына қайта оралуына уақыт өте келе кепілдік беріледі. Керісінше, η ықтималдығымен жүретін «ояту» арқылы қайта белсендіру міндетті түрде белсенді таратушымен байланысты

талап етеді. Демек, эпидемия басылып, таратушылар қалмаған кезде бұл әдіс жұмыс істемейді. Сондықтан, егер $\xi = 0$ кезінде тәуелсіз қайта оралу мүмкін болмаса, таратушылар жойылғаннан кейін «ұйқыдағы» индивидтер талқылауға қайта оралу мүмкіндігінен айырылады.

Дискуссия

Жоғарыда сипатталған фейктердің таралу механизмінің өзіндік кемшіліктері бар. Мысалы, хабарсыз адам таратушымен байланысқан кезде, ол хабарсыз күйде қалуы немесе фейкті қабылдап, өзі де таратушыға айналуы мүмкін. Алайда бұл болжам хабарсыз адамның тікелей бәсеңдетушіге айналу мүмкіндігін ескермейді. Бұл мүмкіндік кейбір хабарсыз адамдардың жеткілікті базалық білімге, екіншілерінің логикалық ойлау дағдыларына ие болуымен, ал үшіншілерінің фейктерге жай ғана қызығушылық танытпауымен байланысты.

Жапониядағы атом электр станциясында апат болды деген фейк тараған кездегі Қытайдағы жағдайды қарастырайық. Ақпарат теңіз суы мен теңіз тұзын ластауы мүмкін радиоактивті заттардың таралуы және йодталған тұздың ядролық радиациядан қорғайтыны туралы болды. Бұл фейк тез таралып, Қытайда дүрбелең мен әлеуметтік толқулар туғызды және тұз бағасының он есе өсуіне алып келді. Егер барлығы йодталған тұздың теңізден емес, минералдардан алынатынын білгенде, олар бұл фейкке сенбес еді және оны таратпас еді.

Жоғарыда сипатталған фейктердің таралу механизмінің тағы бір кемшілігі – кейбір зерттеушілер ұмыту механизмін ескергенімен, есте сақтау механизмін назардан тыс қалдырады. Адамдар фейктерді ұмыту арқылы таратуды тоқтатуы мүмкін, сондай-ақ кенеттен немесе қандай да бір стимулға жауап ретінде еске түсіріп, оларды қайтадан тарата бастауы мүмкін.

Қорытынды

Бұл мақалада классикалық SIR схемасына негізделген дезинформация таралуының кеңейтілген моделі қарастырылды. Қарастырылып отырған модель ұмыту және есте сақтау механизмдерін, сондай-ақ хабарсыздар мен жалған ақпаратты бәсеңдетушілер арасындағы тікелей байланыстарды қамтиды. Зерттеу аясында осы әлеуметтік процестерді шынайырақ бейнелеуге мүмкіндік беретін $SIHR$ моделі қолданылады.

Сандық модельдеу жаңадан енгізілген факторлардың негізінен процестің сипатына, яғни таратушылардың пиктік белсенділігіне және қауесеттің сөну уақытына әсер ететінін, ал соңғы аудиторияны қамту деңгейін іс жүзінде өзгертпейтінін көрсетті. Атап айтқанда, жады механизмдері таратушылардың максималды санын азайтады, бірақ процестің аяқталуын кешіктіреді, ал тікелей бас тарту пиктік белсенділікті тиімді түрде төмендетеді.

Жады параметрлерін талдау жұмыстың негізгі нәтижесі болды. Жүйенің орнықты күйінде «ұйқыдағы» агенттердің болуы мәжбүрлі еске түсіру жылдамдығымен (η) емес, толығымен кенеттен еске түсіру параметрімен (ξ) анықталатыны көрсетілді. $\xi = 0$ болғанда, жасырын агенттер жүйеде қалады, ал $\xi > 0$ болғанда, олардың саны уақыт өте келе нөлге ұмтылады. Қауесет мазмұнының өзгергіштігі мен бұрмалануының осы модель параметрлерінің мәндеріне әсерін талдау – келесі зерттеулердің перспективалы бағыты болып табылады.

Алғыс

Зерттеу Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасының қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды (грант № AP26197729).

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

[1] Самые популярные фейковые новости, в которые казахи поверили в 2023 году // Информационно-аналитический портал Orda.kz. – 2023. – URL: https://orda.kz/populjarnye-fejki-2023-goda-v-kotorye-poverili-kazahstancy-380941/

[2] ТАСС. Количество фейковых новостей в интернете в 2022 году увеличилось в шесть раз // ТАСС: информационное агентство. – 2023. – URL: https://tass.ru/obschestvo/16642301

[3] Tengrinews.kz. "жалған" деп белгіленген материалдар // Tengrinews.kz: жаңалықтар порталы. – URL: https://tengrinews.kz/tag/фейк/

[4] Распопова С.С., Богдан Е.Н. Фейковые новости: их природа и происхождение // Вестник Челябинского государственного университета. – 2017. – № 11 (407). – С. 48-53. DOI:10.47475/1999-5407-2023-64-3-79-84

[5] BBC Russian Service. Как распознать фейковые новости // BBC Russian Service. – URL: https://www.bbc.com/russian/articles/c4gw304ejngo

[6] Фионина А. С. (2023). Определение, источники и классификация термина «искусственные новости». Огарев-Онлайн, № 6 (191). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/opredelenie-istochniki-i-klassifikatsiya-termina-fake-news

[7] Zhao L., Wang J., Chen Y., Wang C., Cheng J., Cui H. SIHR rumor spreading model in social networks // Physica A: Statistical Mechanics and its Applications. – 2012. – Т. 391, № 7. – С. 2444-2453. DOI:10.1016/j.physa.2011.12.008

[8] Hethcote H.W. The mathematics of infectious diseases // SIAM Review. – 2000. Т. 42. – С. 599-653. DOI: 10.1137/S0036144500371907

[9] Daley D.J., Kendall D.G Epidemics and rumours // Nature. – 1964. – Т. 204. – С. 11-18. DOI:10.1038/2041118a0

[10] Sudbury A. The proportion of population never hearing a rumour // Journal of Applied Probability. – 1985. – Т. 22. – С. 443-446. DOI:10.2307/3213787

[11] Nekovee M., Moreno Y., Bianconi G., Marsili M. Theory of rumour spreading in complex social networks // Physica A: Statistical Mechanics and its Applications. – 2007. – Т. 374. – С. 457-470. DOI:10.1016/j.physa.2006.07.017

References

[1] Samye populjarnye fejkovye novosti, v kotorye kazahi poverili v 2023 godu // Informacionno-analiticheskij portal Orda.kz. – 2023. URL: https://orda.kz/populjarnye-fejki-2023-goda-v-kotorye-poverili-kazahstancy-380941/ (In Russian)

[2] TASS. Kolichestvo fejkovyh novostej v internete v 2022 godu uvelichilos' v shest' raz // TASS: informacionnoe agentstvo. – 2023. URL: https://tass.ru/obschestvo/16642301 (In Russian)

[3] Tengrinews.kz. "Zhalghan" dep belgilengen materialdar // Tengrinews.kz: zhanalyktar portaly. URL: https://tengrinews.kz/tag/fejk/ (In Kazakh)

[4] Raspopova S.S., Bogdan E.N. (2017) Fejkovye novosti: ih priroda i proishozhdenie // Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. –№ 11 (407). P. 48-53. (In Russian) DOI:10.47475/1999-5407-2023-64-3-79-84

[5] BBC Russian Service. Kak raspoznat' fejkovye novosti // BBC Russian Service. – URL: https://www.bbc.com/russian/articles/c4gw304ejngo (In Russian)

[6] Fionina A. S. (2023) Opredelenie, istochniki i klassifikacija termina «iskusstvennye novosti». Ogarev-Onlajn, № 6 (191). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/opredelenie-istochniki-i-klassifikatsiya-termina-fake-news (In Russian)

[7] Zhao L., Wang J., Chen Y., Wang C., Cheng J., Cui H. (2012) SIHR rumor spreading model in social networks // Physica A: Statistical Mechanics and its Applications. V. 391, № 7. P. 2444-2453. DOI:10.1016/j.physa.2011.12.008

[8] Hethcote H.W. (2000) The mathematics of infectious diseases // SIAM Review. V. 42. P. 599-653. DOI: 10.1137/S0036144500371907

[9] Daley D.J., Kendall D.G. (1964) Epidemics and rumours // Nature. V. 204. P. 11-18. DOI:10.1038/2041118a0

[10] Sudbury A. (1985) The proportion of population never hearing a rumour // Journal of Applied Probability. V. 22. P. 443-446. DOI:10.2307/3213787

[11] Nekovee M., Moreno Y., Bianconi G., Marsili M. (2007) Theory of rumour spreading in complex social networks // Physica A: Statistical Mechanics and its Applications. V. 374. P. 457-470. DOI:10.1016/j.physa.2006.07.017

ҒТАХР 81.93.29

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.018

Н.А. Капалова[1], Н.С.Ергеш[2*]

[1]ҚР ҒЖБМ ҒК Ақпараттық және есептеу технологиялары институты, Алматы қ., Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[*]e-mail: yergesh.nursultan@almatyedu.kz

ҚОРҒАЛҒАН АУТЕНТИФИКАЦИЯ СХЕМАЛАРЫ: ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛДАУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ақпараттық жүйелердегі қорғалған аутентификация схемаларының негізгі әдістері жүйелендіріліп, олардың қауіпсіздік қасиеттері теориялық және қолданбалы тұрғыдан талданады. Зерттеудің мақсаты - құпиясөзге негізделген, көпфакторлы және парольсіз аутентификация тәсілдерінің қауіп-қатер моделін айқындап, қарсыластың мүмкіндіктерін ескере отырып салыстырмалы бағалау жүргізу. Талдау барысында шабуыл векторлары (онлайн және офлайн іріктеу, тіркелгі деректерін қайта қолдану, фишинг, сеансты басып алу) жіктеліп, бұзылу ықтималдығын бағалауға арналған ықтималдықтық модельдер және факторларды біріктірудің композициялық қағидалары қарастырылады. Құпиясөздік схемалар үшін табыстылық ықтималдығы құпиясөз кеңістігінің тиімді көлеміне, тексеру құнына және әрекет санын шектеу механизмдеріне тәуелді екені көрсетіледі. Көпфакторлы аутентификацияда қауіпсіздіктің артуы факторлардың тәуелсіздігі жағдайында жалпы бұзылу ықтималдығының көбейтінді түрінде төмендеуімен негізделеді. Парольсіз схемаларда ашық кілтке негізделген шақыру-жауап (challenge–response) протоколдары фишингке төзімділікті күшейтіп, тіркелгі деректерін қайта қолдану тәуекелін азайтатыны сипатталады. Нәтижесінде тәуекел деңгейіне сәйкес аутентификаторларды таңдау, әрекеттерді шектеу, құрылғыға байлау және контекстік тәуекелді бағалау бойынша практикалық ұсынымдар беріледі. Ұсынылған қорытындылар қауіпсіздігі күшейтілген аутентификация шешімдерін жобалау және эксперименттік тексеру үшін әдістемелік негіз қалыптастырады.

Түйін сөздер: аутентификация; қорғалған аутентификация; көпфакторлы аутентификация; парольсіз аутентификация; қауіп-қатер моделі; ықтималдықтық талдау; фишингке төзімділік; шақыру-жауап протоколы.

Н.А. Капалова[1], Н.С. Ергеш [2]
[1]Институт информационных и вычислительных технологий КН МНВО РК, г.Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

ЗАЩИЩЁННЫЕ СХЕМЫ АУТЕНТИФИКАЦИИ: МЕТОДЫ И АНАЛИЗ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация

В статье систематизированы основные методы построения защищённых схем аутентификации в информационных системах и выполнен теоретико-прикладной анализ их свойств безопасности. Цель исследования заключается в определении модели угроз и сравнительной оценке парольной, многофакторной и безпарольной аутентификации с учётом возможностей противника. В рамках анализа классифицируются ключевые векторы атак (онлайн и офлайн перебор, повторное использование учётных данных, фишинг, захват сеанса), рассматриваются вероятностные модели оценки успешности компрометации и композиционные принципы объединения факторов. Для парольных схем показано, что вероятность успешной атаки определяется эффективным размером пространства паролей, вычислительной стоимостью проверки гипотез и механизмами ограничения числа попыток. Для многофакторной аутентификации рост устойчивости обосновывается мультипликативным снижением вероятности компрометации при независимости факторов. Для безпарольных подходов описываются публично-ключевые протоколы типа «вызов–ответ» (challenge–response), повышающие устойчивость к фишингу и уменьшающие риск повторного использования учётных данных. В результате сформулированы практические рекомендации по выбору

аутентификаторов в зависимости от уровня риска, ограничению попыток входа, привязке к устройству и контекстной оценке риска. Полученные выводы могут служить методологической основой для проектирования и экспериментальной проверки усиленных решений аутентификации.

Ключевые слова: аутентификация; защищённая аутентификация; многофакторная аутентификация; безпарольная аутентификация; модель угроз; вероятностный анализ; устойчивость к фишингу; протокол вызов–ответ.

N.A. Kapalova[1], N.S. Yergesh[2]
[1]Institute of Information and Computational Technologies CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

SECURE AUTHENTICATION SCHEMES: METHODS AND SECURITY ANALYSIS

Abstract

This paper systematizes key methods for designing secure authentication schemes in information systems and provides a combined theoretical and practical analysis of their security properties. The study aims to define a unified threat model and to comparatively evaluate password-based, multi-factor, and passwordless authentication approaches under realistic adversary capabilities. The analysis classifies major attack vectors (online and offline guessing, credential reuse, phishing, and session takeover) and considers probabilistic models for estimating compromise success as well as compositional principles for combining factors. For password-based schemes, we show that attack success probability depends on the effective password search space, the computational cost of verifying guesses, and attempt-limiting controls. For multi-factor authentication, improved robustness is explained by a multiplicative decrease in compromise probability under factor independence. For passwordless approaches, we describe public-key challenge–response protocols that increase phishing resistance and reduce credential reuse risks. Finally, we provide practical recommendations on selecting authenticators by risk level, enforcing strict attempt limiting, enabling device binding, and applying context-aware risk assessment. The presented results can serve as a methodological basis for designing and experimentally validating strengthened authentication solutions.

Keywords: authentication; secure authentication; multi-factor authentication; passwordless authentication; threat model; probabilistic analysis; phishing resistance; challenge–response protocol.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық жүйелерде - бұлттық сервистерде, электрондық қызметтерде, корпоративтік порталдар мен білім беру платформаларында - қол жеткізуді басқарудың негізгі буыны аутентификация механизмі болып табылады. Аутентификация пайдаланушының заңды екендігін растауға арналған. Егер бұл механизм әлсіз болса, авторизация, аудит және бақылау құралдары өз тиімділігін жоғалтады. Себебі қауіп көбінесе «кім кірді?» деген бастапқы кезеңде-ақ іске асады. Сондықтан халықаралық стандарттарда аутентификацияны тәуекелге сай деңгейлеу, аутентификатор сенімділігі және протоколдың фишингке төзімділік қасиеті жеке талап ретінде қарастырылады [1-3].

Тәжірибеде ең кең тараған тәсіл – құпиясөзге негізделген бір факторлы схема. Бұл тәсіл қолдануға ыңғайлы болғанымен, қазіргі қауіп-қатер ортасында елеулі шектеулерге ие. Пайдаланушылардың құпиясөзді бірнеше сервисте қайталап қолдануы және әлсіз комбинацияларды таңдауы тіркелгі деректерін толтыру (credential stuffing), құпиясөзді жаппай сынау (password spraying) және офлайн іріктеу (brute-force) шабуылдарының сәтті болу ықтималдығын арттырады [4-5]. Фишинг пен әлеуметтік инженерия техникалық қорғаныс жоқ болған жағдайда бірнеше қорғаныс қабатын бір уақытта айналып өтуге қабілетті. Сонымен қатар, дерекқор бұзылған кезде хэш-қорғаныс дұрыс таңдалмаса, шабуылдаушының офлайн есептеу ресурстары қауіпті практикалық деңгейге көтереді [5]. Осыған байланысты «қорғалған аутентификация» ұғымы тек құпиясөз саясатын ғана емес, көпқабатты және дәлелденетін қауіпсіздік қасиеттері бар схемаларды таңдауды талап етеді.

Осы шолу мақаланың мақсаты - қорғалған аутентификация схемаларының қазіргі әдістерін жүйелеп, олардың қауіпсіздігін қауіп-қатер моделі тұрғысынан талдау.

Міндеттері:

1) құпиясөзді күшейту тәсілдерін (хэштеу, есептеу құнын арттыру, әрекетті шектеу) жинақтау;

2) көпфакторлы аутентификацияның (бір реттік кодтар, аппараттық токендер, биометрия) қауіпсіздік артықшылықтарын және тәуелсіздік шарттарының рөлін түсіндіру;

3) ашық кілтке негізделген парольсіз шақыру–жауап (challenge–response) протоколдарының фишингке төзімділік қасиеттерін сипаттау;

4) қауіпсіздік–қолданушылық компромисін ескере отырып, тәуекел деңгейіне сәйкес практикалық ұсынымдар ұсыну [1-2], [6-7].

Зерттеу әдістемесі ретінде бірнеше бағыттағы материалдар жүйелі талданады: халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтардың талаптары (аутентификация сенімділігі деңгейлері, фишингке төзімділік), қолданбалы қауіпсіздік ұйымдарының ұсынымдары (онлайн шабуылдарға қарсы бақылаулар), сондай-ақ веб-аутентификацияның салалық стандарттары (WebAuthn, FIDO тәрізді) [1-7]. Мақаланың келесі бөлімдерінде алдымен қауіп-қатер моделі мен бағалау қағидалары беріледі. Одан кейін құпиясөзге негізделген тәсілдер, көпфакторлы схемалар және парольсіз протоколдар салыстырылады. Соңында қорытынды ұсынымдар жасалады [8].

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысы жүйелендіруші шолу (structured narrative review) ретінде орындалды. Аутентификация схемаларының қазіргі әдістері (құпиясөзге негізделген, көпфакторлы, парольсіз) ортақ қауіп-қатер моделі шеңберінде бірдей критерийлермен сипатталып, салыстырмалы синтез жүргізілді. Зерттеу келесі кезеңдерден тұрады:

1-кезең. Дереккөздерді іріктеу: нормативтік құжаттар (NIST SP 800-63B-4), протоколдық стандарттар (RFC 9106, RFC 6238), индустриялық нұсқаулықтар (OWASP) және ғылыми еңбектер жиналып, сәйкестік, сенімділік және техникалық мазмұн критерийлері бойынша іріктелді.

2-кезең. Формальдандыру: әр аутентификация механизмі «қолданылатын аутентификаторлар» және «верификация протоколы» тұрғысынан сипатталып, $\Pi=\langle \text{Enroll}, \text{Auth}, \text{Verify}, \text{Recover} \rangle$ төрттігімен модельденді.

3-кезең. Қауіп-қатерлерге сәйкестендіру: әр схема A1 (онлайн болжау), A2 (офлайн бұзу), A3 (тіркелгі деректерін толтыру), A4 (фишинг/прокси-фишинг) шабуыл кластарымен салыстырылып бағаланды.

4-кезең. Салыстырмалы синтез: қауіпсіздік, қолданушылық және енгізу күрделілігі өлшемдері бойынша интеграл баға есептелді және матрица/диаграмма түрінде берілді. Мұндай нормаланған сипаттау тәсілі аутентификация талаптарын тәуекелге негіздеп қоюға мүмкіндік береді [1-3].

Зерттеу сұрақтары (RQ):

RQ1. Қазіргі қорғалған аутентификацияда негізгі техникалық бағыттар қандай және олар қандай қауіп-қатерлерді жабады? [1-2]

RQ2. Құпиясөзді сақтау/тексеру (KDF, memory-hard функциялар) параметрлері офлайн шабуылға төзімділікке қалай әсер етеді? [7-8]

RQ3. OTP және MFA тәсілдерінің фишингке төзімділік шекарасы қандай және passwordless (WebAuthn/FIDO) шешімдері оны қалай өзгертеді? [2], [9-12], [13]

Шолуда дереккөздер төрт деңгейге бөлініп қаралады:

- нормативтік/ұсыным құжаттар (Digital Identity Guidelines, assurance деңгейлері) [1-3];
- протоколдық стандарттар (IETF RFC: PBKDF2, Argon2, HOTP/TOTP) [7-10];
- веб-қолданба қауіпсіздігі бойынша индустриялық нұсқаулықтар (OWASP cheat sheet-тері) [4-6];
- салыстырмалы бағалау қаңқаларын ұсынатын ғылыми еңбектер (қауіпсіздік-қолданушылық-ендіру компромисі) [13].

Іріктеу критерийлері:

- Сәйкестік: аутентификация, аутентификатор, протокол қауіпсіздігі, шабуыл модельдері;
- Қайнар сенімділігі: ресми стандарттар/спецификациялар және кең танылған қауіпсіздік нұсқаулықтары;
- Тексерілетін техникалық мазмұн: анықтамалар, талаптар, протокол ағымы, параметрлер, қауіпсіздік талдауы.

Бұл бөлімде сандық PRISMA-санақ (қанша материал табылды т.б.) берілмейді, өйткені мақаланың мақсаты - санақтан гөрі әдістерді жүйелеу және дәлелдік қауіпсіздік талдау логикасын көрсету.

Әр схема төмендегі төрттікпен сипатталады: П=⟨Enroll, Auth, Verify, Recover⟩, мұнда Enroll- тіркеу/байлау (аутентификаторды аккаунтқа бекіту), Auth-дәлелді ұсыну (пароль енгізу, OTP, қолтаңба), Verify- верификация (сервер/IdP тексеруі), Recover- қалпына келтіру/өмірлік цикл (reset, rebind) [2], [11].

Таксономия (классификация):

Password-based: пароль + KDF/хэштеу + онлайн қорғаныс бақылаулары [4], [7].

MFA/2FA: кемінде 2 фактор (“білім-иелік-инеренция”), факторлар тәуелсіздігі және басқару талаптары [2].

Passwordless (public-key challenge–response): криптографиялық дәлел (қолтаңба) және relying party-ге/origin-ге байлау (scoped credentials) [11-12].

Талдау қолданба деңгейіндегі қарсыласқа негізделеді: қарсылас желіні бақылай алады, фишинг бет жасай алады, бот арқылы көптеген сұраным жібере алады; кей сценарийде пароль хэш-дерекқоры алынуы мүмкін. OWASP материалдары credential stuffing және password spraying сияқты автоматтандырылған шабуылдарды нақтылайды [5-6].

Шабуыл кластары:

A1: Онлайн болжау (online guessing/brute-force).

A2: Офлайн болжау (offline cracking) - KDF параметрлеріне тәуелді.

A3: Credential stuffing / spraying (қайта қолданылған парольдер).

A4: Фишинг және прокси-фишинг (реал-тайм делдал).

NIST нұсқаулығында assurance деңгейлері (AAL) және “phishing-resistant” талаптарының логикасы көрсетіледі: жоғары сенімділік үшін криптографиялық, экспортталмайтын кілтке негізделген аутентификаторлар талап етіледі [2].

Онлайн болжаудың табыстылық ықтималдығы. Егер қарсылас бір аккаунтқа qрет әрекет жасаса, ал құпия кеңістігі тиімді түрде N_{eff}болса (идеалдандырылған бірқалыпты жорамал), онда:

$$P_{\text{online}} = 1 - \left(1 - \frac{1}{N_{\text{eff}}}\right)^{q} \approx \min\left(1, \frac{q}{N_{\text{eff}}}\right).$$

Мұнда q- rate limiting/lockout/кідіріс саясатымен шектеледі (OWASP-та осы бақылаулардың практикалық нұсқаулары берілген) [4-5].

Ал парольдер бірқалыпты емес таралған жағдайда (тәжірибеде жиі), ең дұрысы -болжамдар ықтималдығын кему ретімен $p_{(i)}$деп алып:

$$P_{\text{online}}(q) = \sum_{i=1}^{q} p_{(i)}.$$

Бұл формула “ең ықтимал парольдер алдымен тексеріледі” деген рационалды қарсылас моделін береді және credential stuffing/төмен энтропия мәселесін түсіндіруге ыңғайлы [13].

Офлайнда қарсылас парольді тексеру функциясын жылдам қайталай алады. Сондықтан негізгі көрсеткіш - бір тексерудің есептеу құны C_{verify}және шабуылшының есептеу ресурсы R(тексеру/сек).

Жуық уақыт:

$$T_{\text{crack}} \approx \frac{G \cdot C_{\text{verify}}}{R},$$

мұнда G- болжам саны.

PBKDF2 үшін C_{verify}итерация саны cарқылы өседі:

$$C_{\text{PBKDF2}} \propto c \cdot C_{\text{PRF}},$$

өйткені PBKDF2 негізгі PRF-ті (әдетте HMAC) көп рет қолданады [7].

Argon2 типті memory-hard функцияларда қарсыласқа тек CPU емес, жад ресурсы да керек. RFC 9106 Argon2-нің қолданбалы сипаттамасын береді және параметрлік таңдаудың (memory/time/parallelism) мәнін көрсетеді [8]. Аналитикалық түрде (идеалдандырылған):

$$C_{\text{Argon2}} \propto t \cdot m,$$

мұнда t- уақыт параметрі, m- жад көлемі (шабуылшы үшін параллель масштабтауды қымбаттататын фактор) [8].

OTP ықтималдығы және прокси-фишинг тәуекелі, HOTP/TOTP алгоритмдері RFC-де анықталған: HOTP - санауышқа, TOTP - уақыт қадамына негізделген [9-10].

Егер код ұзындығы dцифр болса, кездейсоқ табу ықтималдығы жуық:

$$P_{\text{OTP}} \approx \min\left(1, \frac{q}{10^d}\right),$$

ал уақыттық терезе Δ(мысалы, бірнеше time-step қабылдау) үлкейсе, табыс ықтималдығы пропорционал өседі. Дегенмен OTP-ның әлсіз тұсы - қолданушы кодты сайтқа енгізетіндіктен, реал-тайм прокси-фишингте код “жолда ұсталып”, бірден пайдаланылуы мүмкін; бұл қауіп “phishing-resistant” критерийін бөлек қарауды талап етеді [2].

Passwordless challenge–response және фишингке төзімділік, WebAuthn Level 2 спецификациясында credential-дің relying party/origin - ге scoped болуы және кейін тек сол origin-дерге қатынауға болатыны айтылады [11]. FIDO Alliance passkey/протоколдары public-key криптография арқылы phishing-resistant аутентификацияны көздейді және әр passkey қызмет доменіне байланатынын атап өтеді [12].

Формальды тұрғыда мұндай протоколдарда қарсыласқа қажет нәрсе - цифрлық қолтаңбаны қолданушы құрылғысының жеке кілтінсіз жалған жасау, яғни қолтаңба схемасының EUF-CMA беріктігін бұзу. Сондықтан салыстыруда passwordless тәсілдер үшін қауіпсіздік дәлелі “қайта пайдаланылатын құпия” емес, “кілт иеленуді дәлелдеу” табиғатына сүйенеді [11-12].

[20] Hourani H., Hammad A., Lafi M. The Impact of Artificial Intelligence on Software Testing // 2019 IEEE Jordan International Joint Conference on Electrical Engineering and Information Technology (JEEIT). – 2019. doi: 10.1109/JEEIT.2019.8717439

References

[1] Kumar S. (2023). Reviewing Software Testing Models and Optimization Techniques: An Analysis of Efficiency and Advancement Needs. Journal of Computers, Mechanical and Management, 2(1). doi: 10.57159/gadl.jcmm.2.1.23041

[2] Salahat M., Said R.A., Hamid K., et al. (2023). Software Testing Issues Improvement in Quality Assurance. 2nd International Conference on Business Analytics for Technology and Security (ICBATS). doi: 10.1109/ICBATS57792.2023.10111145

[3] Al-Adhaileh M.H., Aldhyani T.H.H., Alsaade F.W., et al. (2022). Groundwater Quality: The Application of Artificial Intelligence. Journal of Environmental and Public Health, 2022. doi: 10.1155/2022/8425798

[4] Jha N., Popli R. (2021). Artificial Intelligence for Software Testing – Perspectives and Practices. 4th International Conference on Computational Intelligence and Communication Technologies (CCICT). doi: 10.1109/CCICT53244.2021.00075

[5] Carlos T.M., Ibrahim M.N. (2021). Practices in Software Testing in Cameroon: Challenges and Perspectives. Electronic Journal of Information Systems in Developing Countries, 87(3). doi: 10.1002/isd2.12165

[6] Dörsam B. (2014). Softwaretests- und Software-Qualitätsthemen in der Hochschullehre. In: Plödereder E., Grunske L., Schneider E., Ull D. (Eds.), Informatik 2014. Bonn: Gesellschaft für Informatik e.V., pp. 1745-1746. URL: https://dspace.gi.de/handle/20.500.12116/2787 (accessed: 12.04.2026)

[7] Pournaghshband H. (2010). Software Quality Testing – Issues and Concerns. Proceedings of the International Conference on Software Engineering Theory and Practice (SETP 2010). URL: http://foreigndata.cmes.org/ztHYlist.aspx?id=1044139 (accessed: 12.04.2026)

[8] Goodenough J.B., McGowan C.L. (1980). Software Quality Assurance: Testing and Validation. Proceedings of the IEEE, 68(9). doi: 10.1109/PROC.1980.11808

*[9] Aleti A. (2023). Software Testing of Generative AI Systems: Challenges and Opportunities. *2023 IEEE/ACM International Conference on Software Engineering: Future of Software Engineering (ICSE-FoSE)*. doi: 10.1109/ICSE-FoSE59343.2023.00009*

[10] Job M.A. (2021). Automating and Optimizing Software Testing using Artificial Intelligence Techniques. International Journal of Advanced Computer Science and Applications, 12(5). doi: 10.14569/IJACSA.2021.0120571

*[11] Gao J., Tao C., Jie D., Lu S. (2019). Invited Paper: What is AI Software Testing? And Why. *13th IEEE International Conference on Service-Oriented System Engineering (SOSE)*. doi: 10.1109/SOSE.2019.00015*

[12] Tao C., Gao J., Wang T. (2019). Testing and Quality Validation for AI Software – Perspectives, Issues, and Practices. IEEE Access, 7. doi: 10.1109/ACCESS.2019.2937107

[13] Tahvili S., Hatvani L. (2022). Artificial Intelligence Methods for Optimization of the Software Testing Process: With Practical Examples and Exercises. Elsevier. doi: 10.1016/C2021-0-00433-8

[14] Ozekbay Y. (2022). Designing Artificial Intelligence for Deep Software Testing using the Method of Model Checking. InterConf, 28(137). doi: 10.51582/interconf.19-20.12.2022.039

[15] Ramchand S., Shaikh S., Alam I. (2022). Role of Artificial Intelligence in Software Quality Assurance. Lecture Notes in Networks and Systems, 295. doi: 10.1007/978-3-030-82196-8_10

[16] Krichen M. (2023). How Artificial Intelligence Can Revolutionize Software Testing Techniques. Lecture Notes in Networks and Systems, 649. doi: 10.1007/978-3-031-27499-2_18

[17] Verma I., Kumar D., Goel R. (2023). Implementation and Comparison of Artificial Intelligence Techniques in Software Testing. 6th International Conference on Information Systems and Computer Networks (ISCON). doi: 10.1109/ISCON57294.2023.10112041

[18] Boukhlif M., Hanine M., Kharmoum N. (2023). A Decade of Intelligent Software Testing Research: A Bibliometric Analysis. Electronics (Switzerland), 12(9). doi: 10.3390/electronics12092109

[19] Borah S., Aliliele K.C., Rakshit S., Vajjhala N.R. (2022). Applications of Artificial Intelligence in Software Testing. Lecture Notes in Networks and Systems, 375. doi: 10.1007/978-981-16-8763-1_60

[20] Hourani H., Hammad A., Lafi M. (2019). The Impact of Artificial Intelligence on Software Testing. 2019 IEEE Jordan International Joint Conference on Electrical Engineering and Information Technology (JEEIT). doi: 10.1109/JEEIT.2019.8717439

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

METHODS OF TEACHING COMPUTER SCIENCE. INFORMATIZATION OF EDUCATION

ҒТАХР 20.01.45, 14.33.09

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.024

Б.Г. Бостанов[1*], А.А. Абдисаметова[1], Д.А. Смаилова[2], Т.Т. Тойшыбек[3]

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2] Мұхаметжан Тынышбаев атындағы ALT Университеті, Алматы қ., Казахстан
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[*]*e-mail: bostanov.b@qyzpu.edu.kz*

ОҚУШЫЛАРДА АЛГОРИТМДІК ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аңдатпа

Қазіргі білім беруде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары оқу процесінің белсенді қатысушысына айналуда, алайда олардың оқушылардың когнитивтік қабілеттеріне, атап айтқанда алгоритмдік ойлауына әсері әлі де жеткілікті зерттелмеген. Осыған орай мақаланың мақсаты оқушылардың ЖИ-ді пайдалану арқылы алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыру процесін сандық және сапалық тұрғыдан талдауға негізделген кешенді аралас зерттеудің нәтижелерін көрсету болып табылады. Мақалалық зерттеуде PRISMA әдісі бойынша библиометриялық талдауды, тесттер мен Лайкерт шкаласы бойынша сауалнамаларды қолдана отырып педагогикалық экспериментті, сондай-ақ оқушылармен сұхбаттарды сапалық тақырыптық талдауды қамтитын аралас дизайн қолданылу барысы баяндалады. Алгоритмдік ойлауды қалыптастыруда ЖИ-дің әсерін зерттеу үшін бақылау және эксперименттік топтарға бөлінген 60 оқушы қатысты. Нәтижелер эксперименттік топта алгоритмдік ойлау деңгейінің статистикалық маңызды өскенін көрсетті. Сауалнама декомпозиция және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының дамуындағы оң динамиканы анықтады (мода мен медиананың ығысуы). Сұхбаттардың тақырыптық талдауы қарапайым сұраулардан диалогқа, нәтижелерді тексеруге және метатанымдық дағдыларды дамытуға дейінгі ЖИ-мен өзара әрекеттесу стратегияларының эволюциясын ашты. Бұл педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған ЖИ-мен өзара әрекеттесу оқушылардың ойлау стратегияларын өзгертіп, оларды неғұрлым саналы және құрылымды ететіні, сондай-ақ құбылысты зерттеу үшін аралас тәсілдің өнімділігін растайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: алгоритмдік ойлау, жасанды интеллект, оқушылар, сандық зерттеу, сапалық зерттеу, аралас зерттеу, PRISMA, тақырыптық талдау, Лайкерт шкаласы, есептеу ойлауы.

Б.Г.Бостанов[1], А.А. Абдисаметова[1], Д.А. Смаилова[2], Т.Т. Тойшыбек[3]
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, г Алматы., Казахстан
[2]АЛТ Университет имени Мухаметжана Тынышбаева, г Алматы, Казахстан
[3]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

НЕОБХОДИМОСТЬ ОБУЧЕНИЯ НА ОСНОВЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ФОРМИРОВАНИИ У УЧАЩИХСЯ НАВЫКОВ АЛГОРИТМИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Аннотация

В современном образовании технологии искусственного интеллекта (ИИ) становятся активным участником учебного процесса, однако их влияние на когнитивные способности учащихся, в частности

на алгоритмическое мышление, остается недостаточно изученным. В связи с этим целью статьи является представление результатов комплексного смешанного исследования, направленного на количественный и качественный анализ процесса формирования алгоритмического мышления у учащихся при использовании ИИ. А также в статье описывается применение смешанного дизайна исследования, включающего библиометрический анализ по методу PRISMA, педагогический эксперимент с использованием тестов и анкетирования по шкале Лайкерта, а также качественный тематический анализ интервью с учащимися. В исследовании приняли участие 60 учащихся, разделённых на контрольную и экспериментальную группы, для изучения влияния ИИ на формирование алгоритмического мышления. Результаты показали статистически значимое повышение уровня алгоритмического мышления в экспериментальной группе. Анкетирование выявило положительную динамику в развитии навыков декомпозиции и критического мышления (смещение моды и медианы). Тематический анализ интервью продемонстрировал эволюцию стратегий взаимодействия с ИИ – от простых запросов к диалогу, проверке результатов и развитию метакогнитивных навыков. Полученные результаты позволяют сделать вывод о том, что педагогически организованное взаимодействие с ИИ изменяет стратегии мышления учащихся, делая их более осознанными и структурированными, а также подтверждает продуктивность смешанного подхода для исследования данного явления.

Ключевые слова: алгоритмическое мышление, искусственный интеллект, учащиеся, количественное исследование, качественное исследование, смешанное исследование, PRISMA, тематический анализ, шкала Лайкерта, вычислительное мышление.

B.G. Bostanov[1], A.A. Abdisametova[1], D. Smailova[2], T.T. Toishybek[3]
[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]Mukhametzhan Tynyshbayev ALT University, Almaty, Kazakhstan;
[3]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE NEED FOR ARTIFICIAL INTELLIGENCE-BASED TEACHING TO DEVELOP ALGORITHMIC THINKING SKILLS IN STUDENTS

Abstract

In modern education, artificial intelligence (AI) technologies are becoming an active participant in the learning process; however, their impact on students' cognitive abilities, particularly on algorithmic thinking, remains insufficiently studied. In this regard, the aim of the article is to present the results of a comprehensive mixed-method study aimed at the quantitative and qualitative analysis of the process of forming algorithmic thinking in students when using AI. The article also describes the application of a mixed research design, including a bibliometric analysis using the PRISMA method, a pedagogical experiment employing tests and questionnaires based on the Likert scale, as well as a qualitative thematic analysis of interviews with students. The study involved 60 students divided into control and experimental groups to examine the impact of AI on the formation of algorithmic thinking. The results showed a statistically significant increase in the level of algorithmic thinking in the experimental group. The survey revealed positive dynamics in the development of decomposition and critical thinking skills (a shift in the mode and media). The thematic analysis of interviews demonstrated the evolution of strategies of interaction with AI-from simple queries to dialogue, verification of results, and the development of metacognitive skills. The obtained results allow us to conclude that pedagogically organized interaction with AI changes students' thinking strategies, making them more conscious and structured, and also confirms the effectiveness of the mixed-method approach for studying this phenomenon.

Keywords: algorithmic thinking, artificial intelligence (AI), students, quantitative research, qualitative research, mixed methods research, PRISMA, thematic analysis, Likert scale, computational thinking.

Кіріспе

Негізгі ережелер. Ғылыми көзқарастарды нақтылау үшін сандық-сапалық әдістер күрделі құбылыстарды терең түсінуге және мазмұнды білім алуға мүмкіндік беретін таптырмас зерттеу құралдарына айналды. Мақала сапалық зерттеу үдерісіне қатысты кең тараған қате түсініктерді сейілтіп, оның көпқырлы аспектілерімен жұмыс істеуге арналған жан-жақты шолу мен практикалық стратегияларды ұсынуды мақсат етеді. Сандық зерттеулер сандық деректер мен статистикалық талдауға негізделсе, сапалық зерттеулер адам тәжірибесінің бай

мазмұны мен көзқарастарын ашып, сандық өлшеу барысында жиі ескерусіз қалатын контекст пен мағыналық реңктерді қамтиды. Сапалық зерттеуге жүгіну – бұл тек әдіснамалық таңдау емес, әлеуметтік құбылыстардың терең қабаттарын зерттеуге бағытталған ұстаным, ол зерттеушіге зерттелушілердің субъективті тәжірибесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу мақсаты екі бағытты көздейді. Біріншіден, күрделі құбылыстарды зерттеу барысында этикалық әрі ғылыми тұрғыдан қатаң сапалық зерттеулер жүргізу. Екіншіден, сапалық зерттеулер арқылы зерттеу объектісіне қатысты қалыптасқан жаңсақ пікірлерді жойып, сол саладағы түсінікті кеңейту арқылы ғылыми дискурсқа үлес қосу.

Сараптама мен тәжірибеде сапалық деректердің маңыздылығы барған сайын артып, ғылыми ортада нақты бағдар береді. Әсіресе адамдық және әлеуметтік тәжірибенің нәзік қырларын тек сандық көрсеткіштер арқылы толық сипаттау мүмкін емес қазіргі кезеңде сапалық зерттеулердің де құндылығы ерекше. Сондықтан да оқушыларда алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген оқытудың қажеттілігін анықтау үшін сандық және сапалық деректерді жинау, өңдеу, сұрыптау, саралау зерттеуді тереңінен талдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру даму кезеңі оқу процесіне жасанды интеллект технологияларының белсенді енгізілуімен сипатталады. Зерттеушілер ЖИ тек ақпарат іздеу құралы емес, білім берудегі өзара әрекеттесудің толыққанды қатысушысына айналып, оқытудың дәстүрлі тәсілдерін түрлендіруге қабілетті екенін атап өтеді [1]. Бүгінгі оқушылар оқу тапсырмаларын орындау үшін нейрожелілер мен басқа да ЖИ-сервистерді белсенді пайдаланады, алайда көп жағдайда бұл қолдану стихиялық сипатта және дайын шешімдерді алуға бағытталған болып келеді [2]. Осы зерттеудің өзектілігі ЖИ технологияларының оқушылардың когнитивтік қабілеттерін дамытудағы кең мүмкіндіктері мен оларды педагогикалық практикада қолданудың ғылыми негізделген әдістемелерінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық мәселесін шешумен анықталады. Бұл мәселе оқушылардың алгоритмдік ойлауын қалыптастыру контекстінде ерекше маңызға ие, өйткені алгоритмдік ойлау программалауды сәтті меңгерудің ғана емес, сонымен қатар кез келген логикалық күрделі мәселелерді шешуге қажетті әмбебап оқу іс-әрекеттерін дамытудың негізі болып табылады [3].

Алгоритмдік ойлау қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиетте әрекеттер тізбегін құру, есеп шарттарын талдау, маңызды операцияларды анықтау және өзінің ойлау процестерін рефлексиялау қабілеті ретінде қарастырылады [4]. Оны оқушыларда қалыптастыру әдетте информатика мен математика пәндері арқылы жүзеге асады, бірақ ЖИ қолдану бұл процесті тиімдірек етеді, өйткені ЖИ құралдары метатанымдық дағдыларды (рефлексия, жоспарлау, өзін-өзі бақылау) дамытып, алгоритмдік құрылымдарды терең түсінуге және проблеманы шешу қабілетіне ықпал етеді [5]. Осыған орай мақаланың мақсаты – оқу іс-әрекетінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану кезінде оқушыларда алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыру процесін сандық және сапалық тұрғыдан талдауға бағытталған кешенді зерттеу нәтижелерін көрсету болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет болды: 1) PRISMA әдісін қолдана отырып, тақырып бойынша заманауи зерттеулерге библиометриялық талдау жүргізу мен аралас зерттеу әдіснамасын сипаттау; 2) Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама деректерін қоса алғанда, эксперименттік деректердің сандық талдау нәтижелерін ұсыну; 3) сұхбаттардың тақырыптық талдауы негізінде оқушылардың ойлау стратегияларындағы сапалық өзгерістерді сипаттау; 4) алынған сандық және сапалық зерттеу қорытындыларын жинақтау және одан әрі зерттеулердің перспективаларын анықтау. Жұмыстың теориялық негізін педагогика және ойлау психологиясы саласындағы шетелдік зерттеулер [6-7], есептеу ойлауын қалыптастыру бойынша заманауи жұмыстар [8], сондай-ақ білім беруде жасанды интеллектті қолдануға арналған жарияланымдар [9] құрады. Әдіснамалық негіз педагогикалық эксперименттегі сауалнаманың сандық әдістері мен сұхбаттасудың сапалық әдістерінің үйлесімін көздейтін аралас зерттеу дизайны болып табылды [10].

Зерттеу әдіснамасы

Теориялық әдістер. Зерттеу өрісінің ағымдағы жай-күйін анықтау үшін PRISMA әдісі бойынша әдебиетке жүйелі шолу жүргізілді [11]. Іздеу Scopus және Web of Science дерекқорларында келесі кілт сөздер: algorithmic thinking, computational thinking, artificial intelligence, AI, secondary education, high school students бойынша жүзеге асырылды. Іріктелген жарияланымдарды талдау (n=47) VOSviewer программалық құралын қолдана отырып, терминдерді кластерлеу картасын құруды қамтыды.

Зерттеуге қатысушылар және дизайн. Зерттеуге Алматы қаласының жалпы білім беретін мектебінің 10-11 сыныптарының 60 оқушысы қатысты, олар бақылау және эксперименттік топтарға үлгерім көрсеткіші және алгоритмдік ойлаудың бастапқы деңгейін ескеру арқылы бөлінді. Эксперименттік топ бір оқу жартыжылдығы ішінде информатика бойынша оқу тапсырмаларын ЖИ-құралдарын (кодтарды генерациялауға және алгоритмдерді түсіндіруге арналған нейрожелілер) қолдана отырып орындады. Бақылау тобы ЖИ-ді қолданбай, дәстүрлі әдістеме бойынша оқыды.

Сандық әдістер. Алгоритмдік ойлау деңгейін диагностикалау үшін экспериментке дейін және одан кейін қолданылатын Computational Thinking Test (CTt) тестінің бейімделген нұсқасы пайдаланылды [12]. ЖИ-ді қолдануға деген субъективті қатынасты және оқушылардың өз дағдыларын бағалау үшін Лайкерттің 5 балдық шкаласы бойынша өлшенетін тұжырымдары бар авторлық сауалнама қолданылды. Статистикалық деректерді өңдеу үлестірімнің қалыптылығын тексеруді, сипаттамалық статистиканы есептеуді (мода, медиана) және тәуелсіз іріктемелер үшін Стьюденттің t-критерийін қолдануды қамтыды.

Сапалық әдістер. ЖИ-мен өзара әрекеттесудің терең процестері мен стратегияларын түсіну үшін эксперимент аяқталғаннан кейін эксперименттік топтың 15 оқушысымен жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді. Сұрақтар олардың тәжірибесіне, промттарды дұрыс тұжырымдау стратегияларына, ЖИ жауаптарын тексеру тәсілдеріне және өзгерістердің өзіндік рефлексиясына қатысты болды. Сұхбаттардың транскрипттері тақырыптық талдау әдісімен өңделді [13]. Ол кодтауды тақырыптар мен кіші тақырыптарды іздеу және анықтауды қамтыды. Қосымша іс-әрекет өнімдеріне (нейрожелілерге сұраулар тарихына) талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

1. Қазіргі зерттеулерге библиометриялық талдау. Зерттеудің бірінші кезеңінде біз PRISMA әдісі бойынша әдебиетке жүйелі шолу жүргіздік, оның нәтижелері 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1. PRISMA әдісі бойынша дереккөздерді іріктеу кезеңдері

Кезең	*Дереккөздер саны*	*Сипаттамасы*
Идентификация	*n = 345*	*Дерекқорлардан табылды (Scopus, WoS)*
Скрининг	*n = 210*	*Дубликаттар және атауы бойынша өзекті еместер алынып тасталды*
Жарамдылығын бағалау	*n = 98*	*Аннотацияларды талдағаннан кейін алынып тасталды (тақырыпқа немесе жас тобына сәйкес келмейді)*
Талдауға қосу	*n = 47*	*Толық мәтінді талдағаннан кейін алынып тасталды (эмпирикалық деректердің болмауы)*

Іріктелген 47 жарияланымды талдау негізгі тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берді.

1-суретте Scopus және Web of Science дерекқорларындағы 2006-2026 жылдар аралығы бойынша жарияланым белсенділігінің динамикасы көрсетілген. Динамика көрсеткендей, 2006 жылдан бастап тақырып бойынша жарияланымдар тұрақты түрде пайда бола бастаған. Алайда, нақты өсуі 2020 жылдан кейін байқалады, ал 2024-2025 жылдары экспоненциалды өсу

орын алған (2024 жылы 75 құжат, 2025 жылы 140 құжат). Бұл жаһандық деңгейде генеративті ЖИ құралдарының қолжетімді болуымен және олардың білім берудегі әлеуетіне қызығушылықтың күрт артуымен түсіндіріледі.

Сурет 1. Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдар динамикасы

Географиялық талдау (2-сурет) зерттеуге ең көп үлес қосқан елдерді анықтауға мүмкіндік берді. Төмендегі кестеде және сәйкес диаграммада елдер бойынша жарияланымдардың таралуы көрсетілген.



Сурет 2. Жарияланымдардың географиялық таралуы

Географиялық талдау нәтижелеріндегі зерттеу тақырыбы бойынша абсолютті көшбасшы Қытай (56 құжат) екенін көруге болады, одан кейін АҚШ (48 құжат) екінші орында. Үндістан (15 құжат) үшінші орынды иеленеді. Еуропалық елдер ішінде Ұлыбритания (10 құжат) мен Германия (4 құжат) ерекше көзге түседі. Сонымен қатар, Индонезия (11 құжат), Малайзия (9 құжат) және Мексика (8 құжат) сияқты дамушы елдердің де осы салаға белсенді қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Бұл алгоритмдік ойлау мен ЖИ-ді білім беруде қолдану мәселесі жаһандық сипатқа ие екендігін және әртүрлі аймақтарда қарқынды зерттеліп жатқанын көрсетеді. Ғылыми бағыттардың негізгі басымдықтарын визуализациялау үшін

VOSviewer программасында терминдерді кластерлеу картасы құрылды (3-сурет). Талдау зерттеулердің пәнаралық сипатын растайтын үш негізгі кластерді анықтады.



Сурет 3. VOSviewer программасындағы терминдерді кластерлеу картасы

2. Сандық талдау нәтижелері

2.1 Алгоритмдік ойлау деңгейінің динамикасы

Педагогикалық эксперимент нәтижелері эксперименттік топта CTt тесті бойынша орташа баллдың статистикалық маңызды өскенін көрсетті (52.3-тен 68.7-ге дейін, $p < 0.01$, t-критерий). Бақылау тобында өзгерістер шамалы болды (53.1-ден 55.4-ке дейін, $p > 0.05$). Бұл алгоритмдік ойлауды дамыту құралы ретінде ЖИ-ді қолданудың тиімділігін көрсетеді.

2.2 Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама нәтижелері

Оқушылардың ЖИ-ді қабылдауы мен қолдану стратегияларындағы өзгерістерді бағалау үшін эксперименттік топта сауалнама жүргізілді. 2-кестеде негізгі сұрақтар бойынша сипаттамалық статистика нәтижелері (мода және медиана) ұсынылған.

Кесте 2. Эксперименттік топ оқушыларының Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама нәтижелері

Тұжырым	*Экспериментке дейін*		*Эксперименттен кейін*	
	Мода	*Медиана*	*Мода*	*Медиана*
Мен алгоритмдердің қалай жұмыс істейтінін түсінемін	*3*	*3.2*	*5*	*4.5*
ЖИ маған күрделі есептерді бөліктерге бөлуге көмектеседі	*2*	*2.4*	*5*	*4.3*
Мен ЖИ-ден алынған жауаптарға сыни көзқараспен қараймын	*2*	*2.1*	*4*	*4.1*
Мен ЖИ ұсынған шешімнің логикасын түсіндіре аламын	*2*	*2.3*	*4*	*4.0*
ЖИ-ді қолдану оқу процесін қызықты етеді	*4*	*4.1*	*5*	*4.7*

Кестеден көрініп тұрғандай, алгоритмдерді түсінуге және рефлексияға байланысты барлық тұжырымдар бойынша мода мен медиана жоғары мәндерге қарай ығысқан. Бұл алгоритмдік ойлау компоненттерінің қалыптасуындағы оң динамиканы көрсетті. Ең үлкен ығысу «ЖИ маған күрделі есептерді бөліктерге бөлуге көмектеседі» деген тұжырым бойынша байқалады, бұл декомпозиция дағдысының дамуын растайды.

3. Сапалық талдау нәтижелері (сұхбаттардың тақырыптық талдауы)

Сандық өзгерістердің негізінде жатқан механизмдерді тереңірек түсіну мақсатында 15 сұхбаттың транскрипттеріне тақырыптық талдау жүргізілді. 3-кестеде анықталған тақырыптар мен кіші тақырыптардың құрылымы иллюстративті үзінділермен ұсынылған.

Кесте 3. Сұхбаттардың тақырыптық талдауының нәтижелері

Тақырып	*Кіші тақырып*	*Үзінді*
ЖИ-мен өзара әрекеттесу стратегияларының эволюциясы	*Қарапайым сұраудан диалогқа*	*«Басында мен жай ғана «код жаз» деп жазатынмын, кейін ол [ЖИ] мағынасыз нәрсе шығарғанда, қандай айнымалыларды, қандай кітапхананы қолдану керектігін нақтылау керектігін түсіне бастадым» (Қатысушы 5).*
	Нәтижелерді тексеру	*«Мен қазір оның кодын әрқашан тексеремін. Өз компьютерімде іске қосып, жұмыс істейтінін көремін. Егер жоқ болса, неге қателескенін түсінуге тырысамын» (Қатысушы 9).*
Метатанымдық дағдылардың дамуы	*Өз түсінбеушілігін сезіну*	*«Ең пайдалысы – ол [ЖИ] түсініксіз сәттерді түсіндіргенде. Сен кенеттен тақырыпты дәл не түсінбегеніңді ұғынасың» (Қатысушы 3).*
	Шешімді жоспарлау	*«Мен алдымен қағазда программаның құрылымын жасаймын, содан кейін ғана ЖИ-ден күрделі бөліктерді жүзеге асыруға көмектесуді сұраймын» (Қатысушы 12).*
Эмоционалды қабылдау	*ЖИ көмекші ретінде*	*«Қателесуден қорқу азайды. Егер бірдеңе шықпаса, мен ЖИ-ден кеңес сұрап, қай бағытта ойлау керектігін түсіне аламын» (Қатысушы 7).*
	ЖИ-ден көңілі қалу	*«Кейде ол мені ашуландырады. Оған нақты тапсырма бересің, ал ол бір мағынасыз нәрсе істеп береді. Сонда өзің отырып түсінуге тура келеді» (Қатысушы 14).*

Сапалық талдау тестілеу әдістерімен анықталмайтын маңызды процестерді айқындалды. Оқушылар есептерді жақсы шешіп қана қоймай, оларды шешуге деген көзқарастарын өзгертті. Олар жоспарлаудан бастады, ЖИ-мен диалог жүргізуді үйренді, әрі оның шешімдерін тексеріп, сынай бастады. Сұхбат деректері сауалнама нәтижелерін растап, оларды түсіндіріп, сандық және сапалық деректердің өзара үйлесімділігін көрсетеді.

Дискуссия

Алынған нәтижелер алгоритмдік ойлауды дамытуда білім беру процесіне ЖИ-дің қажеттілігін көрсетеді. Эксперименттік топта байқалған статистикалық тұрғыдан маңызды өсім ЖИ-дің тек ақпараттық құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар когнитивті дамудың катализаторы ретінде де әрекет ете алатынын көрсетеді. Бақылау тобындағы елеулі өзгерістердің болмауы ЖИ-ді қолданудың өздігінен жүрмей, арнайы құрылымдалған түрде болуы керек екенін көрсетеді. Сандық және сапалық деректердің сәйкес келуі ерекше қызықты. Студенттердің сұхбаттарында ЖИ-мен диалогқа қатысу, оның жауаптарын тексеру және өздерінің түсінбеушіліктерін анықтау сияқты стратегияларды әзірлегенін хабарлауы

сауалнамада көрсетілген ыдырау және сыни ойлау дағдыларының жақсаруымен толығымен сәйкес келеді. Бұл ЖИ-мен педагогикалық тұрғыдан тиісті өзара әрекеттесу студенттердің ойлау стратегияларын сапалы түрде өзгертетінін, оларды саналы және құрылымдық ететінін көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген аралас зерттеу ЖИ-ді қолдану кезінде оқушыларда алгоритмдік ойлауды қалыптастырудың тұтас бейнесін алуға мүмкіндік берді және алға қойылған гипотезаны растады.

1. *PRISMA әдісі бойынша библиометриялық талдау* тақырыптың жоғары өзектілігін растады және 2020 жылдан бастап оған қызығушылықтың экспоненциалды өсуін анықтады. VOSviewer программасындағы терминдерді кластерлеу картасы мәселенің педагогика, технологиялар және когнитивтік психологияның тоғысында жатқанын көрсетті, бұл аралас тәсілді қолдану қажеттілігін негіздейді.

2. *Сандық талдау* бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топта алгоритмдік ойлау деңгейінің статистикалық маңызды жоғарылағанын тіркеді. Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама деректері (мода мен медиананың ығысуы) бұл өсуді нақтылап, оқушыларда декомпозиция, сыни ойлау және рефлексия дағдыларының дамығанын көрсетті.

3. *Сұхбаттардың сапалық талдауы* осы өзгерістердің ішкі механизмдерін ашты. Тақырыптық талдау ЖИ-мен өзара әрекеттесу стратегияларының эволюциясын (қарапайым сұраулардан диалогқа және тексеруге дейін), метатанымдық дағдылардың дамуын (олқылықтарды сезіну, жоспарлау) және эмоционалды фактордың маңызды рөлін анықтады. Оқушылар ЖИ-ді дайын жауаптар көзі ретінде емес, «когнитивтік серіктес» ретінде қабылдай бастайды.

4. *Әдістердің интеграциясы* (тесттер, сауалнамалар және сұхбаттар деректерінің конвергенциясы) ойлау деңгейінің жоғарылағанын ғана емес, сонымен қатар бұл өзгерістердің *қалай* және *неге* болғанын түсіндіруге мүмкіндік берді, бұл аралас дизайнның басты артықшылығы болып табылады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы анықталған стратегиялар (диалог, тексеру, жоспарлау) информатика сабақтарында ЖИ-мен жұмысты ұйымдастыру бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдардың негізі бола алатынында. Яғни оқушыларда алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген оқытудың қажеттілігінің айқындалуында. Одан әрі зерттеулердің перспективалары оқушылардың жеке когнитивтік стильдерін ескеретін сараланған тапсырмаларды әзірлеумен және ЖИ-ді қолданудың ұзақ мерзімді әсерлерін зерттеумен байланысты.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

[1] Crompton, H., & Burke, D. (2023). Artificial intelligence in higher education: The state of the field. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 20(1), 1-22. https://doi.org/10.1186/s41239-023- 00392-8

[2] Treve, M. (2024). Integrating artificial intelligence in education: Impacts on student learning and innovation. International Journal of Vocational Education and Training Research, 10(2), 56-63. https://doi.org/10.11648/j.ijvetr.20241002.14

[3] Chiu, T. K. F., Xia, Q., Zhou, X., Chai, C. S., & Cheng, M. (2024). Systematic literature review on opportunities, challenges, and future research recommendations of artificial intelligence in education. Computers and Education: Artificial Intelligence, 4, 100-118. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2022.100118

[4] Long, D., & Magerko, B. (2020). What is AI literacy? Competencies and design considerations. In Proceedings of the 2020 CHI conference on human factors in computing systems (pp. 1-16). ACM. https://doi.org/10.1145/3313831.3376727

[5] Zhai, Y., Nezakatgoo, B. Evaluating AI-Powered Applications for Enhancing Undergraduate Students' Metacognitive Strategies, Self-Determined Motivation, and Social Learning in English Language Education. Sci Rep 15, 35199 (2025). https://doi.org/10.1038/s41598-025-19118-z

[6] Vygotsky, L. S. (1978). Mind in society: The development of higher psychological processes. Harvard University Press.

[7] Piaget, J. (1972). The psychology of intelligence. Littlefield Adams.

[8] Wing, J. M. (2006). Computational thinking. Communications of the ACM, 49(3), 33-35. https://doi.org/10.1145/1118178.1118215

[9] Luckin, R.: Towards artificial intelligence-based assessment systems. Nat. Hum. Behav. (2017). https://doi.org/10.1038/s41562-016-0028

[10] Creswell, J. W., & Plano Clark, V. L. (2018). Designing and conducting mixed methods research (3rd ed.). SAGE Publications.

[11] Moher D, Liberati A, Tetzlaff J, Altman DG, The PRISMA Group (2009) Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses: The PRISMA Statement. PLoS Med 6(7): e1000097. https://doi.org/10.1371/journal.pmed.1000097

[12] Roman-Gonzalez, M., Moreno-Leon, J., & Robles, G. (2019). Combining assessment tools for a comprehensive evaluation of computational thinking interventions. In S. C. Kong & H. Abelson (Eds.), Computational thinking education (pp. 79-98). Springer. https://doi.org/10.1007/978-981-13-6528-7_6

[13] Braun, V., & Clarke, V. (2006). Using thematic analysis in psychology. Qualitative Research in Psychology, 3(2), 77-101. https://doi.org/10.1191/1478088706qp063oa

References

[1] Crompton, H., & Burke, D. (2023). Artificial intelligence in higher education: The state of the field. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 20(1), 1-22. https://doi.org/10.1186/s41239-023- 00392-8

[2] Treve, M. (2024). Integrating artificial intelligence in education: Impacts on student learning and innovation. International Journal of Vocational Education and Training Research, 10(2), 56-63. https://doi.org/10.11648/j.ijvetr.20241002.14

[3] Chiu, T. K. F., Xia, Q., Zhou, X., Chai, C. S., & Cheng, M. (2024). Systematic literature review on opportunities, challenges, and future research recommendations of artificial intelligence in education. Computers and Education: Artificial Intelligence, 4, 100-118. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2022.100118

[4] Long, D., & Magerko, B. (2020). What is AI literacy? Competencies and design considerations. In Proceedings of the 2020 CHI conference on human factors in computing systems (pp. 1-16). ACM. https://doi.org/10.1145/3313831.3376727

[5] Zhai, Y., Nezakatgoo, B. Evaluating AI-Powered Applications for Enhancing Undergraduate Students' Metacognitive Strategies, Self-Determined Motivation, and Social Learning in English Language Education. Sci Rep 15, 35199 (2025). https://doi.org/10.1038/s41598-025-19118-z

[6] Vygotsky, L. S. (1978). Mind in society: The development of higher psychological processes. Harvard University Press.

[7] Piaget, J. (1972). The psychology of intelligence. Littlefield Adams.

[8] Wing, J. M. (2006). Computational thinking. Communications of the ACM, 49(3), 33-35. https://doi.org/10.1145/1118178.1118215

[9] Luckin, R.: Towards artificial intelligence-based assessment systems. Nat. Hum. Behav. (2017). https://doi.org/10.1038/s41562-016-0028

[10] Creswell, J. W., & Plano Clark, V. L. (2018). Designing and conducting mixed methods research (3rd ed.). SAGE Publications.

[11] Moher D, Liberati A, Tetzlaff J, Altman DG, The PRISMA Group (2009) Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses: The PRISMA Statement. PLoS Med 6(7): e1000097. https://doi.org/10.1371/journal.pmed.1000097

[12] Roman-Gonzalez, M., Moreno-Leon, J., & Robles, G. (2019). Combining assessment tools for a comprehensive evaluation of computational thinking interventions. In S. C. Kong & H. Abelson (Eds.), Computational thinking education (pp. 79-98). Springer. https://doi.org/10.1007/978-981-13-6528-7_6

[13] Braun, V., & Clarke, V. (2006). Using thematic analysis in psychology. Qualitative Research in Psychology, 3(2), 77-101. https://doi.org/10.1191/1478088706qp063oa

IRSTI 14.35.07

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.025

G.B. Kamalova[1*], Sh.P. Turashova[1], A.M. Alimbay[1], D.B. Nauryzbayev[1], A.A. Amangeldin[1]

[1] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[*]*e-mail: g.kamalova@abaiuniversity.edu.kz*

POWER BI AS A DATA VISUALIZATION AND ANALYSIS TOOL IN THE DEPARTMENT'S EDUCATIONAL MANAGEMENT

Abstract

The article is devoted to the problem of increasing the efficiency of management of the university department through the introduction of business intelligence (BI) tools. Traditional methods of data analysis are time-consuming and do not allow for prompt management decisions in a modern educational environment characterized by a large amount of data. The purpose of this study is to substantiate the feasibility of using MS Power BI, one of the most popular business intelligence tools, to optimize the management of the university's department, develop interactive dashboards for monitoring and visualizing key performance indicators of the department (faculty publication activity, student academic performance, etc.) in real time and assess their impact on improving management efficiency. activities of the department. The methodological basis of the research is a systematic approach, which uses a set of theoretical and experimental methods. To assess the impact of using Power BI on improving the effectiveness of department management, an experimental method of single-group preliminary and subsequent questionnaires was chosen. The sample consisted of 47 teachers of the Department of Informatics and Informatization of Education of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 40% of whom have permanent general departmental duties. The survey was conducted in an online format using the GoogleForms service. The developed questionnaire included 21 questions on a 5-point Likert scale. The reliability of the results was confirmed using the Cronbach's alpha coefficient. The results of the study. The proposed innovative method of department management based on Power BI has proven to be highly effective. It allows you to automate the generation of reports, quickly identify problem areas and trends, which, in turn, contributes to making informed management decisions. The results of the research have practical significance and will serve as a basis for implementation in the practice of department management in other educational institutions, contributing to the development of the educational management system.

Keywords: business intelligence system, dashboard, Microsoft Power BI, data visualization, management reporting, digitalization.

Г.Б. Камалова[1], Ш.П. Тұрашова[1], А.М. Әлімбай [1], Д.Б. Наурызбаев[1], А.А. Амангелдин[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

POWER BI КАФЕДРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақала жоғары оқу орны кафедрасының қызметін басқару тиімділігін бизнес-аналитика (BI) құралдарын енгізу арқылы арттыру мәселесіне арналған. Дәстүрлі деректерді талдау әдістері еңбек сыйымдылығы жоғары және қазіргі білім беру ортасында, үлкен көлемдегі деректермен сипатталатын жағдайда, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік бермейді. Зерттеудің мақсаты жоғары оқу орны кафедрасының қызметін басқаруды оңтайландыру үшін бизнес-аналитиканың кең таралған құралдарының бірі болып табылатын MS Power BI қолданудың орындылығын негіздеу, кафедра қызметінің негізгі көрсеткіштерін (профессор-оқытушылар құрамының жарияланымдық белсенділігі, студенттердің үлгерімі және т.б.) нақты уақыт режимінде мониторингтеу мен визуализациялауға арналған интерактивті дашбордтарды әзірлеу және олардың басқару тиімділігін арттыруға ықпалын бағалау болып табылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік тәсіл құрайды, оның аясында теориялық және эксперименттік әдістер кешені қолданылды. Power BI қолданудың

кафедра қызметін басқару тиімділігіне әсерін бағалау үшін бір топқа жүргізілген алдын ала және кейінгі сауалнамаға негізделген эксперименттік әдіс таңдалды. Зерттеу іріктемесін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Информатика және білім беруді информатизациялау кафедрасының 47 оқытушысы құрады, олардың 40%-ы кафедра деңгейінде тұрақты міндеттер атқарады. Сауалнама Google Forms сервисін пайдалану арқылы онлайн форматта жүргізілді. Әзірленген сауалнама 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша 21 сұрақтан тұрды. Нәтижелердің сенімділігі Кронбах альфа коэффициенті арқылы расталды. Зерттеу нәтижелері. Power BI негізінде ұсынылған кафедраны басқарудың инновациялық тәсілі өзінің жоғары тиімділігін көрсетті. Ол есептерді қалыптастыруды автоматтандыруға, проблемалық аймақтар мен үрдістерді жедел анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдауға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері практикалық маңызға ие және жоғары оқу орындары кафедраларын басқару тәжірибесіне енгізу үшін негіз бола алады, білім беруді басқару жүйесінің дамуына үлес қосады.

Түйін сөздер: бизнес-аналитика жүйесі, дашборд, Microsoft Power BI, деректерді визуализациялау, басқарушылық есептілік, цифрландыру.

Г.Б. Камалова[1], Ш.П. Турашова[1], А.М. Әлімбай [1], Д.Б. Наурызбаев[1], А.А. Амангелдин[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

POWER BI КАК ИНСТРУМЕНТ ВИЗУАЛИЗАЦИИ И АНАЛИЗА ДАННЫХ В УПРАВЛЕНИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ КАФЕДРЫ

Аннотация

Статья посвящена проблеме повышения эффективности управления деятельностью кафедры вуза через внедрение инструментов бизнес-аналитики (BI). Традиционные методы анализа данных трудоемки и не позволяют оперативно принимать управленческие решения в условиях современной образовательной среды, характеризующейся большим объемом данных. Целью данного исследования является обоснование целесообразности использования MS Power BI – одного из наиболее популярных инструментов бизнес-аналитики, для оптимизации управления деятельностью кафедры вуза, разработка интерактивных дашбордов для мониторинга и визуализации ключевых показателей деятельности кафедры (публикационной активности ППС, успеваемости студентов и др.) в режиме реального времени и оценка их влияния на повышение эффективности управления деятельностью кафедры. Методологической основой исследования является системный подход, в рамках которого использован комплекс теоретических и экспериментальных методов. Для оценки влияния использования Power BI на повышение эффективности управления деятельностью кафедры выбран экспериментальный метод одногруппового предварительного и последующего анкетирования. Выборка составила 47 преподавателей кафедры информатики и информатизации образования Казахского национального педагогического университета имени Абая, 40% из которых имеют постоянные общекафедральные обязанности. Опрос проводился в онлайн-формате с использованием сервиса GoogleForms. Разработанная анкета включала в себя 21 вопрос по 5-балльной шкале Лайкерта. Надежность результатов подтверждена с помощью коэффициента альфа Кронбаха. Результаты исследования. Предложенный инновационный метод управления кафедрой на основе Power BI доказал свою высокую эффективность. Он позволяет автоматизировать формирование отчетов, оперативно обнаруживать проблемные зоны и тенденции, что, в свою очередь, способствует принятию обоснованных управленческих решений. Результаты исследования имеют практическую значимость и послужат основой для внедрения в практику управления кафедрами и в других учебных заведениях, внося вклад в развитие системы управления образованием.

Ключевые слова: система бизнес-аналитики, дашборд, Microsoft Power BI, визуализация данных, управленческая отчетность, цифровизация.

Introduction

In today's rapidly changing world, educational institutions are faced with the need for operational analysis of large amounts of data to make informed management decisions. Departments, as structural divisions of universities, are no exception. They use diverse information about educational, scientific and educational activities. The analysis of these data plays a key role in making the right decisions to optimize the educational process, improve the quality of education and the effectiveness of the department's resource management.

Current data on the department's activities is also important when passing accreditation, which is one of the key tools for improving the quality of educational services in the higher education system of Kazakhstan. It is conducted in accordance with established standards by independent national and international accreditation agencies. The standards include measurable indicators (KPIs) for an objective assessment of the quality of educational services [1].

Traditional methods of data processing and analysis (spreadsheets) often do not ensure proper objectivity and efficiency of monitoring. At the same time, the experience of the corporate sector demonstrates the effectiveness of business intelligence systems (BI system), which not only consolidate data from various sources, but also provide opportunities for their visualization in a convenient format, which helps to make informed management decisions, as well as provide opportunities for in-depth analysis in order to identify trends, patterns, and problem areas [2-4].

Among the available BI platforms, Microsoft Power BI stands out for its extensive integration capabilities with Excel, SharePoint, Azure and other Microsoft services, as well as with interactive dashboard creation tools [5-7]. Due to its accessibility and ease of operation, the application can be used not only by professional data analysts, but also in management activities in educational institutions.

Various architectural approaches to implementing BI platforms in education are actively discussed in the scientific literature: from service-oriented (SoBI) to integrate disparate systems to the concept of Self-Service Business Intelligence (SSBI), which allows end users to work with data independently. Research confirms the effectiveness of Power BI in predicting academic performance [8-10], analyzing the causes of student dropout [11], monitoring attendance [12], and automating the work of admissions committees [13].

MS Power BI software has an extensive set of tools for data analysis and visualization, allowing you to create visual and informative reports and dashboards for operational and informed management decision-making in educational institutions. Despite the huge opportunities and growing popularity in educational management, the issues of its application for comprehensive monitoring and analysis of the activities of university departments remain insufficiently studied.

The purpose of this study is to substantiate the feasibility of using MS Power BI to optimize the management of the Department of higher education, to develop interactive dashboards for monitoring and visualizing key performance indicators of the department in real time and to assess their impact on improving the effectiveness of department management.

Research methodology

The methodological basis of the research is a systematic approach, which uses a set of theoretical and empirical methods: studying and analyzing scientific literature on the research topic; collecting data on the department's activities, comparative analysis of modern business intelligence tools; exploring the functionality and experience of using MS Power BI in other organizations; developing a data model and creating interactive dashboards in Power BI; conducting testing of developed dashboards.

To assess their impact on improving the effectiveness of the department's management, a quantitative approach was chosen using the experimental method of single-group preliminary and subsequent questionnaires. The study sample consisted of 47 teachers of the Department of Informatics and Informatization of Education of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 40% of whom have general departmental duties. The survey was conducted to identify their data visualization and analysis needs, as well as to test the effectiveness of using Power BI in managing the department's activities. The survey to form the empirical basis of the study was conducted in an online format using the GoogleForms service. The developed questionnaire included 21 questions.

An analysis of the survey results using the Cronbach's alpha coefficient showed a high degree of reliability and reliability of the results both before and after the implementation of dashboards

developed on the basis of MS Power BI. The values of this coefficient were 0.962 and 0.98, respectively, which confirms the excellent internal consistency of the data.

Results of the study

To monitor the key performance indicators of the university department in the Power BI environment, a semantic model based on a subject-oriented approach has been developed. The model is a structured system of interconnected tables that provide a holistic and consistent presentation of information about the activities of the university department, and integrates data from heterogeneous sources [14]. The relationships between the tables are implemented according to the Star Schema principle, where the central fact tables are combined with measurements through key fields. This approach is a widely accepted standard in data warehouse design and is recommended for Power BI, as it provides high performance of DAX (Data Analysis Expressions) calculation measures, scalability and fast integration of data from diverse sources: LMS, Excel reports, sensors installed in smart classrooms, MySQL databases [14]. This semantic model ensures the logical integrity of the data and serves as the foundation for building interactive dashboards.

The Power BI Desktop application is sufficient to create informative reports with data visualization and subsequent analysis and forecasting. This tool combines all the necessary steps: from data acquisition and processing to modeling and visualization. The created dashboard can be published in the Power BI Service to provide multi-user web access and rights sharing. As part of this research, a system has been developed that implements two levels of analytics through interactive dashboards:

1. A management dashboard for the department's management, which provides comprehensive monitoring of KPIs in the main areas of the department's activities: academic performance dynamics, research and development (publication activity, Hirsch index through Tree Maps), contingent forecasting. The drill-down functions allow you to move from aggregated department indicators to detailing individual achievements.

2. The pedagogical dashboard for teachers is focused on the personalization of the educational process and operational intervention: the use of scatter plots to analyze the correlation between attendance and academic results, as well as built-in Power BI machine learning tools to predict final grades based on current dynamics to identify students at risk and personalize learning.

Екіншіден, бұл когнитивті жүктемені азайтады. Выготскийдің «Жақын даму аймағы» кітабына сәйкес, алгоритм материалды өлшенген мөлшерде жеткізеді.

Үшіншіден, ол дағдыларды растайды. Микродағдылар тез нәтиже береді және өмір бойы оқуға ынтаны арттырады.

Болашақ және қазіргі мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамалар бейімделген технологияларға өте оң баға берді. Болашақ мұғалімдердің цифрлық бейімделген оқытуға дайындығын зерттеу мұндай технологияларды кәсіби жұмыстарында қолдануға деген ұмтылысты, сондай-ақ цифрлық дәуірде оқыту сапасын және оқушылардың білімін жақсартудағы маңыздылығын мойындауды көрсетті [15]. Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің цифрлық платформалардың әлеуетін мойындайтынын және білім беру мәселелерін шешу үшін бейімделген механизмдер мен жасанды интеллект құралдарын пайдалануға қызығушылық танытатынын көрсетеді. Бұл деректер бейімделген білім беру платформаларын мұғалімдерді оқытуға және IT микродағдыларында кәсіби дамуға біріктірудің орындылығын растайды.

Зерттеу аясында Қазақстан Республикасындағы мектеп мұғалімдері мен университет профессорлары арасында сауалнама жүргізілді (n=100). Сауалнама цифрлық түрде жүргізілді (Google Forms). Сауалнама үш бөлімнен тұрды:

I. Демографиялық және техникалық профиль

- IT құралдарын меңгеру (5 балдық Ликерт шкаласы бойынша өзін-өзі бағалау).

- MOOC-тармен жұмыс тәжірибесі (Coursera, Stepik, Örleu және т.б.).

II. Бейімделген механизмдерді бағалау. Респонденттерден келесі бейімделген платформа мүмкіндіктерінің маңыздылығын бағалау сұралды:

- Тест алдындағы сәйкестендіру: орналастыру сынағына негізделген таныс тақырыптарды өткізіп жіберу мүмкіндігі.

- Динамикалық мазмұнды түзету: сәтті орындауға негізделген тапсырманың қиындығын автоматты түрде реттеу.

- Микрооқыту форматы: микродағдыларды игеру үшін қысқа модульдер бойынша (10-15 минут) оқытуға дайындық.

III. Кедергілер және әлеует

- Оларда жетіспейтін нақты IT микродағдылары туралы ашық сұрақтар (мысалы, "Білім берудегі жасанды интеллект", "Деректерді талдау", "Киберқауіпсіздік негіздері").

IT дағдылары бойынша сауалнаманың сенімділігі Кронбах Альфасын қолдану арқылы тексерілді. Нәтижелер жоғары ішкі сәйкестікті көрсетті (2-кесте).

Кесте 2. Сауалнама блоктарының сенімділік көрсеткіштері

Зерттеу индекстері	*Cronbach's Alpha*
Үздіксіз кәсіби даму	*0.87*
Микробіліктілік қабылдау	*0.89*
Адаптивтілік қажеттілігі	*0.91*
Платформа сұранысы	*0.93*
Жалпы сауалнама	*0.94*

Бұл нәтижелер қолданылған сауалнама құралдарының жоғары сенімділік деңгейіне ие екенін және алынған деректердің ғылыми талдауға жарамды екенін көрсетеді.

Негізгі тұжырымдар:

- Респонденттердің 82%-ы стандартты курстарда көбінесе олар үшін артық ақпарат болатынын атап өтті.

- 75%-ы өздерінің цифрлық біліктілік деңгейіне автоматты түрде адаптивті платформаларда оқуға дайын екенін білдірді.

- Негізгі кедергі: озық IT технологиялар (білім берудегі жасанды интеллект, VR/AR) бойынша жоғары сапалы локализацияланған мазмұнның болмауы.

Зерттеу нәтижелері педагогтердің IT саласындағы кәсіби дамуға деген қажеттілік жоғары екенін көрсетті. Үздіксіз кәсіби даму индексінің орташа мәні 4.48 болды. Сонымен қатар микробіліктілік форматы да оң бағаланды (Mean = 4.33). Адаптивті оқытуға қажеттілік индексі 4.50, ал арнайы IT-микробіліктілік платформасына сұраныс 4.51 болды (1-сурет).



Сурет 1. Негізгі индекстердің салыстырмалы көрсеткіштері

Қорытынды

Талдау көрсеткендей, адаптивті білім беру платформалары дербестендірілген таректория, жасанды интеллект технологияларын пайдалану және бағдарламалардың модульдік құрылымы арқылы IT мұғалімдерін микробіліктілік бойынша оқытудың тиімділігін арттыру үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Халықаралық тәжірибе микробіліктіліктер мен адаптивті платформаларды педагогтердің кәсіби даму жүйесіне интеграциялаудың табысты үлгілерін көрсетеді, ал Қазақстандағы тәжірибе цифрлық білім беру реформалары аясында дамып келеді. Педагогикалық қауымдастықтың пікірлері мұндай құралдарға деген практикалық қажеттіліктің жоғары екенін растайды. Бұл өз кезегінде білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында педагогтерді даярлау жүйесіне адаптивті платформаларды енгізудің маңыздылығын айқындайды. Сонымен қатар адаптивті жүйелерді енгізу «Педагогтің цифрлық портфолиосын» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай портфолиода микробіліктіліктер автоматты түрде жинақталып, педагогтің кәсіби құзыреттерінің объективті рейтингі қалыптасады.

Алғыс

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант No AP23490844).

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

[1]Brown M., Mhichíl M.N.G., Beirne E., Costello E. The Global Micro-Credential Landscape: Charting a New Credential Ecology for Lifelong Learning // Journal of Learning for Development. 2021. DOI: https://doi.org/10.56059/jl4d.v8i2.525

[2]Ralston S.J. Higher education's microcredentialing craze: a postdigital-Deweyan critique // Postdigital Science and Education. 2021. DOI: https://doi.org/10.1007/s42438-020-00121-8

[3]Kato S., Galán-Muros V., Weko T. The emergence of alternative credentials // OECD Education Working Papers. 2020. DOI: https://doi.org/10.1787/b741f39e-en

[4]Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education // International Journal of Educational Technology in Higher Education. 2019. DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[5]Chen L., Chen P., Lin Z. Artificial intelligence in education: A review // IEEE Access. 2020. DOI: https://doi.org/10.1109/ACCESS.2020.2988510

[6]Bond M., Bedenlier S., Marín V.I., Händel M. Emergency remote teaching in higher education: mapping the first global online semester // International Journal of Educational Technology in Higher Education. 2021. DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-021-00282-x

[7]Ifenthaler D., Schumacher C. Learning analytics and digital transformation of education // Computers in Human Behavior. 2021. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2020.106677

[8]Cabero-Almenara J., Palacios-Rodríguez A. Digital competence of higher education teachers: validation of DigCompEdu Check-In questionnaire // Sustainability. 2020. DOI: https://doi.org/10.3390/su12135458

[9]Абдуллаев М. Адаптивные системы обучения на основе искусственного интеллекта в трансформации современного образовательного процесса // E-Conference Platform. 2025. №1(16-aprel). С. 440–444. URL: https://journals.tnmu.uz/conference/article/view/1550

[10]Brusilovsky P., Peylo C. Adaptive and Intelligent Web-based Educational Systems // International Journal of Artificial Intelligence in Education. 2003. Vol. 13. P. 159–172.

[11]Pane J.F., Steiner E.D., Baird M.D., Hamilton L.S. Informing Progress: Insights on Personalized Learning Implementation and Effects. 2017. DOI: https://doi.org/10.7249/RR2042

[12]Khosravi H., Kitto K., Williams J.J. RiPPLE: A Crowdsourced Adaptive Platform for Recommendation of Learning Activities. DOI: https://doi.org/10.48550/arXiv.1910.05522

[13]Myroshnichenko O. Micro-credentials for professional development of teachers: experience of open university (UK) // Continuing Professional Education: Theory and Practice. 2024. Vol. 79(2). P. 125–140. DOI: https://doi.org/10.28925/2412-0774.2024.2.10

[14]Scott A., Gath M.E., Gillon G., McNeill B., Ghosh D. Facilitators of Success for Teacher Professional Development in Literacy Teaching Using a Micro-Credential Model of Delivery // Education Sciences. 2024. Vol. 14(6). P. 578. DOI: https://doi.org/10.3390/educsci14060578

[15]Kurmasheva M., Zhorabekova A., Zheldibaeva R., Erekhanova F., Salybekova F. Gotovnost' budushchikh uchitelei inostrannogo yazyka k tsifrovomu adaptivnomu obucheniyu // Journal of Educational Sciences. 2025. T. 84(3). S. 40–51. DOI: https://doi.org/10.26577/JES20258434

Referenens

[1]Brown M., Mhichíl M.N.G., Beirne E., Costello E. The Global Micro-Credential Landscape: Charting a New Credential Ecology for Lifelong Learning // Journal of Learning for Development. 2021. DOI: https://doi.org/10.56059/jl4d.v8i2.525

[2]Ralston S.J. Higher education's microcredentialing craze: a postdigital-Deweyan critique // Postdigital Science and Education. 2021. DOI: https://doi.org/10.1007/s42438-020-00121-8

[3]Kato S., Galán-Muros V., Weko T. The emergence of alternative credentials // OECD Education Working Papers. 2020. DOI: https://doi.org/10.1787/b741f39e-en

[4]Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education // International Journal of Educational Technology in Higher Education. 2019. DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[5]Chen L., Chen P., Lin Z. Artificial intelligence in education: A review // IEEE Access. 2020. DOI: https://doi.org/10.1109/ACCESS.2020.2988510

[6]Bond M., Bedenlier S., Marín V.I., Händel M. Emergency remote teaching in higher education: mapping the first global online semester // International Journal of Educational Technology in Higher Education. 2021. DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-021-00282-x

[7]Ifenthaler D., Schumacher C. Learning analytics and digital transformation of education // Computers in Human Behavior. 2021. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2020.106677

[8]Cabero-Almenara J., Palacios-Rodríguez A. Digital competence of higher education teachers: validation of DigCompEdu Check-In questionnaire // Sustainability. 2020. DOI: https://doi.org/10.3390/su12135458

[9]Abdullaev M. (2025) Adaptivnye sistemy obuchenija na osnove iskusstvennogo intellekta v transformacii sovremennogo obrazovatel'nogo processa [Adaptive learning systems based on artificial intelligence in the transformation of the modern educational process]. E-Conference Platform. №1(16-aprel). 440–444. URL: https://journals.tnmu.uz/conference/article/view/1550

[10]Brusilovsky P., Peylo C. Adaptive and Intelligent Web-based Educational Systems // International Journal of Artificial Intelligence in Education. 2003. Vol. 13. P. 159–172.

[11]Pane J.F., Steiner E.D., Baird M.D., Hamilton L.S. Informing Progress: Insights on Personalized Learning Implementation and Effects. 2017. DOI: https://doi.org/10.7249/RR2042

[12]Khosravi H., Kitto K., Williams J.J. RiPPLE: A Crowdsourced Adaptive Platform for Recommendation of Learning Activities. DOI: https://doi.org/10.48550/arXiv.1910.05522

[13]Myroshnichenko O. Micro-credentials for professional development of teachers: experience of open university (UK) // Continuing Professional Education: Theory and Practice. 2024. Vol. 79(2). P. 125–140. DOI: https://doi.org/10.28925/2412-0774.2024.2.10

[14]Scott A., Gath M.E., Gillon G., McNeill B., Ghosh D. Facilitators of Success for Teacher Professional Development in Literacy Teaching Using a Micro-Credential Model of Delivery // Education Sciences. 2024. Vol. 14(6). P. 578. DOI: https://doi.org/10.3390/educsci14060578

[15]Kurmasheva M., Zhorabekova A., Zheldibaeva R., Erekhanova F., Salybekova F. Gotovnost' budushchikh uchitelei inostrannogo yazyka k tsifrovomu adaptivnomu obucheniyu // Journal of Educational Sciences. 2025. T. 84(3). S. 40–51. DOI: https://doi.org/10.26577/JES20258434

ҒТАХР14.35.09

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.027

А.Е. Сағымбаева[1], А.Б. Жамкеева[1*], А.Е. Жаксылыков[2], А.Е. Қожан[1]

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2] Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан
[*]*e-mail: zhamkeeva.aikenzhe@mail.ru*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПРОГРАММАЛАУ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ КӨРСЕТКІШІН БАҒАЛАУ МОДЕЛІ

Аңдатпа

Қазіргі жоғары оқу орындарында программалауды оқыту барысында студенттердің тек соңғы алынған нәтижесін ғана емес, есепті шешу үдерісінде көрінетін танымдық және алгоритмдік әрекеттерін бағалау өзекті мәселе болып табылады. Зерттеудің мақсаты — студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткіштерін педагогикалық тұрғыдан жүйелеп, оларды сандық өлшемдер арқылы бағалауға мүмкіндік беретін бағалау моделін ұсыну. Зерттеудің міндеттері студенттердің есепті шешу барысында көрінетін негізгі көрсеткіштерді анықтау, оларды бағалау критерийлерімен байланыстыру және ұсынылған модельдің тиімділігін эксперименттік тұрғыда тексеру болып табылады. Зерттеу әдіснамасы педагогикалық экспериментке және сандық талдау әдістеріне негізделді. Экспериментке Python программалау тілі бойынша білім алатын 94 студент қатысты. Студенттерге қиындық деңгейі әртүрлі (жеңіл, орта және күрделі) программалау тапсырмалары ұсынылып, олардың шешімдері есепті түсіну, алгоритмдік ойлау, дұрыстық, тиімділік, код сапасы, шеттік жағдайларды өңдеу және шешімді түсіндіру қабілеті сияқты жеті педагогикалық көрсеткіш бойынша бағаланды. Сонымен қатар, бағалау барысында есептің қиындық деңгейін ескеретін қиындық коэффициенті енгізілді. Зерттеу нәтижелері есептің күрделілік деңгейі артқан сайын студенттердің дұрыс шешу көрсеткіштері төмендейтінін және бұл төмендеу негізінен алгоритмнің тиімділігі, шеттік жағдайларды өңдеу және шешімді түсіндіру сияқты жоғары деңгейлі көрсеткіштермен байланысты екенін көрсетті. Ұсынылған бағалау моделі студенттердің программалау есептерін шешу қабілетін кешенді түрде талдауға және дәстүрлі бағалау тәсілдерімен салыстырғанда олардың оқу жетістіктерін тереңірек бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері программалауды оқыту үдерісінде бағалаудың педагогикалық негізделген жаңа тәсілдерін дамытуға үлес қосады.

Түйін сөздер: программалау, есепті шешу көрсеткіші, бағалау, алгоритмдік ойлау, есептің қиындық деңгейі, Блум таксономиясы.

А.Е. Сағымбаева[1], А.Б. Жамкеева[1], А.Е. Жаксылыков[2], А.Е. Қожан[1]
[1] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
[2] Университет Торайгырова, г. Павлодар, Казахстан

МОДЕЛЬ ОЦЕНКИ ПОКАЗАТЕЛЕЙ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ ПО ПРОГРАММИРОВАНИЮ СТУДЕНТАМИ

Аннотация

В современных условиях обучения программированию в высших учебных заведениях актуальной является задача оценки не только конечного результата, но и когнитивных и алгоритмических действий студентов, проявляющихся в процессе решения задач. Целью данного исследования является разработка педагогически обоснованной модели оценки показателей решения задач по программированию студентами. Задачами исследования являются определение ключевых показателей решения задач по программированию, их связь с критериями оценивания и экспериментальная проверка эффективности предложенной модели. Методология исследования основана на педагогическом эксперименте и методах количественного анализа. В эксперименте приняли участие 94 студента, изучающие программирование на языке Python. Студентам были предложены задания, дифференцированные по уровню сложности (низкий, средний и высокий). Решения оценивались по семи педагогическим показателям: понимание условия задачи, алгоритмическое мышление,

корректность, эффективность, качество кода, обработка граничных случаев и способность объяснять решение. При оценивании также учитывался коэффициент сложности задания. Результаты исследования показали, что с увеличением сложности задач снижается показатель их корректного решения, при этом наибольшие трудности у студентов возникают на этапах построения эффективных алгоритмов, обработки граничных случаев и объяснения полученных решений. Предложенная модель оценки позволяет комплексно анализировать процесс решения задач по программированию и выявлять сильные и слабые стороны подготовки студентов. Полученные результаты вносят вклад в развитие педагогически обоснованных подходов к оцениванию результатов обучения программированию и могут быть использованы в практике высшего образования.

Ключевые слова: программирование, показатель решения задачи, оценивание, алгоритмическое мышление, уровень сложности задачи, таксономия Блума.

A.Sagymbaeva[1], A.Zhamkeeva[1], A.Zhaksylykov[2], A.Kozhan[1]
[1] Kazakh National Pedagogical University named after Abai , Almaty, Kazakhstan
[2] Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

ASSESSMENT OF STUDENTS' ABILITY TO SOLVE PROGRAMMING PROBLEMS BASED ON GENAI TECHNOLOGY

Abstract

In contemporary higher education, assessing students' programming performance requires going beyond evaluating final results to considering the cognitive and algorithmic processes involved in problem solving. The aim of this study is to develop a pedagogically grounded assessment model for evaluating students' programming problem-solving performance using measurable indicators. The objectives of the study include identifying key problem-solving indicators in programming, linking them to assessment criteria, and experimentally validating the effectiveness of the proposed model. The research methodology is based on a pedagogical experiment and quantitative data analysis. The experiment involved 94 undergraduate students studying Python programming. Students were assigned programming tasks differentiated by difficulty level (easy, medium, and hard), and their solutions were evaluated using seven pedagogical indicators: problem understanding, algorithmic thinking, correctness, efficiency, code quality, handling of edge cases, and explanation ability. In addition, a difficulty coefficient was introduced to account for task complexity in the final assessment. The results indicate that as task difficulty increases, students' correct solution rates decrease, particularly in higher-level tasks requiring efficient algorithm design, edge-case handling, and solution explanation. The findings demonstrate that the proposed assessment model enables a comprehensive evaluation of students' programming problem-solving performance by capturing both process-oriented and outcome-based aspects. Compared to traditional assessment approaches, the model provides deeper insight into students' strengths and weaknesses and supports more balanced and fair evaluation. The study contributes to the development of pedagogically informed assessment practices in programming education and offers a foundation for further research on adaptive and process-based evaluation models.

Keywords: programming, problem-solving performance evaluation, algorithmic thinking, task difficulty level, Bloom's taxonomy.

Кіріспе

Негізгі ережелер. Зерттеуде студенттердің программалау есептерін шешу нәтижесін ғана емес, есепті шешу үдерісінде көрінетін педагогикалық көрсеткіштерді кешенді бағалауға мүмкіндік беретін бағалау моделі ұсынылды. Модель есепті түсіну, алгоритмдік ойлау, дұрыстық, тиімділік, код сапасы, шеттік жағдайларды өңдеу және шешімді түсіндіру қабілеті сияқты көрсеткіштерге негізделеді және есептің қиындық деңгейін ескереді. Эксперимент нәтижелері есептің қиындығы артқан сайын студенттердің шешу көрсеткіштері төмендейтінін көрсетті. Ұсынылған модель дәстүрлі бағалау тәсілдерімен салыстырғанда студенттердің программалау есептерін шешу қабілетін тереңірек және әділ бағалауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні ЖОО-да программалауды оқыту барысында студенттердің тек программа құру дағдыларын ғана емес, олардың логикалық ойлауын, талдау қабілетін және күрделі есептерді жүйелі түрде шешу дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Жалпы программалау курстары бойынша есептерді шешу үдерісі студенттердің берілген

есептің шартын түсінуден бастап, алгоритм құруы, есепті шешудің тиімді әдісін таңдауы және шығарған есебінің нәтижесін түсіндіре алуы сияқты бірқатар танымдық әрекеттерді қамтуы қажет. Бұл танымдық әрекеттер студенттердің ойлау деңгейін көрсете отырып Блум таксономиясында сипатталған деңгейлерге сәйкес болуы шарт [1]. Программалау есептерін шешу барысында студент есептің шартын талдайды, оны бөліктерге бөліп жіктейді, есептің маңызды элементтерін бөліп анықтап, алгоритм құрады. Студенттердің осындай әрекеттері Computational Thinking тұжырымдамасында сипатталған декомпозиция, абстракция және алгоритмді құру әрекеттермен тікелей байланысты болады [2].

Халықаралық тәжірибеде программалау есептерін бағалау тек дұрыс нәтижені тексерумен шектелмей, шешімнің тиімділігін, кодтың сапасын, шеттік жағдайларды өңдеуін және алынған шешімді түсіндіру қабілетін ескеруді талап етеді. Мұндай бағалау критерийлері ACM және IEEE ұсынған білім беру стандарттарында нақты көрсетілген. Аталған ұсынымдар программалау тапсырмаларын бағалауда студенттің тек дұрыс нәтиже алуын ғана емес, алгоритмдік шешімнің тиімділігін, кодтың құрылымдық сапасын, ерекше жағдайларды өңдеуін және шешімді түсіндіру қабілетін ескеру қажеттігін айқындайды [3].

Дегенмен, оқытушылар көп жағдайларда студенттердің жазған программаларының соңғы нәтижесінің дұрыстығын тексеріп, бағалаумен ғана шектеліп жатады. Дәстүрлі бағалау тәсілдері көбінесе соңғы нәтижеге сүйенетіндіктен, студенттің есепті қалай шешкенін толық ашып бере алмайды. Программалауда тек соңғы нәтижені бағалау студенттің есепті шешу барысындағы логикалық ойлауын, алгоритмдік әрекетін, сонымен қатар, олардың шешім қабылдау үдерісін толығымен ашып көрсете алмайды.

Сонымен, студенттердің программалаудан шығарған есептерін бағалауда тек соңғы алған нәтижесін ғана бағаламай, есепті шешу барысында көрінетін олардың ойлау әрекеттерін, алгоритмдік шешім қабылдау және шешімді түсіндіру қабілетін есепке ала отырып бағалау қажеттілігі туындайды. Бұл студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткіштерін педагогикалық тұрғыдан жүйелей отырып, оларды сандық өлшемдер арқылы бағалайтын және есептің қиындық деңгейін ескеретіндей бағалау моделін жасауды талап етеді.

Бүгінгі күні GenAI технологиялары студенттердің программалау іс-әрекеттерін талдауды автоматтандыруға мүмкіндік береді және зерттеу барысында GenAI технологиялары көрсеткіштерді сандық анықтауға көмекші құрал ретінде қолданылады.

Зерттеудің мақсаты - студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткішін бағалау моделі ұсынып, оның тиімділігін эксперименттік тұрғыда негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

- студенттердің программалаудан есепті шешу көрсеткіштерін теориялық тұрғыдан негіздей отырып, жүйелеу;
- студенттердің программалаудан есепті шешу көрсеткіштерін сандық өлшемдер және есептің қиындық деңгейлерін ескеретін бағалау моделін жасау;
- жасалған модельдің тиімділігін дәстүрлі бағалау нәтижелерімен салыстыра отырып дәлелдеу.

Әдебиеттерге шолу

Программалаудан студенттердің есептерді шығаруын бағалауда олардың танымдық іс-әрекеттерін ескеру қажеттілігі Thompson және т.б., Fuller зерттеулерінде қарастырылған. Авторлар Блум таксономиясының деңгейлерін программалаудан емтиханда берілетін есептерге бейімдеп, программалаудан бірізді қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері программалаудан шығарылған есептерді бағалау студенттің тек дұрыс жауап беруін ғана емес, есептің шартын түсіну (Understand), алгоритмді қолдану (Apply), шешімді талдау (Analyze), оны бағалау (Evaluate) және тиімді шешім құрастыру (Create) сияқты танымдық әрекеттерді ескеруді талап ететінін дәлелдейді [4, 5]. Мысалы, есептің шартын түсіну есептің кіріс және шығыс деректерін дұрыс анықтаудан көрінсе, алгоритмді қолдану есепті шешудің қадамдық жоспарын құрумен сипатталады. Шешімді талдау мен бағалау

программаның дұрыстығын тексеру және қателерді анықтау әрекеттерінде байқалады, ал тиімді шешім құрастыру студенттің уақыт пен ресурсты үнемдейтін оңтайлы алгоритм таңдауынан көрінеді.

Computational Thinking тұжырымдамасында программалау есептерін шешу үдерісі есепті бөліктерге жіктеу (decomposition), маңызды элементтерін айқындау (abstraction), ұқсастықтарды анықтау (pattern recognition) және алгоритмдік шешім құру (algorithm design) сияқты қадамдары сипатталады [2]. Бұл қадамдар программалау тапсырмасын орындау барысында студенттің есепті шешу тәсілін сипаттайды. Демек, программалау есебін шешу тек код жазу емес, жүйелі талдауды, логикалық құрылымдауды және алгоритм құру сияқты әрекеттерді қамтитын күрделі үдеріс болып табылады.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде программалаудан студенттердің білімін бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде есепті шешу көрсеткіші кеңінен қарастырылады. Бұл көрсеткіш студенттің тек программалау тілінің синтаксисін меңгеруін ғана емес, есепті талдау, шешу жолын жоспарлау, жүзеге асыру және нәтижені тексеру сияқты танымдық қабілеттерін кешенді түрде сипаттайды.

Зерттеулерде программалау есептерін шешу үдерісі есептің шартын түсіну, шешімді жоспарлау, орындау және тексеру кезеңдерінен тұратыны көрсетіліп, бұл әрекеттер оқу жетістігімен тікелей байланысты екені дәлелденеді (Oka & Ohnishi) [6]. Сонымен қатар, есепті шешу қабілеті алгоритмдік ойлау, логикалық жоспарлау және шешімді тексеру әрекеттерінің жиынтығы ретінде сипатталып, студенттердің жалпы программалау жетістігін болжауда сенімді индикатор екені айқындалады (Kožuh et al.) [7].

Есепті шешу дағдыларын құрылымдық компоненттер мен нақты өлшенетін индикаторлар жүйесі ретінде қарастыруға болатыны да зерттеулерде көрсетіледі (Lertyosbordin et al.). Бұл жұмыстар problem solving үдерісін педагогикалық бағалауға жарамды индикаторлар жүйесі ретінде қарастыруға негіз болады [8].

Соңғы зерттеулерде GenAI құралдарын қолдану жағдайында да есепті шешу үдерісі талданады. Студенттердің кодты қабылдау, өзгерту және қайта жазу әрекеттері есепті шешу индикаторлары ретінде қарастырылатыны көрсетілсе (Tan et al.) [9], басқа зерттеулерде өнімділік артқанымен, логикалық түсіну әрдайым жоғары бола бермейтіні айтылады (Shihab et al.) [10]. Бұл нәтижелер есепті шешу көрсеткішін бағалауда тек нәтиже мен уақыт емес, логикалық түсіну деңгейін де ескеру қажеттігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, программалау тапсырмаларын бағалау критерийлері халықаралық білім беру стандарттарында нақты көрініс тапқан. ACM және IEEE ұсынымдарында программалау тапсырмаларын бағалау тек нәтиженің дұрыстығымен шектелмей, алгоритмнің тиімділігі, кодтың құрылымдық сапасы, ерекше жағдайларды өңдеу қабілеті және шешімді түсіндіру сияқты аспектілерді қамтуы тиіс екендігі атап көрсетіледі.

Қазақстандық зерттеулерде программалаудан студенттердің білімін бағалау критерийлері мен дескрипторларын жүйелеу мәселесі де қарастырылады. Сағымбаева және т.б. (2025) еңбегінде программалау тапсырмаларын бағалауда есептің соңғы нәтижесімен қатар алгоритмдік шешімнің құрылымы, орындалу логикасы және шешімді түсіндіру сияқты сапалық аспектілерді ескеретін критерийлер мен дескрипторлар ұсынылады [11].

Жоғарыда қарастырылған теориялық және эмпирикалық зерттеулер программалау есебін шешу студенттің танымдық және алгоритмдік әрекеттерінің жиынтығы екенін көрсетеді. Блум таксономиясы бұл әрекеттердің когнитивтік сипатын айқындаса, Computational Thinking тұжырымдамасы олардың есепті шешу барысында қалай жүзеге асатынын сипаттайды. Сонымен қатар, problem solving бағытындағы зерттеулер бұл әрекеттерді өлшенетін көрсеткіштер ретінде қарастыруға болатынын дәлелдейді. Осы тұжырымдарды негізге ала отырып, студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткіштерінің жүйесін былай анықтауға болады: есепті түсіну (U), алгоритмдік ойлау (Alg), дұрыстық (C), тиімділік (Ef), код сапасы (Q), шеттік жағдайларды (Ed) және шешімді түсіндіру қабілеті (Ex) (1-кесте).

Кесте 1. Есепті шешу көрсеткіштерін бағалау критерийлері

Көрсеткіштер	*Сипаттамасы*
Есепті түсіну (U)	*Шартты дұрыс талдау*
Алгоритмдік ойлау (Alg),	*Шешу әдісін дұрыс таңдау*
Дұрыстық (C)	*Есеп дұрыс шешілуі*
Тиімділік (Ef)	*Уақыт/жадты үнемді қолдану*
Код сапасы (Q)	*Кодтың оқылымдылығы, құрылымы*
Шеттік жағдайлар (Ed)	*Шеттік/ерекше жағдайларда да дұрыс жұмыс істеуі*
Түсіндіру қабілеті (Ex)	*Өз шешімін дәлелдей алу*

Сонымен, студенттердің программалаудан есепті шешу көрсеткіштерін дұрыс, тиімді және саналы түрде орындау деңгейін сипаттайтын өлшенетін критерийлер жиынтығы деп түсінеміз.

Зерттеу әдіснамасы

Экспериментке Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Информатика» оқу бағдарламасының студенттері, барлығы 94 студент қатысты. Студенттерге «Python программалау тілінен» қиындық деңгейі бойынша сараланған программалау тапсырмасы жеңіл (D1), орта (D2) және қиын (D3) берілді. Тапсырмалар бірдей уақыт аралығында, бірдей техникалық ортада орындалды. Эксперимент барысында әр студенттің есепті шешу әрекетін сипаттайтын келесі деректер: тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт, қате саны, түзету әрекеттері, соңғы код нұсқасы, кодтың құрылымдық сапасы, шеттік жағдайларды өңдеуі және шешімді түсіндіруі тіркеліп отырды. Жиналған ақпараттар негізінде студенттердің есептерді шешу көрсеткіштері сандық өлшемдерге түрлендіріліп, ұсынылған студенттердің есепті шығару көрсеткіштерінің моделі бойынша қорытынды балл есептелді. Оқытушының рубрика негізіндегі дәстүрлі бағасы модельдің нәтижелерімен салыстырылды. Жоғарыда қарастырылған теориялық және эмпирикалық зерттеулерді негізге ала отырып, студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткішін бағалау моделі жасалды. Бұл модель студенттің тек соңғы нәтижесін емес, есепті шешу үдерісіндегі танымдық және алгоритмдік әрекеттерін сандық көрсеткіштер арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Студенттердің программалаудан есепті шешу көрсеткіштерді педагогикалық бағалау құралы ретінде қолдану үшін оларды біртұтас бағалау моделіне біріктіру қажеттілігі туындады. Осы зерттеуде студенттердің программалау есептерін шешу барысында көрінетін көрсеткіштер сандық өлшемдерге түрлендіріліп, бағалау моделіне енгізілді (1-сурет). Бағалау моделі студенттің есепті орындау барысында көрінетін жеті педагогикалық көрсеткішке негізделеді: есепті түсіну (U), алгоритмдік ойлау (Alg), дұрыстық (C), тиімділік (Ef), код сапасы (Q), шеттік жағдайларды өңдеу (Ed) және шешімді түсіндіру қабілеті (Ex). 2-кестеде берілген әр көрсеткіштің дескрипторлары және арнайы бағалау критерийлері арқылы 0–10 аралығында бағаланады.

Кесте 2. Студенттердің есептерді шешу көрсеткіштері бойынша дескрипторлар

Көрсеткіштер	*Дескрипторлар*
Есепті түсіну (U)	*Есеп шартын толық және дұрыс түсіну; Кіріс және шығыс деректерін дұрыс анықтау; Шектеулер мен талаптарды ескеру; Негізгі мәселені нақты айқындау*
Алгоритмдік ойлау (Alg)	*Шешу әдісін дұрыс таңдау; Логикалық реттілікті сақтау; Қадамдардың жүйелілігі мен толықтығы; Тиімді стратегия қолдану*
Дұрыстық (C)	*Дұрыс нәтиже шығару; Есептеулердің дәлдігі; Барлық жағдайларда дұрыс жұмыс істеу*

Тиімділік (Ef)	*Уақыттық күрделіліктің тиімділігі; Жадыны тиімді пайдалану; Артық операциялардың болмауы*
Код сапасы (Q)	*Кодтың оқылымдылығы; Айнымалылардың мағыналы аталуы; Құрылымының реттелгендігі; Түсініктемелердің орынды қолданылуы*
Шеттік жағдайларды өңдеу (Ed)	*Шеттік мәндерді ескеру; Ерекше жағдайларда тұрақты жұмыс істеу; Қате енгізулерді өңдеу*
Шешімді түсіндіру қабілеті (Ex)	*Шешімді нақты және жүйелі түсіндіру; Қадамдарды негіздей алу; Терминдерді дұрыс қолдану; Сұрақтарға дәл жауап беру*



Сурет 1. Программалау есептерін шешу көрсеткіштерін бағалау моделі

Сонымен қатар, бағалау барысында есептің қиындық деңгейі ескеріліп, жеңіл (D1), орта (D2) және күрделі (D3) тапсырмалар үшін қиындық коэффициенті енгізілді. Бұл коэффициент студенттің күрделі есептерді шешу қабілетін бағалауда маңызды рөл атқарады.

Көрсеткіштер бойынша алынған баллдар салмақтық коэффициенттер арқылы біріктіріліп, студенттің программалау есебін шешу көрсеткішінің қорытынды бағасы келесі формула бойынша есептеледі (1):

$$Score=D\times(W_1U+W_2Alg+W_3C+W_4Ef+W_5Q+W_6Ed+W_7Ex) \quad (1)$$

мұндағы, U,Alg,C,Ef,Q,Ed,Ex – көрсеткіш балдары; $W_1 \ldots W_7$ – көрсеткіштердің үлесі

Осылайша, ұсынылған модель студенттің тек соңғы нәтижесін емес, есепті шешу үдерісіндегі әрекеттерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Студенттердің есепті шығару көрсеткіштерінің моделінің тиімділігі дәстүрлі бағалаумен сәйкестігі, есептің қиындық деңгейлері бойынша тұрақтылығы және көрсеткіштердің бағалауға әсері тұрғысынан талданды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеуге Python программалау тілі бойынша білім алатын 94 студент қатысты. Эксперимент барысында барлық студенттерге бірдей 6 программалау есебі ұсынылды. Есептер қиындық деңгейіне қарай үш топқа бөлінді: бастапқы деңгей (D1) (2 есеп), орташа деңгей (D2) (2 есеп) және күрделі деңгей (D3) (2 есеп). Студенттердің шешімдері алдын ала дайындалған эталон алгоритмдер негізінде логикалық тұрғыда тексерілді. (3-кесте).

Кесте 3. Деңгейлік есептердің орындалу нәтижелері

Деңгей	*Есеп саны*	*Дұрыс шешілген есептер саны*	*Дұрыс шешу көрсеткіші (%)*
1-деңгей (D1)	*2*	*186 / 188*	*98,94*
2-деңгей (D2)	*2*	*186 / 188*	*98,94*
3-деңгей (D3)	*2*	*108 / 188*	*57,45*
Барлығы	*6*	*480 / 564*	*85,11*

Зерттеу аясында берілген есептердің жалпы саны N=94×6=564. Логикалық тексеру нәтижесінде дұрыс шешілген есептер саны D=480. Осыған сәйкес, есептердің жалпы дұрыс шешілу көрсеткіші K=85,11% болды.

2-суретте есептердің қиындық деңгейіне байланысты студенттердің дұрыс шешу көрсеткіштерінің өзгерісі көрсетілген. Диаграмма нәтижелері бірінші және екінші деңгейдегі есептер бойынша дұрыс шешілу көрсеткіштерінің жоғары екенін, ал үшінші деңгейдегі есептерде бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендейтінін көрсетеді. Бұл айырмашылық есептің күрделілігі артқан сайын студенттердің алгоритмдік ойлау және тиімді шешім құру дағдыларына қойылатын талаптың күшейетінін дәлелдейді. Сонымен қатар, үшінші деңгейдегі есептерде шеттік жағдайларды өңдеу және оңтайлы алгоритм таңдау сияқты әрекеттерде қиындықтар туындайтыны байқалады. Алынған нәтижелер есептің қиындық деңгейін бағалау барысында ескерудің маңыздылығын көрсетеді.



Сурет 2. Программалау есептерінің қиындық деңгейі бойынша дұрыс шешілу көрсеткіштері

Бұл нәтиже студенттердің Python программалау тілінде есептерді шешу дағдыларының жалпы деңгейі жеткілікті қалыптасқанын көрсетеді.

Деңгейлер бойынша нәтижелер

Әр есеп бойынша жүргізілген талдау нәтижелері есептің қиындық деңгейі артқан сайын дұрыс шешілу көрсеткішінің төмендейтінін көрсетті (4-кесте).

Кесте 4. Жеке есептер бойынша дұрыс шешілу нәтижелері

№	*Берілген есептердің шарттары*	*Деңгей*	*Дұрыс орындаған студенттер саны*	*%*
1	*Екі бүтін сан a және b берілген, мұнда b≠0. a санының b санына қалдықсыз бөлінетінін тексеріңіз.*	*D1*	*92*	*97,87*
2	*Координаталық жазықтықта* $A(x_1; y_1)$ *және* $B(x_2; y_2)$ *нүктелері берілген. Осы нүктелер арасындағы қашықтық шеңбердің*	*D1*	*94*	*100*

	радиусы десек, радиус арқылы анықталатын шеңбердің ауданын табыңыз.			
3	*n натурал саны берілген (n>1). Берілген санның жай сан немесе құрама сан екенін анықтау қажет.*	*D2*	*93*	*98,94*
4	*Екі бүтін сан a және b берілген. Осы сандардың ең үлкен ортақ бөлгішін анықтаңыз.*	*D2*	*93*	*98,94*
5	*n элементтен тұратын A массиві, l және r индекстері берілген (1≤l≤r≤n). (l,r) аралығындағы қосындыны табыңыз.*	*D3*	*58*	*61,70*
6	*n натурал саны берілген. 1-ден n-ге дейінгі барлық натурал сандардың қосындысын табыңыз.*	*D3*	*50*	*53,19*

Кестеде көрсетілген нәтижелер есептердің қиындық деңгейіне байланысты студенттердің дұрыс шешу көрсеткіштерінің өзгеретінін көрсетеді. Бірінші және екінші деңгейдегі есептерде дұрыс шешілу көрсеткіштері жоғары болғанымен, үшінші деңгейдегі есептерде бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендегені байқалады. Бұл айырмашылық әсіресе алгоритмдік тиімділікті және есепті шешудің оңтайлы тәсілдерін талап ететін тапсырмаларда анық көрінеді.

Аталған нәтижелер студенттердің есептің шартын түсіну мен дұрыс нәтиже алуға бағытталған әрекеттері жеткілікті деңгейде қалыптасқанын, алайда күрделі есептерде алгоритмдік ойлау, тиімділік және шеттік жағдайларды өңдеу сияқты жоғары деңгейлі көрсеткіштерде қиындықтар туындайтынын көрсетеді.

Алайда алынған нәтижелерді тек дұрыс немесе бұрыс шешім көрсеткіші арқылы талдау студенттердің есепті шешу үдерісіндегі нақты қиындықтарын толық ашып көрсете алмайды. Мысалы, кейбір студенттер есептің шартын дұрыс түсініп, жұмыс істейтін шешім ұсынғанымен, алгоритмнің тиімділігі, кодтың құрылымдық сапасы немесе шеттік жағдайларды өңдеу сияқты аспектілерде кемшіліктерге жол берген. Осыған байланысты келесі кезеңде есептердің орындалу нәтижелері есепті шешу көрсеткіштерімен байланыстыра отырып талданды. Бұл талдау нәтижесінде байқалған қиындықтар мен жетістіктер 5-кестеде ұсынылған есепті шешу көрсеткіштері тұрғысынан жүйеленді.

Кесте 5. Есепті шешу көрсеткіштеріне байланысты интерпретация

Байқалған нәтиже	*Есепті шығару көрсеткішіне байланысты*
D1, D2-де жоғары нәтиже	*U, C*
D3-де нәтиженің төмендеуі	*Alg, Ef*
Тиімді әдіс талап ететін есептерде қиындық	*Ef*
Күрделі есептерде қате көп	*Ed*
Шешімді түсіндіруде айырмашылық бар	*Ex*

5-кестеде келтірілген интерпретация нәтижелері деңгейлік есептер бойынша алынған көрсеткіштердің есепті шешу үдерісіндегі нақты қиындықтармен байланысты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, бірінші және екінші деңгейдегі есептерде жоғары нәтижелер есепті түсіну (U) мен дұрыстық (C) көрсеткіштерінің жақсы қалыптасқанын айқындаса, үшінші деңгейдегі есептерде нәтижелердің төмендеуі алгоритмдік ойлау (Alg), тиімділік (Ef) және шеттік жағдайларды өңдеу (Ed) көрсеткіштерімен тығыз байланысты екені байқалады. Бұл

студенттердің қарапайым есептерді дұрыс орындағанымен, күрделі және оңтайлы шешімді талап ететін тапсырмаларда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Ұсынылған бағалау моделінің қолданылуын көрсету мақсатында студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткіштері бойынша алынған эмпирикалық деректер негізінде қорытынды бағалар есептелді. Әр студенттің есепті орындау нәтижелері есепті түсіну (U), алгоритмдік ойлау (Alg), дұрыстық (C), тиімділік (Ef), код сапасы (Q), шеттік жағдайларды өңдеу (Ed) және шешімді түсіндіру қабілеті (Ex) көрсеткіштері бойынша 0–10 аралығында бағаланды. Әр көрсеткіш үшін 94 студенттің баллдары бойынша орташа мәндер есептелді. Алынған орташа мәндер бағалау моделінің формуласына енгізіліп, студенттердің программалау есебін шешу көрсеткішінің қорытынды бағасы анықталды. Қиындық деңгейіне байланысты бағалау барысында есептердің қиындық коэффициенті ескерілді: бірінші деңгей үшін D1 = 1.0, екінші деңгей үшін D2 = 1.2 және үшінші деңгей үшін D3 = 1.5 деп қабылданды.

Осылайша, қорытынды бағалар студенттердің жеке есепті орындау нәтижелеріне ғана емес, есептің қиындық деңгейіне және есепті шешу барысында көрінетін педагогикалық көрсеткіштердің жиынтығына негізделіп есептелді. Бұл тәсіл студенттердің программалау есептерін шешу қабілетін кешенді түрде бағалауға және әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау нәтижелерін өзара салыстыруға мүмкіндік береді.

Дискуссия

Бұл зерттеуде алынған нәтижелер студенттердің программалау есептерін шешу қабілеті есептің қиындық деңгейіне және есепті шешу барысында орындалатын әрекеттердің сипатына тікелей байланысты екенін көрсетті. Деңгейлік тапсырмалар бойынша жүргізілген талдау бірінші және екінші деңгейдегі есептерде дұрыс шешілу көрсеткіштерінің жоғары екенін, ал үшінші деңгейдегі есептерде бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендейтінін анықтады. Бұл жағдай программалауда қарапайым синтаксистік және тікелей алгоритмдерді қолдану жеткіліксіз болып, күрделі есептерде алгоритмдік ойлау мен тиімді шешім құрудың маңызы артатынын көрсетеді. Нәтижелерді есепті шешу көрсеткіштері тұрғысынан талдау студенттердің есептің шартын түсіну (U) мен дұрыс нәтиже алуға (C) бағытталған әрекеттері жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Алайда алгоритмнің тиімділігі (Ef), шеттік жағдайларды өңдеу (Ed) және шешімді түсіндіру қабілеті (Ex) көрсеткіштері бойынша нәтижелердің төмен болуы студенттердің есепті терең талдау және оңтайлы шешім құру кезеңдерінде қиындықтарға тап болатынын айқындайды. Бұл байқаулар алдыңғы зерттеулерде көрсетілген программалауды оқытудағы негізгі мәселелермен сәйкес келеді және есепті шешу үдерісін кешенді бағалаудың маңыздылығын растайды. Ұсынылған бағалау моделінің артықшылығы - студенттің программалау есебін шешу нәтижесін ғана емес, есепті шешу барысында көрінетін әрекеттерін сандық түрде сипаттауға мүмкіндік беруінде. Дәстүрлі бағалау тәсілдерінде көбіне соңғы нәтиже немесе тесттерден өту пайызы ғана ескерілсе, бұл модель есепті түсіну, алгоритмдік ойлау, тиімділік және код сапасы сияқты бірнеше көрсеткіштерді бір уақытта бағалауға жағдай жасайды. Нәтижесінде студенттердің күшті және әлсіз тұстарын нақты анықтауға мүмкіндік туады.

Сонымен қатар, есептің қиындық коэффициентін енгізу қиындығы жоғары тапсырмаларды орындаған студенттердің еңбегін әділ бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау нәтижелерін өзара салыстыруда бағалаудың теңгерімді болуын қамтамасыз етеді. Алынған нәтижелер ұсынылған модельді программалаудан оқыту үдерісінде ағымдық және қорытынды бағалау құралы ретінде қолданудың әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.

Қорытынды

Бұл зерттеуде студенттердің программалау есептерін шешу көрсеткіштерін кешенді түрде бағалауға арналған модель ұсынылды. Ұсынылған модель есептің қиындық деңгейін ескере отырып, студенттің есепті түсінуі, алгоритмдік ойлауы, дұрыстығы, тиімділігі, код сапасы,

шеттік жағдайларды өңдеуі және шешімді түсіндіру қабілеті сияқты педагогикалық көрсеткіштерді сандық өлшемдер арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

Эксперимент нәтижелері есептің қиындық деңгейі артқан сайын студенттердің есепті дұрыс шешу көрсеткіштері төмендейтінін және бұл төмендеудің негізінен алгоритмдік тиімділік, шеттік жағдайларды өңдеу және шешімді түсіндіру сияқты жоғары деңгейлі көрсеткіштермен байланысты екенін көрсетті. Бұл жағдай программалауды оқыту барысында тек соңғы нәтиженің дұрыстығын ғана емес, есепті шешу үдерісіндегі әрекеттерді де бағалаудың маңыздылығын дәлелдейді. Ұсынылған бағалау моделі дәстүрлі бағалау тәсілдерімен салыстырғанда студенттердің программалау есептерін шешу қабілетін тереңірек талдауға және олардың күшті әрі әлсіз тұстарын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері бұл модельді жоғары оқу орындарында программалауды оқыту үдерісінде ағымдық және қорытынды бағалау құралы ретінде қолдануға болатынын көрсетеді. Алдағы зерттеулерде модельді әртүрлі программалау тілдерінде және оқу контекстерінде апробациялау, сондай-ақ бағалау үдерісін автоматтандыру мүмкіндіктерін қарастыру жоспарлануда.

Алғыс

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (грант № AP23490592).

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

[1] Bloom, B. S. (Ed.). Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals. Handbook I: Cognitive domain. *New York, NY: David McKay Company. 1956.-*

[2] Wing, J.M. Computational thinking. Communications of the ACM, 49*(3), 33–35.* *https://doi.org/10.1145/1118178.1118215*

[3] ACM/IEEE. Computer Science Curricula 2013: Curriculum Guidelines for Undergraduate Degree Programs in Computer Science. ACM Press and IEEE Computer Society. https://doi.org/10.1145/2534860

[4] Thompson, E., Luxton-Reilly, A., Whalley, J., Hu, M., & Robbins, P. Bloom's taxonomy for CS assessment. Proceedings of the 10th Australasian Computing Education Conference (ACE)*, 2008. – 155–161.*

[5] Fuller, U., Johnson, C., Ahoniemi, T., Cukierman, D., Hernán-Losada, I., Jackova, J., & Thompson, E. (2007). Developing a computer science-specific learning taxonomy. ACM SIGCSE Bulletin, 39*(4), 152–170. https://doi.org/10.1145/1345375.1345438*

[6] Oka H., Ohnishi A., Nishida T., Terada T., Tsukamoto M. A Choice-Based Programming Learning Method to Develop Problem-Solving Skills // IEEE Access*. – 2024. – Vol. 12. – P. 119550–119564. DOI: 10.1109/ACCESS.2024.3443879*

[7] Kožuh I., Krajnc R., Hadjileontiadis L. J., Debevc M. Assessment of problem-solving ability in novice programmers // PLOS ONE. – 2018. – Vol. 13, No. 9. – e0201919. DOI: 10.1371/journal.pone.0201919

[8] Lertyosbordin C., Maneewan S., Srikaew D. Components and Indicators of Problem-Solving Skills in Robot Programming Activities // International Journal of Advanced Computer Science and *Applications. – 2021. – Vol. 12, No. 9. – P. 132–140. DOI: 10.14569/IJACSA.2021.0120917*

[9] Tan X., Long X., Ni X., Zhu Y., Jiang J., Zhang L. How far are AI-powered programming assistants from meeting developers' needs? // arXiv preprint. – 2024. – arXiv:2404.12000v1. – 12 p. DOI: 10.48550/ARXIV.2404.12000

[10] Shihab M. I. H., Hundhausen C. D., Tariq A., Haque S., Qiao Y., Mulanda B. W. The effects of GitHub Copilot on computing students' programming effectiveness, efficiency, and processes in brownfield coding tasks // Proceedings of the 2025 ACM Conference on International Computing Education Research (ICER 2025). – Charlottesville, USA, 2025. – P. 407–420.

[11] Сағымбаева А.Е., Жамкеева А.Б., Жаксылыков А.Е., Кемелбек М.Н. Программалаудан студенттердің білімін бағалау критерийлері мен дескрипторларын жасау мәселелері. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. 2025; 77(2):131 140.

References

[1] Bloom B. S. (Ed.) (1956) Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals. Handbook I: Cognitive domain. – New York, NY: David McKay Company. (In English)

[2] Wing J. M. (2006) Computational thinking // Communications of the ACM. Vol. 49, No. 3. – P. 33–35. https://doi.org/10.1145/1118178.1118215 (In English)

[3] ACM/IEEE (2013) Computer Science Curricula 2013: Curriculum Guidelines for Undergraduate Degree Programs in Computer Science. – ACM Press and IEEE Computer Society. https://doi.org/10.1145/2534860 (In English)

[4] Thompson E., Luxton-Reilly A., Whalley J., Hu M., Robbins P. (2008) Bloom's taxonomy for CS assessment // Proceedings of the 10th Australasian Computing Education Conference (ACE). – P. 155–161. (In English)

[5] Fuller U., Johnson C., Ahoniemi T., Cukierman D., Hernán-Losada I., Jackova J., Thompson E. (2007) Developing a computer science-specific learning taxonomy // ACM SIGCSE Bulletin. Vol. 39, No. 4. – P. 152–170. https://doi.org/10.1145/1345375.1345438 (In English)

*[6] Oka H., Ohnishi A., Nishida T., Terada T., Tsukamoto M. (2024) A choice-based programming learning method to develop problem-solving skills // IEEE Access. Vol. 12. – P. 119550–119564. **DOI:** 10.1109/ACCESS.2024.3443879 (In English)*

[7] Kožuh I., Krajnc R., Hadjileontiadis L. J., Debevc M. (2018) Assessment of problem-solving ability in novice programmers // PLOS ONE. Vol. 13, No. 9. – e0201919. DOI: 10.1371/journal.pone.0201919 (In English)

[8] Lertyosbordin C., Maneewan S., Srikaew D. (2021) Components and indicators of problem-solving skills in robot programming activities // International Journal of Advanced Computer Science and Applications. Vol. 12, No. 9. – P. 132–140. DOI: 10.14569/IJACSA.2021.0120917 (In English)

[9] Tan X., Long X., Ni X., Zhu Y., Jiang J., Zhang L. (2024) How far are AI-powered programming assistants from meeting developers' needs? // arXiv preprint. – arXiv:2404.12000v1. – 12 p. DOI: 10.48550/ARXIV.2404.12000 (In English)

[10] Shihab M. I. H., Hundhausen C. D., Tariq A., Haque S., Qiao Y., Mulanda B. W. (2025) The effects of GitHub Copilot on computing students' programming effectiveness, efficiency, and processes in brownfield coding tasks // Proceedings of the 2025 ACM Conference on International Computing Education Research (ICER 2025). – Charlottesville, USA, 2025. – P. 407–420. (In English)

[11] Sagimbayeva A. E., Zhamkeyeva A. B., Zhaksylykov A. E., Kemelbek M. N. (2025) Programmalaudan studentterdiң bilimin baғalau kriterijleri men deskriptorlaryn zhasau məseleleri [Issues of developing assessment criteria and descriptors for evaluating students' knowledge in programming]. Bulletin of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University. No. *77(2). – P. 131–140. (In Kazakh)*

МРНТИ 14.35.07

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.93.1.028

А.М. Сугуралиева[1], А.К. Тогайбаева[1], Д.Ж. Рамазанова[1*], А.А. Сагиева[1], А.М. Абляшева[1]

[1]Актюбинский университет имени К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК МЕДИАТОРЭФФЕКТИВНОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ, ПРИНИМАЕМЫХ ПРИ ПОДДЕРЖКЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Аннотация

